Кәсіби қызметті құқықтық қамтамасыз ету және денсаулық сақтау саласындағы экономика негіздері	Сараланған сынақ	24/1	24	
Анатомия және физиология	Емтихан	72/3	54	18
Клиникалық патология	Емтихан	72/3	38	34
Инженерлік графика	Сараланған сынақ	72/3	44	28
Электротехника және электроника негіздері	Сараланған сынақ	72/3	24	48
Оптикалық жүйелердің теориясы мен есебі	Емтихан	72/3	20	52
Аралық аттестаттау		48/2	48	
4-семестр				
Кәсіби қызметтің медициналық негіздері		720/30	418	302
Қазақстан тарихы	Емтихан	72/3	72	
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	48/2	48	
Офтальмологиялық аспаптар	Емтихан	72/3	24	48
Офтальмологиялық диагностика	Емтихан	72/3	20	52
Физиологиялық оптика	Емтихан	72/3	60	12
Көруді оптикалық түзету	Емтихан	72/3	22	50
Клиникалық офтальмология	Емтихан	120/5	100	20
Аралық аттестаттау		72/3	72	
Өндірістік оқыту: "Офтальмологиялық диагностика" "Офтальмологиялық аппараттар"	Сараланған сынақ	120/5		120

5-семестр				
Оптикалық техника негіздері		720/30	174	546
Контактілі интраокулярлы линзаларды жасау технологиясы	Емтихан	120/5	42	78
Көзілдірік жасау және жөндеу технологиясы	Емтихан	120/5	42	78
Көзілдірік және көруді күрделі түзету құралдарын жасау технологиясы	Емтихан	144/6	42	102
Аралық аттестаттау		48/2	48	
Өндірістік практика : "Байланысты (контактілі) интраокулярлы линзаларды өндіру технологиясы" "Көзілдірік жасау және жөндеу технологиясы" "Көзілдірік және көруді күрделі түзету құралдарын жасау технологиясы "	Сараланған сынақ	288/12		288
6-семестр				
Линзалар мен оправаларды жасау технологиясы		720/30	260	460
Линзалар мен оправаларды дайындау технологиясы	Емтихан	168/7	72	96
Линзалар мен оправаларды жасаудың заманауи технологиялары	Емтихан	96/4	48	48
Көзілдіріктер көруді күрделі түзету құралдарын жасаудың заманауи технологиялары	Емтихан	96/4	20	76
Таңдау компоненті		48/2	48	
Дипломалды практика	Сараланған сынақ	240/10		240
Қорытынды аттестаттау		72/3	72	

Жалпы білім беретін пәндерді қоспағанда	2880/120	1392	1488
Жалпы білім беретін пәндермен барлығы	4320/180	2832	1488
Факультативтер (аптасына 4 сағаттан аспайды)			
Консультациялар (жылына 100 сағаттан аспайды)			

Медициналық және
фармацевтикалық
мамандықтар бойынша
техникалық және кәсіптік
білімнің білім берудің
үлгілік оқу бағдарламасына
12- қосымша

09140200 – "Медициналық оптика" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы Біліктілігі: 4S09140202 – "Оптикометрист" Оқыту түрі: күндізгі

Циклдар мен пәндердің атауы	Бақылау нысаны	Барлығы(сағат/кредиттер)	Оқу уақытының көлемі(сағат)оның ішінде:	
			Теориялық оқыту	Практикалық оқыту
			Аудиториялық сабақтар	Оқу практикасы (Симуляциялар)
1-семестр				
Жалпы білім беретін оқыту - 1		720/30	720	
Математика	Емтихан	120/5	120	
Қазақ (орыс) тілі	Емтихан	96/4	96	
Қазақстан тарихы	Емтихан	96/4	96	
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	72/3	72	
Химия	Емтихан	144/6	144	
Физика	Сараланған сынақ	72/3	72	
География	Сынақ	48/2	48	
Графика және жобалау	Сараланған сынақ	72/3	72	
2-семестр				
Жалпы білім беретін оқыту - 2		720/30	720	
Информатика	Сараланған сынақ	96/4	96	
Қазақ (Орыс) әдебиеті	Емтихан	96/4	96	
Шет тілі	Сараланған сынақ	120/5	120	
Биология	Емтихан	144/6	144	
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	48/2	48	
Орыс тілі мен әдебиеті (Қазақ тілі мен әдебиеті)	Емтихан	120/5	120	
Алғашқы әскери ж ә н е				

технологиялық дайындық	Сараланған сынақ	96/4	96	
3-семестр				
Жалпы кәсіптік оқыту		720/30	492	228
Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Емтихан	72/3	72	
Кәсіби шет тілі	Емтихан	72/3	72	
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	48/2	48	
Әлеуметтану және саясаттану	Сараланған сынақ	96/4	96	
Ұйым экономикасы	Сараланған сынақ	24/1	24	
Кәсіби қызметті құқықтық қамтамасыз ету	Сараланған сынақ	24/1	24	
Анатомия, физиология және патология	Емтихан	216/ 9	46	170
Латын тілі	Сараланған сынақ	48/2	20	28
Жалпы гигиена	Сараланған сынақ	48/2	18	30
Аралық аттестаттау		72/3	72	
4-семестр				
Жалпы кәсіптік оқыту 2		720/30	364	356
Қазақстан тарихы	Емтихан	72/3	72	
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	48/2	48	
Философия және мәдениеттану негіздері	Сараланған сынақ	24/1	24	
Оптикалық салон маркетингі	Сараланған сынақ	48/2	24	24
Психология негіздері және коммуникативтік дағдылар	Сараланған сынақ	48/2	22	26
Инженерлік графика	Сараланған сынақ	24/1	12	12
Ақпараттық технологиялар	Сараланған сынақ	48/2	12	36
Офтальмологиядағы фармакотерапия	Емтихан	72/3	26	46
Физиологиялық оптика	Емтихан	96/4	24	72
Мейіргер ісі негіздерімен клиникаға кіріспе	Сараланған сынақ	72/3	28	44
Аралық аттестаттау		72/3	72	
Өндірістік практика	Сараланған сынақ	96/4		96

5-семестр				
Кәсіптік модульдер 1		720/30	370	350
Оптикалық жүйелердің теориясы мен есебі	Емтихан	72/3	42	30
Көзілдірік жасау және жөндеу технологисы	Сараланған сынақ	120/5	56	64
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	48/2	48	
Геометриялық оптика	Емтихан	48/2	32	16
Линзалар мен оправаларды дайындау технологиясы	Емтихан	120/5	62	58
Контактілі және интраокулярлық линзаларды жасау технологиясы	Емтихан	120/5	58	62
Аралық аттестаттау		72/3	72	
Өндірістік практика	Сараланған сынақ	120/5		120
6-семестр				
Кәсіби модульдер 2 Көруді түзету құралдары		720/30	344	376
Клиникалық офтальмология	Емтихан	144/6	84	60
Дене тәрбиесі	Емтихан	48/2	48	
Офтальмологиялық диагностика	Емтихан	144/6	58	86
Офтальмологиялық аспаптар	Емтихан	120/5	58	62
Таңдау компоненті		24/1	24	
Аралық аттестаттау		72/3	72	
Өндірістік практика :	Сараланған сынақ	168/7		168
7-семестр				
Кәсіптік модульдер 3		720/30	264	456
Түзету құралдарын таңдау және іске асыру кезіндегі коммуникациялық-маркетингтік қызмет	Емтихан	240/10	114	126
Дене тәрбиесі	Емтихан	48/2	48	
Көруді оптикалық түзету принциптері	Емтихан	192/8	54	138
Аралық аттестаттау		48/2	48	

Өндірістік парактика:		192/8		192
8-семестр				
Кәсіптік модульдер 4		720/30	278	442
Көзілдіріктер мен көруді күрделі түзету құралдарын жасаудың заманауи технологиялары	Емтихан	96/4	58	38
Көз аурулары және олардың диагностикасы	Сараланған сынақ	72/3	28	44
Көруді түзетудің заманауи нарығы	Сараланған сынақ	72/3	72	
Таңдау компоненті		48/2	48	
Дипломалды практика	Сараланған сынақ	360/15		360
Қорытынды аттестаттау		72/3	72	
Жалпы білім беретін пәндерді қоспағанда		4320/180	2112	2208
Жалпы білім беретін пәндермен барлығы		5760/240	3552	2208
Факультативтер (аптасына 4 сағаттан артық емес)				
Консультациялар (жылына 100 сағаттан артық емес)				

Медициналық және
фармацевтикалық
мамандықтар бойынша
техникалық және кәсіптік
білімнің білім берудің
үлгілік оқу бағдарламасына
13-қосымша

09160100– "Фармация" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы
Біліктілігі:4S09160101– "Фармацевт" Оқыту түрі: күндізгі

Циклдар мен пәндердің атауы	Бақылау нысаны	Барлығы (сағат/кредиттер)	Оқу уақытының көлемі (сағат). Оның ішінде:	
			Теориялық оқыту	Практикалық оқыту
			Аудиториялық сабақтар	Оқу практикасы (симуляция)
1-семестр				
Жалпы кәсіптік оқыту		720/30	528	192
Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Емтихан	72/3	72	
Кәсіби шет тілі	Емтихан	72/3	72	
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	48/2	48	

Философия негіздері	Сараланған сынақ	24/1	24	
Саясаттану, әлеуметтану және мәдениеттану	Сараланған сынақ	24/1	24	
Фармация тарихы	Сараланған сынақ	24/1	24	
Латын тілі	Сараланған сынақ	72/3	24	48
Медициналық генетика негіздерімен молекулалық биология	Сараланған сынақ	72/3	72	
Бейорганикалық химия	Емтихан	120/5	48	72
Органикалық химия	Емтихан	120/5	48	72
Аралық аттестаттау		72/3	72	
2-семестр				
Жаратылыстану-ғылыми пәндер циклі		720/30	372	348
Қазақстан тарихы	Емтихан	72/3	72	
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	48/2	48	
Фармациядағы экономика және құқық негіздері	Сараланған сынақ	24/1	24	
Анатомия және патология негіздерімен физиология	Емтихан	168/7	60	108
Фармациядағы эпидемиология мен жалпы гигиена негіздерімен микробиология, вирусология	Сараланған сынақ	72/3	24	48
Ботаника	Емтихан	96/4	36	60
Аналитикалық химия	Емтихан	96/4	36	60
Ботаника бойынша өндірістік практика	Сараланған сынақ	72/3		72
Аралық аттестаттау		72/3	72	
3-семестр				
Дәрілік заттарды дайындау және стандарттау		720/30	240	480
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	48/2	48	
Фармация қауіпсіздігі мен сапасы	Сараланған сынақ	48/2	48	

Фармациядағы психология негіздері және коммуникативтік дағдылар	Сараланған сынақ	120/5	36	84
Фармакогнозия	Сараланған сынақ	120/5	36	84
Фармацевтикалық химия	Сараланған сынақ	120/5	36	84
Дәрілік түрлер технологиясы	Сараланған сынақ	120/5	36	84
Өндірістік практика : "Дәрілік түрлер технологиясы"	Сараланған сынақ	144/6		144
4-семестр				
Дәрілік заттарды дайындау және сапасын бақылау		720/30	252	468
Дене тәрбиесі	Емтихан	48/2	48	
Апат медицинасы	Сараланған сынақ	24/1	12	12
Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек	Емтихан	48/2	12	36
Фармациядағы ақпараттық технологиялар	Сараланған сынақ	24/1		24
Фармакогнозия	Емтихан	120/5	36	84
Фармацевтикалық химия	Емтихан	120/5	36	84
Дәрілік түрлер технологиясы	Емтихан	120/5	36	84
Аралық аттестация		72/3	72	
Өндірістік практика : "Фармакогнозия"	Сараланған сынақ	72/3		72
Өндірістік практика : "Дәрі түрлерін фармацевтикалық талдау"	Сараланған сынақ	72/3		72
5-семестр				
Дәрітану және дәрілік заттарды босату		720/30	180	540
Фармакология	Емтихан	168/7	48	120
Фармация экономикасы және ұйымдастыру менеджмент және маркетинг негіздерімен	Емтихан	168/7	48	120
Фармацевтикалық және медициналық тауартану	Емтихан	144/6	36	108

Аралық аттестаттау		48/2	48	
Өндірістік практика: "Фармацияны ұйымдастыру және экономикасы"	Сараланған сынақ	192/8		192
6-семестр				
Дәріхана жұмысын ұйымдастыру		720 /30	156	564
Фармакология	Емтихан	144/6	36	108
Фармация экономикасы және ұйымдастыру менеджмент және маркетинг негіздерімен	Емтихан	120/5	24	96
Таңдау компоненті		24/1	24	
Дипломалды практика: "Фармацевтикалық қызмет тұтынушыларына кеңес беру және ақпараттандыру"	Сараланған сынақ	216/9		216
Дипломалды практика: "Фармация экономикасы және басқару"	Сараланған сынақ	144/6		144
Қорытынды аттестаттау (фармакология, фармакогнозия, дәрілік түрлер технологиясы, менеджмент және Фармация экономикасы және ұйымдастыру менеджмент және маркетинг негіздерімен)		72/3	72	
Барлығы		4320/180	1728	2592
Факультативтер (4 сағаттан артық емес) аптасына)				
Консультациялар (жылына 100 сағаттан артық емес)				

Медициналық және
фармацевтикалық
мамандықтар бойынша
техникалық және кәсіптік
білімнің білім берудің

09880100 – "Гигиена және эпидемиология" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы Біліктілігі: – 4S09880101 "Гигиенист - эпидемиолог" Оқыту түрі: күндізгі

Циклдар мен пәндердің атауы	Бақылау түрі	Барлығы (сағат/кредиттер)	Оқу уақытының көлемі (сағат), оның ішінде:	
			Теориялық оқыту	Практикалық оқыту
			аудиториялық сабақтар	Оқу практикасы (симуляция)
1-семестр				
"Жалпы кәсіптік оқыту"		720/30	504	216
Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Емтихан	72/3	72	
Кәсіби шет тілі	Емтихан	72/3	72	
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	48/2	48	
Философия негіздері	Сараланған сынақ	24/1	24	
Саясаттану және әлеуметтану негіздері	Сараланған сынақ	24/1	24	
Экономика негіздері	Сараланған сынақ	24/1	24	
Медбиофизика	Сараланған сынақ	24/1	24	
Медициналық биология, генетика	Емтихан	72/3	24	48
Химия	Емтихан	96/4	24	72
Психология негіздері және коммуникативтік дағдылар	Сараланған сынақ	72/3	24	48
Латын тілі	Сараланған сынақ	48/2	48	
Экология	Сараланған сынақ	48/2	48	
Таңдау компоненті		48/2		48
Аралық аттестаттау		48/2	48	
2-семестр				
Кәсіби қызметтің медициналық негіздері		720/30	410	310
Қазақстан тарихы	Емтихан	72/3	72	
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	48/2	48	
Кәсіби қызметтің құқықтық негіздері	Сараланған сынақ	48 /2	48	
Анатомия және физиология	Емтихан	120/5	50	70

Патологиялық анатомия және физиология	Сараланған сынақ	48/2	24	24
Фармакология негіздері	Сараланған сынақ	48 /2	24	24
Гистологиялық зерттеу негіздері	Сараланған сынақ	48 /2	24	24
Аналитикалық химия	Емтихан	72/3	24	48
Зертханалық зерттеулер техникасы	Емтихан	72/3	24	48
Электрондық денсаулық сақтау	Сараланған сынақ	48 /2	24	24
Таңдау компоненті		48/2		48
Аралық аттестаттау		48/2	48	
3-семестр				
Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды ұйымдастыру		720/30	252	468
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	48/2	48	
Гигиеналық тәрбие және салауатты өмір салтын насихаттау	Сараланған сынақ	48 /2	24	24
Биостатистика	Емтихан	96 /4	12	84
Денсаулықты нығайту	Емтихан	72/3	24	48
Әлеуметтік медицина және денсаулық сақтауды ұйымдастыру	Емтихан	96/4	24	72
Денсаулық сақтаудағы маркетинг және менеджмент	Сараланған сынақ	48/2	24	24
Апат медицинасы	Емтихан	72/3	24	48
Дәлелді медицина негіздері	Сараланған сынақ	24/1	24	
Таңдау компоненті		48/2		48
Аралық аттестаттау		48/2	48	
Өндірістік практика : "Медициналық статистика"	Сараланған сынақ	120/5		120
4-семестр				
Клиникалық медицина негіздері		720/30	216	504
Дене тәрбиесі	Емтихан	48/2	48	

Ішкі аурулар негіздері	Сараланған сынақ	72/3	24	48
Хирургиялық аурулар негіздері	Сараланған сынақ	48 /2	18	30
Балалар ауруларының негіздері	Сараланған сынақ	72/3	24	48
Акушерлік және гинекология негіздері	Сараланған сынақ	48/2	18	30
Дерматовенерология негіздері	Сараланған сынақ	24/1		24
Эпидемиология	Сараланған сынақ	24/1	6	18
Коммуналды гигиена санитарлық іс негіздерімен	Сараланған сынақ	24/1	6	18
Клиникалық микробиология және микробиологиялық зерттеулер техникасы	Емтихан	96/4	24	72
Аралық аттестаттау		48/2	48	
Өндірістік практика : "Коммуналды гигиена"	Сараланған сынақ	144/6		144
Өндірістік практика : "Микробиологиялық лаборатория лаборанты"	Сараланған сынақ	72/3		72
5-семестр				
Эпидемиологиялық қадағалау және инфекциялық бақылау негіздері		720/30	206	514
Эпидемиология	Емтихан	48/2	12	36
Госпитальдық эпидемиология және инфекциялық бақылау	Емтихан	48/2	14	34
Медициналық паразитология	Сараланған сынақ	48 /2	24	24
Инфекциялық аурулар	Емтихан	72/3	24	48
Дезинфекциялық іс негіздері	Сараланған сынақ	48/2	24	24
	Емтихан	48/2		36

Коммуналдық гигиена санитарлық іс негіздерімен			12	
Кәсіби аурулар және еңбек гигиенасы	Сараланған сынақ	24/1	6	18
Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы	Емтихан	72/3	24	48
Тамақтану гигиенасы	Сараланған сынақ	72/3	18	54
Таңдау компоненті		24/1		24
Аралық аттестаттау		48/2	48	
Өндірістік практика : "Госпитальдық эпидемиология және инфекциялық бакылау"	Сараланған сынақ	72/3		72
Өндірістік практика : "Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы"	Сараланған сынақ	72/3		72
Өндірістік практика : "Дезинфекциялық іс негіздері"	Сараланған сынақ	24/1		24
6-семестр				
Қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету		720/30	144	576
Эпидемиология	Емтихан	72/3	24	48
Коммуналдық гигиена санитариялық іс негіздерімен	Емтихан	72/3	18	54
Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар	Емтихан	72/3	18	54
Тамақтану гигиенасы	Емтихан	72/3	12	60
Дипломалды практика: "Гигиенист-эпидеми олог"	Сараланған сынақ	360 /15		360
Қорытынды аттестаттау		72/3	72	
Барлығы		4320/180	1728	2592
Аралық аттестаттау				

Факультативтер (4 сағаттан артық емес) аптасына)				
Консультациялар (жылына 100 сағаттан артық емес)				

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 9 қаңтардағы
№ 4 бұйрығына
2-қосымша

Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша орта білімнен кейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары

1. Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша орта білімнен кейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 8-тармағына, "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) және "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығымен (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-63 Бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28716 болып тіркелген) бекітілген денсаулық сақтау саласындағы орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

2. Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау медицина саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

3. Білім беру бағдарламасы:

1) Теориялық және тәжірибелік оқыту, оның ішінде пәндер мен міндетті құрамдас пәндерді және білім беру ұйымы анықтайтын, факультативтік және консультациялық кәсіпті;

2) өндірістік оқыту және кәсіптік тәжірибені;

3) аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша орта білімнен кейінгі білім беру жөніндегі

үлгілік оқу бағдарламаларының 1-2 қосымшаларына сәйкес тиісті мамандық бойынша үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Циклдер мен пәндерді оқыту тәртібін орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы дербес айқындайды.

4. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау арқылы жүзеге асырылады. Үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау нысаны тиісті мамандық бойынша үлгілік оқу жоспарында айқындалады.

5. Білім алушыларды аралық аттестаттау әдістемелік педагогикалық кеңестің шешімі негізінде орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының басшысы бекіткен жұмыс оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге сәйкес жүзеге асырылады.

6. Оқу жылы аяқталғаннан кейін аралық аттестаттау қорытындылары негізінде орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен білім алушыларды келесі курсқа ауыстыру жүзеге асырылады.

7. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелген) бекітілген денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларына сәйкес, оқу жұмыс жоспарында және академиялық күнтізбеде көзделген мерзімдерде жүргізіледі.

Қорытынды аттестаттауға үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкес білім беру бағдарламасын меңгеруді аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

8. Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушылардың дайындық деңгейі негізгі және кәсіптік құзыреттерді қалыптастыру үшін негізгі және кәсіптік модульдерді меңгеруді көздейді.

Негізгі (базалық) құзыреттер мамандық үшін әзірленеді және әлеуметтік жауапкершілік, жұмысты ұйымдастыру, жұмыс орнындағы адамдармен өзара қарым-қатынас мәселелерін қозғайды.

Кәсіптік құзыреттер әрбір біліктілік бойынша жұмыс берушілердің талаптары мен қоғамның әлеуметтік сұраныстарын ескере отырып, кәсіптік стандарттар (олар болған кезде) және (немесе) еңбек нарығын функционалдық талдау негізінде әзірленеді.

Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша бітірушінің мамандықтар мен біліктіліктер бойынша базалық және кәсіптік құзыреттері № ҚР ДСМ -63 Бұйрықта көрсетілген.

мамандықтар бойынша орта
білімнен кейінгі білімнің білім
берудің үлгілік оқу
бағдарламаларына
1-қосымша

09130100 "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы
Біліктілігі: 5AB09130101 "Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры" (3 жыл 6 ай) Оқу түрі:
күндізгі

Модульдердің және оқу қызметінің түрлерінің атаулары	Бақылау нысаны	Барлығы (сағат/кредиттер)	Оқу уақытының көлемі (сағ.), оның ішінде:		
			Теориялық оқыту	Практикалық оқыту	
			Аудиториялық сабақтар	Оқу практикасы/симуляция	Клиникадағы практика
1-семестр					
Мейіргер мамандығының негіздері		720/30	236	292	192
Кәсіби қазақ (орыс) тілі	Емтихан	48/2	48		
Анатомия, физиология және патология	Емтихан	144/6	44	100	
Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіндегі мейіргерлік мамандық	Емтихан	96/4	24	72	
Мейіргер ісіндегі инфекциялық бақылау	Емтихан	96/4	24	72	
Пациенттің қауіпсіздігіне арналған клиникалық мейіргерлік күтім	Емтихан	72/3	24	48	
Аралық аттестаттау		72/3	72		
Өндірістік практика: "Мейіргер ісіндегі инфекциялық бақылау"	"Сараланған сынақ"	96/4			96
Өндірістік практика: "					

Пациенттің қауіпсіздігіне арналған клиникалық мейіргерлік күтім"	Сараланған сынақ	96/4			96
2-семестр					
Пациент-орталықтанған мейіргерлік күтім		720/30	224	280	216
Кәсіби шетел тілі	Емтихан	48/2	48		
Фармакология, фармакотерапия және медициналық калькуляция	Емтихан	96/4	32	64	
Пациенттің жағдайын клиникалық бағалау	Объективті құрылымдық клиникалық емтихан	96/4	24	72	
Созылмалы аурулар кезіндегі мейіргерлік күтім	Емтихан	96/4	24	72	
Жіті аурулар кезіндегі мейіргерлік күтім (хирургиялық және периперативті мейіргер)	Емтихан	96/4	24	72	
Аралық аттестация		72/3	72		
Өндірістік практика: Терапиядағы мейіргер ісі"	" Сараланған сынақ	120/5			120
Өндірістік практика: Хирургиядағы мейіргер ісі"	" Сараланған сынақ	96/4			96
3-семестр					
Әр түрлі жас санатындағы мейіргер ісі		720/30	180	252	288
Қазақстан тарихы	Емтихан	48/2	48		
Репродуктивтік денсаулықтың					

мейіргерлік аспектісі	Сараланған сынақ	48/2	24	24	
Педиатриядағы мейіргер ісі	Объективті құрылымдық клиникалық емтихан	120/5	24	96	
Геронтологиялық мейіргер ісі	Емтихан	72/3	12	60	
Акушериядағы мейіргер ісі	Емтихан	96/4	24	72	
Аралық аттестаттау	Емтихандар	48/2	48		
Өндірістік практика: "Балаларға мейіргерлік күтім жасау"	" Сараланған сынақ	144/6			144
Өндірістік практика: "Қарт адамдарға және егде жастағы адамдарға мейіргерлік күтім практикасы"	Сараланған сынақ	72/3			72
Өндірістік практика: "Акушериядағы мейіргер ісі"	" Сараланған сынақ	72/3			72
4-семестр					
Әлеуметтік маңызы бар аурулар кезіндегі мейіргер ісі		720/30	150	234	336
Философия және мәдениеттану негіздері	Сараланған сынақ	24/1	24		
Әлеуметтік маңызы бар аурулар	Емтихан	72/3	18	54	
Психикалық денсаулық және аддикция	Емтихан	72/3	18	54	
Паллиативтік көмек және онкологиялық бейіндегі пациенттерге күтім жасау	Емтихан	96/4	24	72	
Үй жағдайындағы	Емтихан	72/3	18	54	

мейіргерлік күтім					
Аралық аттестаттау		48/2	48		
Өндірістік практика "Психиатриядағы мейіргерлік күтім"	Сараланған сынақ	120/5			120
Өндірістік практика "Онкологиялық бейіндегі пациенттерге мейіргерлік күтім"	Сараланған сынақ	120/5			120
Өндірістік практика "Үй жағдайындағы мейіргерлік күтім"	Сараланған сынақ	96/4			96
5-семестр					
Популяциялық денсаулық сапасын жақсартуға бағдарланған мейіргер ісі		720/30	234	198	288
Дене тәрбиесі	Сараланған сынақ	24/1	24		
Денсаулықты нығайту	Емтихан	72/3	18	54	
Пациенттерді оқыту	Емтихан	48/2	12	36	
Инфекциялық аурулар кезіндегі мейіргерлік іс	Емтихан	48/2	12	36	
Шұғыл көмек	Объективті құрылымдық клиникалық емтихан	96/4	24	72	
Таңдау бойынша компонент		24/1	24		
Мейіргер ісіндегі зерттеулерді жоспарлау және жүргізу қағидаттары	Емтихан	48/2	48		
Аралық аттестаттау		72/3	72		

Өндірістік практика: Денсаулықты нығайту және пациенттерді оқыту"	" Сараланған сынақ	72/3			72
Өндірістік практика: Шұғыл көмек"	" Сараланған сынақ	72/3			72
Өндірістік практика: Медициналық-санитариялық алғашқы көмектегі мейіргер ісі"	" Сараланған сынақ	144/6			144
6-семестр					
Мамандандырылған мейіргерлік күтім		720/30	206	226	288
Функционалдық мүмкіндіктерді жақсарту	Емтихан	72/3	18	54	
Мамандандырылған мейіргерлік күтім	Емтихан	96/4	24	72	
Биостатистика және зерттеу жұмысының нәтижелерін рәсімдеу	Емтихан	72/3	32	40	
Электрондық денсаулық сақтау жүйесі	Сараланған сынақ	24/1		24	
Курстық жұмысты орындау	Емтихан / Курстық жұмыстықорғау	72/3	36	36	
Таңдау бойынша компонент		24/1	24		
Аралық аттестаттау		72/3	72		
Өндірістік практика: Функционалдық мүмкіндіктерді жақсарту"	" Сараланған сынақ	144/6			144
Өндірістік практика: Мамандандырылған мейіргерлік күтім"	" Сараланған сынақ	144/6			144

7-семестр					
Мейіргер ісін дамыту		864/36	180	84	600
Мейіргер ісіндегі менеджмент	Емтихан	72/3	24	48	
Мейіргер ісіндегі әлеуметтік жұмыс	Емтихан	48/2	12	36	
Дәлелді мейіргерлік тәжірибе	Сараланған сынақ	24/1	24		
Таңдау бойынша компонент		24/1	24		
Өндірістік практика: Мейіргер ісіндегі менеджмент"	" Сараланған сынақ	120/5			120
Өндірістік практика: Дәлелді мейіргерлік тәжірибе"	" Сараланған сынақ	120/5			120
Дипломалды практика: Элективті мамандықтар бойынша мейіргерлік іс дағдыларын дамыту"	" Сараланған сынақ	360/15			360
Аралық аттестаттау		24/1	24		
Қорытынды аттестаттау		72/3	72		
Барлығы		5184/216	1410	1566	2208
Факультативтер (аптасына 4 сағаттан артық емес)					
Консультациялар (жылына 100 сағаттан артық емес)					

Медициналық және
фармацевтикалық
мамандықтар бойынша орта
білімнен кейінгі білімнің білім
берудің үлгілік оқу
бағдарламаларына
2-қосымша

09130100 "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы
Біліктілігі: 5AB09130101 "Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры" (1 жыл 6 ай) Оқу түрі:
күндізгі

Модульдердің және оқу қызметінің түрлерінің атаулары	Бақылау нысаны	Барлығы (сағат/кредиттер)	Оқу уақытының көлемі (сағ.), оның ішінде:		
			Теориялық оқыту	Практикалық оқыту	
			Аудиториялық сабақтар	Оқу практикасы (симуляция)	Клиникадағы практика
1-семестр					
Қауіпсіздік және пациент-орталықтанған күтім		720/30	180	252	288
Қазақстан Республикасын ың Денсаулық сақтау жүйесіндегі мейіргерлік мамандық	Емтихан	72/3	18	54	
Мейіргерлік күтім және пациенттің қауіпсіздігі	Емтихан	72/3	18	54	
Шұғыл мейіргерлік күтім	Емтихан	72/3	18	54	
Денсаулықты нығайту	Емтихан	48/2	12	36	
Отбасылық күтім	Емтихан	72/3	18	54	
Мейіргерлік істегі зерттеулерді жоспарлау және жүргізу қағидаттары	Сараланған сынақ	48/2	48		
Аралық аттестация		48/2	48		
Өндірістік практика: "Жедел мейіргерлік күтім"	" Сараланған сынақ	72/3			72
Өндірістік практика: "Отбасылық күтім"	" Сараланған сынақ	72/3			72

Өндірістік практика: " Медициналық-санитариялық алғашқы көмек"	Сараланған сынақ	144/6			144
2-семестр					
Мейіргерлік күтімнің дамуы		720/30	236	196	288
Кәсіби шет тілі	Емтихан	72/3	72		
Мейіргер ісіндегі ментальдық денсаулық	Емтихан	96/4	24	72	
Созылмалы аурулар және қарт адамдарға мейіргер күтімі	Объективті құрылымдық клиникалық емтихан	120/5	36	84	
Биостатистика және зерттеу жұмысының нәтижелерін рәсімдеу	Емтихан	72/3	32	40	
Электрондық денсаулық сақтау жүйесі	Сараланған сынақ	24/1	24		
Аралық аттестация		48/2	48		
Өндірістік практика: " Психикалық денсаулығы бұзылған пациенттерге мейіргерлік күтім жасау"	Сараланған сынақ	144/6			144
Өндірістік практика: "Қарт пациенттерге мейіргерлік күтім"	Сараланған сынақ	144/6			144
3-семестр					
Дәлелдемелерге негізделген менеджмент және мейіргерлік күтім		864/36	242	190	432
Мамандандырылған мейіргерлік күтім және дәлелді практика	Емтихан	96/4	24	72	
Мейіргер ісіндегі					

персоналды басқару	Емтихан	72/3	18	54	
Курстық жұмысты орындау	Емтихан / Курстық жұмысты қорғау	96/4	32	64	
Таңдауы бойынша компонент		48/2	48		
Аралық аттестация		48/2	48		
Өндірістік практика: Мейіргер ісіндегі персоналды басқару"	" Сараланған сынақ	72/3			72
Дипломалды практика: Элективті мамандықтар бойынша мейіргер ісі дағдыларын дамыту"	" Сараланған сынақ	360/15			360
Қорытынды аттестация		72/3	72		
Барлығы		2304/96	658	638	1008
Факультативтер (аптасына 4 сағаттан артық емес)					
Консультациялар (жылына 100 сағаттан артық емес)					

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 9 қаңтардағы
№ 4 бұйрығына
3-қосымша

Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша жоғары білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары

1-тарау. "Фармация" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы.

1. "Фармация" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 8-тармағына, "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен (бұдан әрі – № 2 Бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) және "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті

стандарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығымен (бұдан әрі- № ҚР ДСМ-63 Бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28716 болып тіркелген) бекітілген денсаулық сақтау саласындағы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

2. "Фармация" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы бойынша бакалаврларды даярлау денсаулық сақтау жүйесін фармация саласындағы білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

3. "Фармация" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім, сондай-ақ жоғары білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

4. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі өлшемшарты білім алушының кемінде 300 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

5. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Бағдарламаның 1-2-қосымшаларына сәйкес тиісті білім беру бағдарламасы бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен оқыту нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

6. "Фармация" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы теориялық оқытуды, кәсіптік практиканы, оқытудың қосымша түрлерін, аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

7. "Фармация" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы мазмұны үш циклдік пәндерден – жалпы білім беретін пәндер, негізгі пәндер және бейіндік пәндерден тұрады.

8. "Фармация" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау кешенді емтиханды дайындау және тапсыру нысанында "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығымен (бұдан әрі –№ ҚР ДСМ-249/2020 Бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелген) жүзеге асырылады.

Кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білім беру бағдарламасының еңбек нарығының талаптарына сай келетін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттерді көрсетеді.

2-тарау. "Қоғамдық денсаулық" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

9. "Қоғамдық денсаулық" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 8-тармағына, № 2 Бұйрықпен бекітілген және № ҚР ДСМ-63 Бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау саласындағы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

10. "Қоғамдық денсаулық" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау қоғамдық денсаулық сақтау және санитариялық-эпидемиологиялық саласындағы кәсіби қызметті жүзеге асыруға дайын білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

11. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі өлшемшарты білім алушының кемінде 300 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

12. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Бағдарламаның 3 және 4 -қосымшаларына сәйкес тиісті білім беру бағдарламасы бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен оқыту нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

13. "Қоғамдық денсаулық" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы теориялық оқытуды, кәсіптік практиканы, оқытудың қосымша түрлерін, аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

14. "Қоғамдық денсаулық" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны үш циклдік пәндерден – жалпы білім беретін пәндер, негізгі пәндер және бейіндік пәндерден тұрады.

15. "Қоғамдық денсаулық" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау кешенді емтиханға дайындық және оны тапсыру түрінде "№ ҚР ДСМ-249/2020 Бұйрықпен жүзеге асырылады.

Кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білім беру бағдарламасының еңбек нарығының талаптарына сай келетін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттерді көрсетеді.

3-тарау. "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

16. "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 8-тармағына, № 2 Бұйрықпен бекітілген және № ҚР ДСМ-63 Бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау саласындағы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

17. "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау денсаулық сақтау жүйесін жоғары білікті мейіргерлермен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

18. "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім, орта білімнен кейінгі білім, сондай-ақ жоғары білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

19. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқуды аяқтаудың негізгі өлшемшарты білім алушының кемінде 240 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

20. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Бағдарламаның 5 және 6 -қосымшаларға сәйкес тиісті білім беру бағдарламасы бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен оқыту нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

21. "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы теориялық оқытуды, кәсіптік практиканы, оқытудың қосымша түрлерін, аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

22. Білім беру бағдарламасының мазмұны үш циклдік пәндерден – жалпы білім беретін пәндер, негізгі пәндер және бейіндік пәндерден тұрады.

23. "Мейіргер ісі" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау кешенді емтиханға дайындық және оны тапсыру түрінде № ҚР ДСМ-249/2020 Бұйрықпен жүзеге асырылады.

Кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білім беру бағдарламасының еңбек нарығының талаптарына сай келетін интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттерді көрсетеді.

4-тарау. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы

24. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 8-тармағына, № 2 Бұйрықпен бекітілген және № ҚР ДСМ-63 Бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау саласындағы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

25. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау денсаулық сақтау саласын білікті дәрігерлік мамандармен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

26. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім, орта

білімнен кейінгі білім, сондай-ақ жоғары білім беру бағдарламалары базасында жүзеге асырылады.

27. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы Бағдарламаға 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 және 16 қосымшаларға сәйкес тиісті мамандық бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен оқыту нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

28. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы білім алушының теориялық даярлығын, кәсіптік практикасын, тәжірибелік-зерттеу жұмысын, оқудың қосымша түрлерін, интернатураны, аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

29. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны үш циклдік пәндерден – жалпы білім беретін пәндер, негізгі пәндер және бейіндік пәндерден тұрады. Бұл ретте жалпы білім беретін пәндері циклінің көлемі 56 академиялық кредитті құрайды, жалпы білім беретін пәндер циклінің пәндері бойынша қарастырылған оқу нәтижелері бүкіл білім беру бағдарламасы ішінде, оның ішінде жоғары оқу орны компоненті немесе таңдау компоненті, негізгі пәндер және бейіндік пәндері шеңберінде қалыптасады.

30. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының негізге пәндері бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі тәуелсіз бағалау арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау № ҚР ДСМ-249/2020 Бұйрықпен жүзеге асырылады.

31. Үздіксіз интеграцияланған медициналық білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша интернатура кемінде 30 кредит көлемінде жүзеге асырылады.

32. Клиникалық тәлімгерлер клиникалық оқытуға басшылық жасау үшін ұйым айқындаған тәртіппен тартылады.

33. Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысын жүзеге асыру үшін үздіксіз біріктірілген оқыту шеңберінде, аккредиттелген клиникалық базаларында, денсаулық сақтаудағы білім беру ұйымдарының клиникаларында, университеттік ауруханалар мен резидентура базалары негізінде отандық және шетелдік ғылымның соңғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістерімен, денсаулық сақтаудағы эксперименталды ақпараттарды өңдеу және интерпретациялау әдістерімен таныстырылады.

34. Қорытынды аттестаттау магистерлік жобаны қорғау және кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру түрінде № ҚР ДСМ-249/2020 Бұйрықпен жүзеге асырылады.

Медициналық және
фармацевтикалық
мамандықтар бойынша жоғары
білім берудің үлгілік оқу

"Фармация" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы

Академиялық дәрежесі: Фармация" білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау бакалавры

№	Пәндер мен циклдардың атауы	Жалпы көлемі	
		Академиялық сағаттарда	Академиялық кредиттерде
1	2	3	4
1	Жалпы білім беретін пәндер циклы	1680	56
1)	Міндетті компонент	1530	51
	Қазақстан тарихы	150	5
	Философия	150	5
	Шет тілі	300	10
	Қазақ (орыс) тілі	300	10
	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	150	5
	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	240	8
	Дене шынықтыру	240	8
2)	Жоғары оқу орны және (немесе) таңдау компоненті	150	5
2	Базалық пәндер циклы	4200 кем емес	140 кем емес
1)	Жоғары оқу орны және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Кәсіби практика		
3	Бейіндік пәндер циклы	2850 кем емес	95 кем емес
1)	Жоғары оқу орны және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Кәсіби практика		
4	Оқытудың қосымша түрлері		
5	Қорытынды аттестаттау	120 кем емес	4 кем емес

1)	Кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру		
	Барлығы	9000 кем емес	300 кем емес

Медициналық және
фармацевтикалық
мамандықтар бойынша жоғары
білім берудің үлгілік оқу
бағдарламасына
2-қосымша

"Фармация" мамандығы бойынша білім беру бағдарламалары бойынша құзыреттер мен оқу нәтижелерінің тізімі

№	Құзыреттер	Оқу нәтижелері
1	Фармацевтикалық қызмет	Қазақстан халқына фармацевтикалық көмекті ұйымдастыру бойынша білімі мен дағдылардың көрсету Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада сатуды жүзеге асыру Дәріханаларда дәрілік заттарды әзірлеу Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың өнеркәсіптік өндірісін ұйымдастыру, өндірістік процестерді басқару Дәрілік заттардың, фармацевтикалық заттардың, қосалқы заттардың сапасын бақылауды, токсикологиялық маңызды заттардың химиялық және токсикологиялық талдауын жүзеге асыру. Дәрілік заттарды дұрыс қолдануды жүзеге асыру: дәрілік заттарды тағайындау, кәсіби консультация беру, дәрілік заттардың пайдасы, қауіптері және мүмкін қарсы көрсеткіштері туралы сыни ақпарат беру.
2	Менеджмент	Фармацевтикалық қызметті ұйымдастыру, ұйымды дәрілік заттар мен медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету процестерін тиімді басқару. Денсаулық сапасы мен денсаулық сақтау жүйесінің нәтижелерін жақсарту үшін дәрілік заттар мен

		медициналық бұйымдардың айналысы саласындағы субъектілерге ықпал ету
3	Тиімді коммуникациялар	Денсаулық сақтау саласындағы мүдделі тараптар арасындағы тиімді коммуникацияларды көрсету, пәнаралық байланыстарды дамыту, үздіксіз кәсіби дамуға мотивация беру және мәдени төзімділікке ие болу.
4	Көшбасшылық және команда құру	Көшбасшылық қасиеттерді (мансаптың алғашқы кезеңінен бастап) және топта жұмыс істеу қабілетін көрсету.
5	Үздіксіз кәсіби даму стратегиясы	Өмір бойы білім алуға ұмтылу, кәсіби құзыреттіліктерді дамыту үшін ғылымдағы, фармациядағы және денсаулық сақтаудағы тұрақты өзгерістер негізінде үздіксіз кәсіби дамудың жеке жоспарының даму траекториясын таңдау
6	Зерттеу қабілеттері	Дәрілер мен медициналық құрылғыларды жасау, зерттеу және шолу.

"Фармация" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Пәндер мен циклдар	Негізгі мазмұны
1.	Базалық пәндер циклі	Негізгі химия ғылымдарының мазмұны биологиялық белсенді қосылыстардың құрылымы мен химиялық қасиеттерін, оларды анықтау мүмкіндігін, физикалық және химиялық процестердің жүру заңдылықтарын зерттеуге бағытталған. Негізгі фармацевтикалық ғылымдар дәрілік формаларды өндіру технологиясының негіздері, өсімдік шикізатын зерттеу әдістері, дәрілік заттарды талдау негіздері, фармацевтикалық және кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру контекстінде оқытылған. Негізгі биомедициналық және клиникалық ғылымдардың мазмұны организмнің физиологиялық процестері мен қызметтерін, патологиялық процестер мен аурулардың негізгі

		көріністерін, дәрілік терапияны зерттеуге бағытталған.
2.	Бейіндік пәндер циклі	Негізгі пәндер ғылымдағы, фармациядағы және денсаулық сақтаудағы тұрақты өзгерістерді ескере отырып, фармацевтикалық қызмет салаларындағы саланы дамытудың заманауи тенденциялары туралы кәсіби білімді және түсінікті қалыптастырады. Мазмұны дәрілік заттарды әзірлеу мәселелерін зерттеуге; дәрілік формаларды әзірлеу, олардың құрамын және оларды өндіруге арналған заманауи жабдықтарды пайдалана отырып, биофармацевтикалық зерттеулер негізінде алудың технологиялық схемаларын жетілдіру; дәрілік заттарды анықтау, сәйкестендіру, сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету; фармацевтикалық менеджмент, кәсіпорынды ұйымдастыру және басқару принциптері мен әдістері, қызметті жоспарлау, дәрілік заттардың бағасын қалыптастыру әдістемесі, фармацевтикалық өндірістің экономикалық тиімділігі; Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Тиісті фармацевтикалық тәжірибенің талаптарына сәйкес дәлелдемелерге негізделген дәрілік заттарды орынды пайдалануға бағытталған.

"Фармация" мамандығы бойынша практикалық дағдылар

№	Тізім	Меңгеру деңгейі**
1.	Дәрілік шикізаттың фармакогностикалық талдау	Студент өз бетінше жүргізеді
2.	Дәрілік заттарды дайындау технологиясы	Студент өз бетінше жүргізеді
3.	Дәрілік заттардың сапасын бақылау	Студент өз бетінше жүргізеді
4.	Дәрілік заттарды қабылдауды, есепке алуды, сақтауды және өткізуді ұйымдастыру	Студент өз бетінше жүргізеді

Ескертпе:

** Практикалық дағдыларды меңгеру деңгейлері

Меңгеру деңгейі	Сипаттама
Студент өз бетінше жүргізеді	Білу және түсіну, білім мен түсінікті қолдану, пайымдауды қалыптастыру, коммуникативті дағдылар: зертханалық жабдықта өз бетінше жұмыс, нормативтік және фармацевтикалық құжаттамамен жұмыс, әдістер мен технологияларды негіздеу, нәтижелерді алу, түсіндіру және талдау

Медициналық және
фармацевтикалық
мамандықтар бойынша жоғары
білім берудің үлгілік оқу
бағдарламасына
3-қосымша

"Қоғамдық денсаулық" мамандығы бағдарламасының үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы Академиялық дәреже: "Қоғамдық денсаулық" білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау бакалавры

№	Пәндер мен циклдардың атауы	Жалпы көлемі	
		Академиялық сағаттарда	Академиялық кредиттерде
1	2	3	4
1	Жалпы білім беретін пәндер циклы	1680	56
	Қазақстан тарихы	150	5
	Философия	150	5
	Шет тілі	300	10
	Қазақ (орыс) тілі	300	10
	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	150	5
	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	240	8
	Дене шынықтыру	240	8
1)	Міндетті компонент	1530	51
2)	Жоғары оқу орны және (немесе) таңдау компоненті	150	5
2	Базалық пәндер циклы	4200 кем емес	140 кем емес
1)	Міндетті компонент		

2)	Жоғары оқу орны және (немесе) таңдау компоненті		
3)	Кәсіби практика		
3	Бейіндік пәндер циклы	2700 кем емес	90 кем емес
1)	Жоғары оқу орны компоненті		
2)	Таңдау компоненті		
3)	Кәсіби практика		
4	Оқытудың қосымша түрлері		
5	Қорытынды аттестаттау	120 кем емес	4 кем емес
1)	Кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру		
	Барлығы	9000 кем емес	300 кем емес

Медициналық және
фармацевтикалық
мамандықтар бойынша жоғары
білім берудің үлгілік оқу
бағдарламасына
4-қосымша

"Қоғамдық денсаулық" мамандығы бағдарламалары бойынша құзыреттер мен оқу нәтижелерінің тізімі

№	Құзыреттер	Оқу нәтижелері
1	2	3
1	Коммуникациялар	Қоғамдық денсаулық мәселелерін тиімді шешу үшін, заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, билік органдарымен, ұйымдармен, халықпен, қоғамдастық мүшелерімен, бұқаралық ақпарат құралдарымен тиімді салааралық өзара іс-қимыл жасайды
		Еңбек ұжымының жұмысын ұйымдастыру, еңбек ресурстарын басқару, мақсат қою және міндеттерді тұжырымдау, қызметтің басым бағыттарын анықтау дағдыларына ие
		Бүкіл кәсіби қызметі барысында білім алуға қабілетті
		Денсаулық сақтау үшін қолданылатын білім мен практикалық дағдыларды құруға және таратуға үлес қоса алады.

2	Үздіксіз кәсіптік білім беру	Сыни тұрғыдан ойланады және ақпаратты тиімді ұсынады: жұмыс нәтижелері мен сапасын жақсарту үшін мәселелерді талдау мен шешуде және дәлелді шешімдер қабылдауда сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қолданады.
3	Нормативтік-құқықтық актілер және есептеме құжаттамалары	Азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін біледі және тәжірибеде пайдаланады; санитариялық-экологиялық заңнама, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандары қызметінің құқықтық негіздері. Денсаулық сақтау ұйымдарында қарастырылған есептеме құжаттамасын жүргізе алады
4	Қоршаған орта сапасын және халық денсаулығының жай-күйін бақылау	Халықтың денсаулық жағдайы, қоршаған ортасының сапасы, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығының деңгейі, денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы деректерге мониторингті, талдауды және бағалауды жасайды, сондай-ақ алынған медициналық көмекке қанағаттану туралы ақпаратқа бағалау (қолжетімділігі, көлемі және сапасы) жүргізеді.
5	Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау	Халық денсаулығын нығайту және қорғау, инфекциялық, паразиттік және инфекциялық емес аурулардың профилактикасы, сонымен қатар олардың тиімділігін бағалау бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы ж ә н е санитариялық-профилактикалық іс-шараларды әзірлеу, ұйымдастыру және жүзеге асыру дағдыларына ие. Әртүрлі қоршаған орта объектілерінің сапа көрсеткіштерін зерттеп, талдап, бағалай алады және оларға қолайсыз әсерлердің алдын алу бойынша ұсыныстар түрінде өзіндік қорытынды жасай алады.

		Эпидемиологиялық жағдайды бағалау, эпидемия ошақтарын тексеру, эпидемиологиялық диагноз қою және инфекциялық аурулар ошақтарында дезинфекция, дезинсекция және дератизация бойынша нұсқаулықтар беру, халық арасында жүргізілген иммунопрофилактиканың тиімділігін бағалау.
		Шетелден Қазақстан Республикасының аумағына инфекциялық ауруларды әкелу және (немесе) инфекциялық аурулардың пайда болу қаупін анықтауға қабілетті
6	Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау	Х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлеу мақсатында, оның ішінде төтенше жағдайларда кезінде қоршаған ортаның, ауыз судың, азық-түліктің жай-күйіне санитариялық-эпидемиологиялық бақылауды, өмірлік маңызы бар объектілерді қадағалауды, шекараны аса қауіпті инфекциялардың кіруінен және таралуынан қорғауды ұйымдастыруға қабілетті. Инфекциялық және паразиттік аурулардың алдын алу және эпидемияға қарсы іс-шаралардың орындалуын эпидемиологиялық қадағалауды және бақылауды жүзеге асыруға қабілетті.

"Қоғамдық денсаулық" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Пәндер мен циклдар	Негізгі мазмұны
		А ғ з а н ы ң анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері, дамудың биохимиялық және жасушалық механизмдері, кейбір ауруларды диагностикалау мен емдеуде қолданылатын сапалық және сандық талдаудың негізгі принциптері, микробиология, биостатистикалық есептеулер, эпидемиология негіздері.

Халықпен, әріптестермен қарым-қатынас жасаудағы қарым-қатынас негіздері.

1	Медициналық білім:	Жалпы қабылданған, ұдайы дамып және жаңартылып отыратын білімді қоса алғанда, биомедициналық, клиникалық, эпидемиологиялық және әлеуметтік-мінез-құлық ғылымдары саласындағы білімді көрсету және қолдану.
		пациенттермен, олардың отбасыларымен және денсаулық сақтау мамандарымен тиімді ақпарат алмасуға және

2	Коммуникациялар:	ынтымақтастыққа әкелетін тұлғааралық және коммуникациялық дағдыларды көрсету, соның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалану
3	Клиникалық дағдылар:	ауруларды диагностикалауға, емдеуге және профилактикаға бағытталған тиісті және тиімді араласуды қоса алғанда, пациентке бағытталған тиімді көмекті қамтамасыз ету
4	Кәсібилік:	кәсіби қызмет пен этикалық принциптерге адалдығын көрсету
5	Жеке және кәсіби даму:	үздіксіз жеке және кәсіби өсуді қолдау үшін қажетті қасиеттерді көрсету, үздіксіз өзін-өзі бағалау және өмір бойы білім алу негізінде медициналық көмек сапасын үздіксіз жақсарту
6	Нормативтік құқықтық білім:	денсаулық сақтау жүйесінің қолданыстағы заңнамалық және нормативтік базасы шеңберінде өз әрекеттері үшін жауапкершілікті білу және көрсету, оңтайлы денсаулық сақтауды қамтамасыз ету үшін өз тәжірибесінде оларды басшылыққа алу
7	Зерттеу:	өз пациенттерінің емдеу нәтижелерін зерттеу және бағалау, ғылыми дәлелдерге негізделген емдеу принциптерін бағалау және енгізу қабілетін көрсету

"Стоматология" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	"Стоматология" мамандығы бойынша диагностикаға және емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізімі	Оқыту деңгейі
1.	Жоғарғы жақ-тілдегі ойықтың абсцесі	DT
2.	Жоғарғы және төменгі жақ сүйегіне жақын жасушалық кеңістіктердің абсцесстері	D
3.	Қатты таңдайдың абсцесі	DT
4.	Ретромолярлы кеңістік абсцесі	DT
5.	Тілдің абсцесі	D
6.	Адентия	DT
7.	Альвеолит	DT
8.	Анафилактикалық шок	E

9.	Тіс аномалиялары	DT
10.	Тіс қатарының аномалиялары	DT
11.	Окклюзия аномалиялары	DT
12.	Ауыз қуысының жұмсақ тіндерінің аномалиялары (ерін мен тілдің қысқа френулымы, ауыз қуысының кішкентай тамбуры)	DT
13.	Самай-төменгі жақ буынының ауырсыну дисфункциясы	D-TF-P
14.	Бронхиалды астма	E
15.	Жақ-бет аймағының туа біткен ақаулары мен деформациялары	D-F-TF-P
16.	Төменгі жақтың дислокациялары	DT-D
17.	Жақ сүйектерінің гематогенді остеомиелиті	D-F-TF-P
18.	Гипертониялық криз	E
19.	Тіс қатарының деформациясымен, травматикалық артикуляциямен және самай буынының ауруларымен асқынған тіс ақаулары	DT-TF
20.	Жақ-бет аймағының ақаулары мен деформациялары	D-TF-P
21.	Төменгі үшінші азу тістің дистопиясы	DT
22.	Ауыз қуысының шырышты қабығының қатерсіз ісіктері және ісік тәрізді аурулары	DT-F- TF- P
23.	Ерін аурулары	DT-F- TF- P
24.	Самай-төменгі жақ буынының аурулары	D-TF-P
25.	Еріннің қызыл шекарасының аурулары	D-E
26.	Периодонт ауруы	DT-F- TF- P
27.	Тіл аурулары	DT-F- TF- P
28.	Ауыз қуысының шырышты қабығының аурулары	DT-F- TF- P
29.	Сілекей бездерінің аурулары	D-TF-P
30.	Төменгі үшінші азу тістің шығуының қиындауы	DT
31.	Кариес	DT
32.	Сілекей бездерінің шығару жолдарының кисталары	D
33.	Клиникалық өлім	E
34.	Коллапс	E

35.	Тістердің қатты тіндерінің тұқым қуалайтын ақаулары	D-DT-TF
36.	Тригеминальды невралгия	D
37.	Глоссофарингеальды нервтің невралгиясы	D
38.	Птеригопалатиндік невралгия	D
39.	Үштік неврит	D
40.	Бет нервiнiң невритi	D
41.	Жақ-бет аймағының нейростоматологиялық аурулары	D-TF-P
42.	Тістің қатты тіндерінің кариозды емес зақымданулары	DT
43.	Естен тану	E
44.	Одонтогенді синусит	D
45.	Жақ сүйектерінің одонтогенді кисталары	D
46.	Жақ сүйектерінің одонтогенді ошақты остеомиелиті	DT
47.	Жақ сүйектерінің одонтогенді диффузды остеомиелиті	D-P
48.	Жедел коронарлық синдром	E
49.	Жақ сүйектерінің травматикалық остеомиелиті	D-P
50.	Жақ-бет аймағының ісіктері және ісік тәрізді процестері	D
51.	Пародонтит	DT
52.	Жақ сүйектерінің периоститі	DT
53.	Жоғарғы жақсүйек синусының перфорациясы	DT
54.	Төменгі жақтың биіктігінің төмендеуімен және азаюымен тістердің қажалуының жоғарылауы	DT-TF
55.	Бет терісінің, ауыз қуысының шырышты қабығының ісік алды зақымдануы	DT-TF
56.	Жақ-бет аймағының жүре пайда болған ақаулары мен деформациялары	D
57.	Пульпит	DT
58.	Төменгі үшінші азу тістің ретенциясы	DT
59.	Жоғарғы жақсүйек синусының фистулярлы ағымы	D
60.	Сілекей тас ауруы	D

61.	Бет пен ауыз қуысының спецификалық зақымдануы	D
62.	Жұқтырылған имунтапшылығының синдромы және адамның қорғаныш тапшылық қоздырғышы	PD
63.	Альвеолярлы процестің жарақаты	DT
64.	Тіс жарақаты	DT
65.	Беттің жұмсақ тінінің зақымдануы	DT-D
66.	Бет қаңқасы сүйектерінің травматикалық жарақаттары	D
67.	Жоғарғы және төменгі жақ сүйектеріне жақын орналасқан жасушалық кеңістіктердің флегмонасы	D
68.	Беттің фурункулы мен карбункулы	D

Ескертпе:

Аурулар мен жағдайларды меңгеру деңгейлері

Меңгеру (өнімділік) деңгейін кодтау:	
E	Өмірге қауіп төндіретін жағдайды тануға, кезек күттірмейтін көмек көрсетуге және маманға жіберуге қабілетті.
PD	Алдын ала диагноз қоюға және бейінді маманға жолдауға қабілетті
D	Алдын ала диагноз қойып, емдеу қағидаларын жоспарлап және арнайы маманға жолдауға қабілетті
DT	Диагноз қойып және емдеуді өз бетінше басқара алады
F	Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету орындарында ұзақ мерзімді бақылауды (мониторинг) жүргізе алады.
TF	Қажетті мамандармен бірлесе отырып, медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету орындарында ұзақ мерзімді бақылау (мониторинг) жүргізе алады.
P	Профилактикалық шараларды қолдануға қабілетті (бастапқы/екінші/үшінші профилактика).

"Стоматология" мамандығы бойынша практикалық дағдылар, манипуляциялар, процедуралар

№	Тізім	Меңгеру деңгейі
1) Ауру тарихы/Анамнез жинау		
1	Аурудың шағымдары мен анамнезін жинау	4

2	Науқастың күтулерін нақтылау және қайта қабылдауға келді сұрау	4
3	Үшінші тараптан деректерді жинау	4
4	Анамнез жинау және ауыр аурулары бар науқастармен қарым-қатынас жасау	4
5	Тіл немесе сөйлеу проблемалар сияқты қарым-қатынаста қиындықтары бар пациенттерден анамнез жинау	3
6	Генеологиялық ағашты құрастыру (тектік)	3
7	Анамнез жинау, оның ішінде саяхатқа байланысты денсаулық проблемаларын анықтау (эпидемиологиялық тарих)	4
8	Жұмыс, жұмыс орны туралы анамнез жинау	4
9	Қауіпті мінез-құлықты, қауіпті өмір салтын анықтау	3
10	Науқасты және оның отбасын, әріптестерін және басқа мамандарды нәтижелер туралы хабардар ету	4
11	Науқас пен оның отбасына жағымсыз жаңалықтарды жеткізу	4
12	Құқықтарды нақтылау және процедураға/интервенцияға келісім алу	4
13	Медициналық тәжірибеде этикалық мәселелерді шешу	4
2) Жалпы қарау-тексеру		
14	Жергілікті статустың егжей-тегжейі анықтау (status localis)	3
15	Жалпы жағдайды бағалау (науқастың мимикасы мен позициясы, дененің симметриясы мен қозғалғыштығы, тамақтану жағдайы, көңіл-күйі және психикалық жағдайы)	3
16	Жақ-бет аймағының жағдайын бағалау	3
17	Ауыз қуысы вестибюлінің, ауыз қуысының, тіс қатарының, тістердің жағдайын бағалау	3

18	Өмірлік маңызды көрсеткіштерді бағалау (дене температурасы, импульс жиілігі, тыныс алу жиілігі, қан қысымы)	4
19	Төтенше жағдайдағы науқастарды қарап-тексеру және бағалау	3
20	Жаракаттан кейінгі науқастарды қарап-тексеру және бағалау	2
21	Антропометриялық мәліметтерді бағалау	4
22	Терінің, оның қосалқылары мен шырышты қабаттарының жағдайын бағалау	4
23	Артериялық импульсті бағалау	4
24	Перифериялық лимфа түйіндерін қарап-тексеру және пальпациялау	4
25	Дермографиялық тестілеу	3
26	Қарап-тексеру, мойын пальпациясы: көмей, қалқанша без, лимфа түйіндері, ұйқы артериялары	3
27	Стоматологиялық жағдайды бағалау	3
28	Жақ-бет аймағын қарау және пальпациялау	3
29	Шиллер-Писарев сынамасын жүргізу	3
30	Папиллярлы-маргиналды-альвеол ярлы индекс (РМА), коммуналды пародонтальды индекс (СРІ), пародонтальды индекс (РІ) индекстерін жүргізу және бағалау	3
31	Ауыз қуысының гигиенасын бағалау	3
32	Кариес қарқындылығының көрсеткіштерін жүргізу және бағалау	2
33	Тістерге витальды бояу жүргізу	3
34	Тісті зондтау	2
35	Тістердің перкуссиясы	3
36	Тіс қозғалғыштығын анықтау	2
37	Гингивальды ойық пен патологиялық қалталардың тереңдігін анықтау	2
38	Ауыз қуысының шырышты қабатының атрофиясы дәрежесін анықтау	3

39	Функционалды шайнау сынақтарын жүргізу және бағалау	3
40	Тістеуді анықтаңыз	3
41	Тіс доғасының пішінін анықтау	2
42	Жұтынудың түрін анықтау	2
43	Энгл класын анықтау	2
44	Конструктивті тістеуді анықтау	3
45	Диагностикалық гипс үлгілерін өлшеу	3
46	Температура сынақтарын жүргізу (термотест)	2
47	Электродонтометрияны жүргізу	2
48	Түбір өзегінің жұмыс ұзындығын электрометриялық әдіспен анықтау	2
49	Хирургиялық араласуға көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштерді бағалау	3
3) Жазба жүргізу		
50	Науқастан ақпараттандырылған келісімін алу	3
51	Стоматологиялық қабылдауда бастапқы есепке алу және есеп беру құжаттамасын дайындау	4
52	Есептеме жазу	3
53	Қазақстан Республикасының медициналық ақпараттық жүйелерімен жұмыс істей білу	3
54	Тексеру/емдеу жоспарын құру	3
55	Пациенттің амбулаторлық картасын жүргізу	3
56	Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын рәсімдеу	3
57	Рецепт бланкілерін толтыру	3
58	Ағымдағы классификацияға сәйкес диагнозды кодтау	4
59	Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану	3
4) Зертханалық және функционалдық диагностика		
60	Биологиялық заттармен жұмыс істей білу (ауыз қуысының шырышты қабығынан іздерді, жағындыларды, қырғыштарды алу)	3
61	Радияциялық диагностика әдістерінің нәтижелерін сипаттау және бағалау	3

62	Электрокардиография интерпретациясы	3
63	Қандағы глюкозаны бағалау	4
64	Жалпы қан анализін бағалау	4
65	Биохимиялық қан анализін бағалау	4
66	Коагулограмманы бағалау	4
67	Жалпы зәр анализін бағалау	4
68	Зертханалық үлгіні тиісті жағдайларда алу және оны зертханаға тасымалдау	2
69	Скринингтік және диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін интерпретациялау	3
70	Пациентті диагностикалық зерттеулерге дайындау	3
71	Қан қысымын өлшеу	4
5) Инвазиялық процедуралар және шұғыл көмек		
72	Зарарсыздандыру, дезинфекция, стерилизация, антисептиктер	2
73	Шина дайындау және қою	2
74	Жараны таңу	2
75	Қан тамырларға қосылуды қамтамасыз ету (перифериялық веноздық)	2
76	Дефибриляция (симуляторда)	2
77	Жақ-бет аймағының абсцессінің ашылуы	2
78	Қол жуу	4
79	Коникотомия	2
80	Аурудың/жарақаттың ауырлығын бағалау	2
81	Комадағы науқасты ыңғайлы қалыппен жатқызу	2
82	Жоғарғы тыныс жолдарынан бөгде затты алып тастау	2
83	Препаратты ішке, жергілікті қолдану	2
84	Пульсоксиметрияны қолдану және бағалау	2
85	Қолданылатын дәрілік заттарды дұрыс дайындау	3
86	Күйік пен жараға күтім жасау	2
	Ересектер мен балалардың негізгі өмірлік функцияларын қолдау (тексеру, жасанды тыныс беру,	

87	жүрек массажы, дефибрилляция (автоматты сыртқы дефибрилляция) кәсіби жедел жәрдем бригадасы келгенге дейін (симуляция жағдайында)	2
88	Ересектер мен балалардың кеңейтілген жүрек-өкпе реанимациясы (жүрек аритмиясының негізгі түрлеріне көмек көрсетудің негізгі алгоритмдері, симуляторда)	2
89	Сыртқы жарақаттарды (жаралар, қан кетулер, күйіктер, созылулар, шығулар, сынықтар) зерттеп-қарап және алғашқы медициналық көмек көрсету	2
90	ABCDE алгоритмімен жарақаттанған пациенттерді зерттеп-қарау (Травмасы бар емделушінің өмірлік функцияларын қолдаудың кеңейтілген түрі (ATLS))	2
91	Зардап шеккендерді тасымалдау	2
92	Қан кетуді тоқтату (саусақпен басу, қысым таңғышын тану, турникет)	2
93	Жұмыс орнында қолды тиісті өңдеуді қолдану	3
94	Көктамыршілік инъекциялар	3
95	Тері астына және бұлшықет ішіне инъекциялар енгізу	3
96	Асептикалық және антисептикалық кішігірім хирургиялық араласуларға операциялық алаңды операция алдындағы дайындау	3
97	Қолданбалы анестезия	3
98	Инфильтрациялық анестезия	3
99	Өткізгіштік анестезия	2
100	Жараны тану	2
101	Жараны біріншілік хирургиялық өңдеу	2
102	Тігістерді тігу және тігістерді алу	3
103	Пациентті қарап-тексеруге дайындау (тағу, стерильді қолғап кию)	4
104	Жедел көмекті ұйымдастыру	2
105	Реминерализациялау терапиясын жүргізу	2

106	Тістің кариоздық зақымдануларын тазалау	2
107	Түбір өзектерін эндодонтиялық емдеу	2
108	Түбір өзегін пломбалау	2
109	Түбір өзегінің пломбасын алып тастау	2
110	Медициналық, оқшаулағыш төсемдерді салу	3
111	Түбір өзектерін, пародонт қалталарын, ауыз қуысының шырышты қабығын емдеу	2
112	Тіс жарықшаларын (фиссуралар) тығыздау	2
113	Тіс шөгінділерін жою	3
114	Тіс протездері өлшемдерін алу	3
115	Тісті пломбалау	2
116	Пульпаның, шырышты қабықтың, ауыз қуысының жұмсақ тіндерінің диатермокоагуляциясы	2
117	Тіс протездерін, ортодонтиялық аппараттарды орнату және бекіту	2
118	Орталық окклюзияны анықтау	2
119	Тістерді жұлу	2
120	Ауыз қуысының абсцесстерін ашу	2
121	Френулопластика	2
122	Френулотомия	2
123	Вестибулопластика	2
124	Цистотомия	2
125	Цистэктомия	2
126	Тіс түбірінің резекциясы, гемизекциясы	2
127	Тісті реплантациялау	2
128	Тістерді сплентациялау	3
129	Тістерді қалпына келтіру (тікелей, жанама)	2
6) Профилактика және қоғамдық денсаулық		
130	Мүгедектік дәрежесін және күнделікті өмір белсенділігін бағалау	2
131	Пациенттерге салауатты өмір салты мәселелері бойынша кеңес беру (диета, физикалық белсенділік, тамақтану, темекі шегу, алкоголь)	4

132	Ауыз қуысын, тіс протездерін гигиеналық күтуге үйрету	4
133	Ауырсынуды басқару шараларын ұсыну	3
134	Психоәлеуметтік, экономикалық және гигиеналық жағдайды, соның ішінде қауіп факторларын бағалау	3
135	Отбасылық профилактикалық кеңес беру	4
136	Жұмыс орнын санитариялық-гигиеналық бақылау	4
137	Төтенше жағдайларда медициналық көмек көрсету	2
138	Жақ-бет аймағы ауруларының алдын алу шараларын ұйымдастыру	2
139	Қоғамдық орындарда инфекциялық аурулардың алдын алу	2
140	Қоғамдағы санитариялық-оқу ағартушылық жұмыс	4
141	Қоғамдағы инфекциялық аурулардың профилактикасы	3
142	Эпидемиологиялық әдістерді қолдана отырып, қоғамдық денсаулық мәселесін анықтау және шешу	2
7) Оқыту		
143	Клиникалық сұрақ құрастырып, оның шешімін әдебиеттерден іздейді	3
144	Клиникалық нұсқаулармен және хаттамалармен жұмыс істеу	3
145	Студенттер мен басқа да медицина мамандары үшін тәрбиелік дәрістер жүргізеді	3

Ескертпе:

**** Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, емшараларды меңгеру деңгейлері**

Меңгеру деңгейі	Сипаттама
1	Дағды/ рәсімдердің қалай орындалатынын біледі және түсінеді
2	Оқытушының жетекшілігімен дағдыны/ емшараларды, соның ішінде симуляция орталығында орындайды
3	Денсаулық сақтау ұйымындағы оқытушының жетекшілігімен дағдыны/емшараларды орындайды

4	Денсаулық сақтау ұйымындағы тәлімгер оқытушының жетекшілігімен дағдыны/емшараларды өз бетінше орындайды
---	---

Медициналық және
фармацевтикалық мамандықтар
бойынша жоғары білім берудің
үлгілік оқу бағдарламасына
10-қосымша

"Медициналық-профилактикалық іс" бағдарламасының оқыту нәтижелері және құзыреттіліктер тізімі

Ескерту. 10-қосымшамен толықтырылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 24.05.2023 № 86 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Құзырет	Оқу нәтижелері
	А. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына қауіп төндіретін мәселелерді анықтау: 1. Қоғамдық денсаулық сақтау мәселелерін/қатерді анықтау үшін сыни ойлауды қолдану; 2. Мәселенің ауқымын бағалау және одан әрі қажетті әрекеттерді, олардың ғылыми-тұжырымдалған деректер және ағымдағы жағдай ерекшеліктері негізінде алгоритмін анықтау; 3. Мәселені анықтау немесе бағалау үшін ұйым ішіндегі және одан тыс әріптестермен бірлесіп жұмыс жасау. В. Бақылау бойынша шаралар жүргізу: 1. Нақты жағдайларды, қоғамдық денсаулыққа қауіп төндіретін және қатерлі жағдайларды эпидемиологиялық қадағалау үшін шаралар әзірлеу; 2. Эпидемиологиялық қадағалау үшін жеткілікті мәліметтердің қажеттілігін анықтау; 3. Атқарылған жұмыс және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай білу; 5. Эпидемиологиялық қадағалаудың тиімділігін бағалау (немесе эпидемиологиялық қадағалау барысында жүргізілетін жеке шараларды); С. Халықтың арасында жедел және созылмалы жағдайларды немесе басқа қолайсыз нәтижелерді зерттеу: 1. Халықтың денсаулық жағдайына бағалау жүргізу; 2. Бар қауіптерді шешуде басымдылықты қою; 3. Халықтың денсаулық жағдайын зерттеудің, талдаудың адекватты әдістерін таңдау және қолдану ; 4. Гипотезаларды ұсыну; 5. Талдау жүргізуде көмек көрсету (мысалы, сырқаттанушылықты талдау, зерттеу немесе скрининг-бағдарламасы).

Бағалау және талдау	D. Мәліметтерді зерттеуге, жинауға, таратуға және пайдалануға қатысты этикалық принциптерді қолдану: 1. Мәліметтерді жоспарлау, жүргізу, жинау, тарату және пайдалануда этикалық нормалар мен принциптерді ұстану; 2. Мәліметтерді жинақтау және оларды басқаруда заңдылықтың сәйкесті нормаларын қолдану; 3. Қоғамдық денсаулық саласында жүргізілетін зерттеулерде этикалық нормаларды қолдану; 4. Биоэтика бойынша жергілікті, Ұлттық комиссиямен өзара әрекеттесу; 5. Мүдделер қақтығысын түсіну және шешу; 6. Жеке өмірге қол сұғылмаушылық, оның құпиялылығы, денсаулық құқығына, тараптардың жауапкершілігіне қатысты нормативтік актілерді қолдану. E. Бақылау, талдау нәтижесінде немесе басқа көздерден алынған мәліметтерді басқару: 1. Мәліметтер базасына қойылатын талаптарды құрастыру; 2. Мәліметтер базасымен жұмыс жасау; F. Эпидемиологиялық зерттеу мәліметтерін талдау; 1. Мәліметтерді талдау жоспарын жасау; 2. Мәліметтерді талдауды жүргізу. G. Талдау нәтижелерін жалпылау және қорытынды жасау: 1. Ұсыныстарды әзірлеу үшін эпидемиологиялық принциптер мен әдістер туралы білімді қолдану; 2. Арнайы талдаудың қажеттілігін анықтау, соның ішінде өмір сүруді талдау, экономикалық тиімділікті талдау/экономикалық пайда/экономикалық тиімділік; 3. Орындалған жұмыс туралы қорытынды жасау, соның ішінде негізгі ойларды бөліп көрсете білу. H. Эпидемиологиялық мәліметтер мен жағдайға негізделген нақты дәлелді араласулар мен бақылау шараларын ұсыну 1. Ұсыныстарды немесе араласуды дайындау үшін мәдени\әлеуметтік\саяси контекстті ескеру 2. Әрекеттер немесе араласу бойынша ұсыныстарды дайындау кезінде ғылыми мәліметтерді пайдалану.
	A. Эпидемиологиялық процессті басқару және тәжірибе үшін сырқаттанушылықтың себебі туралы қазіргі білімдерді қолдану: 1. Адам сырқатының негізгі этиологиялық процесстерін қызығушылық танытатын пәндік салалармен (мысалы, инфекциялық аурулар, созылмалы аурулар) корреляция жүргізу; 2. Сырқаттанушылықтың ықтимал тетіктерін анықтау үшін адам және қоршаған орта биологиясы,

Қоғамдық денсаулықтың ғылыми және тәжірибелік негізі

сонымен қатар мінез құлықтық ғылымдар мен принциптер туралы білімдерді қолдану;

3. Сырқаттанушылықтың себеп-салдарлық байланысына, профилактикасы мен бақылауына " иесі/қоршаған орта" моделінің принциптерін қолдану;

4. Денсаулықтың әлеуметтік мінез-құлық детерминанттарының (қоғамдық, саяси, әлеуметтік, жанұялық және жеке тұлғалық) әсері мен рөлін және оның сақталуын сипаттау;

5. Сырқаттанушылықтың профилактикасы және онымен күресу стратегияларын құрастыруда этиологиялық принциптерді енгізу.

В. Эпидемиологиялық шаралар үшін зертханалық әдістер мен ресурстарды қолдану:

1. Скрининг және диагностикалық тесттер нәтижелеріне әсер ететін факторларды ескере отырып, зертханалық мәліметтерді интерпретациялау;

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына қатысты лабораториялардың рөлі мен мүмкіндігін, олардың эпидемиологиялық зерттеуде қолдануын анықтау;

3. Үлгілерді алу, коммуникациямен қоса зертханалық және эпидемиологиялық іс-шараларды жоспарлау және үйлестіру

4. Үлгілерді алу, сақтау және тасымалдау бойынша қажетті шараларды қабылдау.

С. Тіршілік ету ортасы мен кәсіптік қызмет объектілерінің санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығының көрсеткіштерін бағалау:

1. Тіршілік ету ортаның, жұмыс орынның, атмосфералық ауаның, топырақтың, судың және тамақтық азық-түліктердің гигиеналық-эпидемиологиялық жағдайын бағалау;

2. Балалар мен жасөспірімдердің физикалық даму көрсеткіштерін бағалау, сауықтыру шараларын әзірлеу және жүргізу;

3. Халықтың радиациялық қауіпсіздігін ұйымдастыру бойынша дозиметриялық бақылауды және негізгі шаралардың кешенін жүргізу.

Д. Эпидемиологиялық тәжірибе үшін мәліметтерді жинау, өңдеу және талдаумен қоса ақпараттық технологияларды қолдану:

1. Іздеуді, мәліметтерді жинауды, енгізуді, абстракциялауды, басқаруды, талдауды, жоспарлауды, көруді, есеп беруді қолдайтын бағдарламалық құралдарды қолдану;

2. Электрондық жүйелердегі құпия ақпараттың тұтастығы мен қорғалуын қамтамасыз ету үшін процедуралар мен техникалық құралдарды (қауіпсіздікті) қолдану;

	3. Қоғамдық денсаулық сақтау саласында шешімдерді қабылдау үшін жаңа ақпарат жасауда әртүрлі көздерден мәліметтерді құрастыру; 4. Қазіргі технологияларды қолданумен эпидемиялық және басқа процесстерді модельдеу принциптерін түсіну.
Коммуникациялар	А. Қажетті ақпаратты мақсатты аудиторияға жеткізу, беру және ұсына білу: 1. Орындалған немесе жоспарланатын жұмыс туралы хабарлау үшін мақсатты аудиторияны, әдістер мен мазмұнын анықтау; 2. Өткізілген іс-шаралар туралы ақпаратты жазбаша және ауызша коммуникация құралдары арқылы кәсіби аудиторияға жеткізу; 3. Эпидемиологиялық ақпаратты жазбаша және ауызша коммуникация құралдары арқылы көпшілікке, бұқаралық ақпарат құралдарына және/немесе саясаткерлерге жеткізу; 4. Жағдайға байланысты таратылатын ақпараттың мазмұнын, оның көлемін, таралу жиілігін бейімдеу; 5. Қоғамдық денсаулыққа қауіп төндіретін қатерлер туралы хабарламаларды әзірлеуге қатысу; 6. Эпидемиологиялық мәліметтер немесе жағдай туралы қоғамдық сұратуларға жауап беру; 7. Санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықтың негізгі қағидаларын эпидемиолог емес мамандарға немесе төменгі деңгейдегі әріптестерге түсіндіре немесе үйрете білу; 8. Әріптестермен және жұртшылықпен қарым-қатынаста қауіптерді анықтай білу. В. Әріптестермен және жұртшылықпен тұлғааралық қарым – қатынас дағдыларын қолдану: 1. Тиімді тыңдау қабілетін көрсету, әсіресе қоғамдық денсаулыққа қатысты мәліметтерді ұсынғанда; 2. Кәсіптік, тұлғааралық, тәртіпаралық, пәнаралық және көп пәндік коммуникацияларды көрсету. С. Тиімді коммуникациялық технологияларды қолдану: 1. Коммуникация арналарын таңдауға қатысу және олардың интерфейсін анықтау; 2. Ақпаратты электрондық пошта, ескерту желілері, мәліметтер базасы және т.б. берілу арқылы қауіпсіздікті, құпияны және заңдылықты ескеретін саясатты қолдану; 3. Қоғамдық денсаулықты нығайту үшін тиімді білім беру, мінез-құлық әдістері мен құралдарын пайдалану (мысалы, ағарту жұмыстары, мінез-құлықты өзгерту, қоғамда пікірлерді қалыптастыру және жұмылдыру, бірігіп саясатты құрастыру арқылы).

Тәжірибе үшін әлеуметтік-қоғамдық маңыздылық және өзара әрекет ету	А. Эпидемиологиялық зерттеулерге, қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламаларына және ұлттық, аймақтық, популяциялық деңгейінде денсаулық сақтауды жоспарлау процесстеріне қосқан үлесін көрсету: 1. Эпидемиологиялық зерттеулерді құрастыру, түсіндіру және жүргізу кезінде халық туралы ақпаратты қолдану; 2. Ұлттық, аймақтық деңгейде денсаулық сақтау жүйесін жоспарлауға көмектесу үшін жергілікті денсаулық жүйесін санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық тұрғысынан бағалауға үлес қосу. В. Эпидемиологиялық зерттеулерді қолдау үшін қауымдастықпен серіктестік қарым-қатынасты дамытуға қатысу: 1. Эпидемиологиялық зерттеулер үшін қажетті серіктестер мен қызығушылық танытқан мүдделі тараптарды анықтау; 2. Эпидемиологиялық зерттеулерді жоспарлау, жүргізу және бағалауда қоғамдық маңызды нәтижелерге қол жеткізу үшін іс-әрекеттерге қатысу стратегияларын қолдану; 3. Эпидемиологиялық талдауға қатысатын серіктестер мен қызығушылық танытқан мүдделердің рөлін түсіндіру; 4. Мақсатты топтардың пікірін ескере отырып, эпидемиологиялық зерттеулерді әзірлеуге қатысу.
Кәсіби қызметті басқару (ағымдағы, стратегиялық жоспарлау және басшылық)	А. Кәсіби қызметтегі шараларды басқару: 1. Мақсаттар мен міндеттерді қою; 2. Орындаушыларға талаптарды анық жеткізу; 3. Орындалатын міндеттердің графигін құрастыру; 4. Топ құру, мақсатқа жету үшін адам және басқа ресурстардың қажеттілігін талдау; 5. Топ мүшелерінің өз міндеттерін орындау барысында жұмыс тиімділігін бағалау; 6. Нақты жазбаларды жүргізу. В. Қызметтер мен жұмыс көлемін жоспарлау кезінде қаржылық аспектілерін түсіну және ескеру: 1. Бюджетті ұйымдастыру қызметінің және құрудың қаржылық ережелерін білу; 2. Оперативтік жоспардың міндеттерін орындау үшін қажетті ресурстарды, соның ішінде персоналды, жабдықтарды, керек-жарактарды және іссапар шығындарын бағалау; 3. Күтпеген эпидемиологиялық шаралар нәтижесінде, атап айтқанда, жедел талдау жүргізу және төтенше жағдайларда туындауы мүмкін шығындарды бақылау және бағалау; 4. Белгілі бір бюджет шегінде қалу үшін іс-әрекеттерді қажетімен реттеу;

	5. Команда мүшелерін өз міндеттерін орындау кезінде қажетіне қарай оқыту.
Көшбасшылық және жүйелік ойлау	А. Денсаулық сақтау саласында халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығының маңыздылығын қолдау және насихаттау: 1. Барлық бағдарламалар мен іс-шараларда ұйымның көзқарасын насихаттау; 2. Стратегиялық жоспарлауда көмек көрсету; 3. Өзгерістерді ұсыну және енгізу; 4. Эпидемиологиялық қызметтің сапасын бағалау және жақсарту үшін тиімділік көрсеткіштерін қолдану; 5. Күнделікті өмірде және кәсіби қызметте этикалық мінез-құлықты көрсету. В. Еңбек ресурстарының дамуына ықпал ету: 1. Эпидемиологиялық шараларды тиісті деңгейде жүргізу үшін қажетті дағдылары бар команданы ұйымдастыру; 2. Үздіксіз білім беруді ынталандыру; 3. Команданы өз міндеттерін сапалы орындауға және кәсіби дамуына ынталандыру. С. Төтенше жағдайға жауап беруге дайындау: 1. Төтенше жағдайларға жауап беру жоспарын құрастыруда эпидемиологиялық перспективаны ескеру; 2. Эпидемиологиялық бөлімше үшін төтенше жағдайларға жауап беруді жоспарлауға қатысу; 3. Қоғамдық денсаулық сақтау саласында төтенше жағдайларға көңіл бөлу.
Денсаулық сақтау саясатына әсер ету	А. Санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылықты қамтамасыз ету саясатын құрастыру және талдауда эпидемиологиялық перспективаны енгізу: 1. Қоғамдық денсаулық сақтау саясаты түсінігін көрсету; 2. Санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылыққа қатысты саясатты құрастыруға қатысу; 3. Кәсіби қызмет және ғылыми зерттеулердің көмегімен қоғамдық денсаулық сақтау саясатының қайта құрылуына әсер ету; 4. Мемлекеттік қызметкерлерге және қаржыландыру көздеріне қолданылатын ережелер мен заңдарға, соның ішінде белгілі бір мүдделерді лоббирлеу мәселесі бойынша ұстану.

"Медициналық-профилактикалық іс" мамандығы бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Пәндер мен циклдар	Негізгі мазмұны
		О р г а н и з м н і ң анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері, дамудың

1.	Базалық пәндер циклі	жасушалық тетіктері, биохимия, микробиология, биостатистикалық есептеулер, эпидемиология негіздері. Халықтың, әріптестермен қарым-қатынас жасаудағы коммуникация негіздері. Қазақстан Республикасы х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілер. Адам организмін клиникалық-физиологиялық зерттеу әдістерінің физиологиялық негіздері. Сыни ойлау дағдылары. Фармакоэкономиканың және фармакоэпидемиологияның жалпы заңдылықтары. денсаулықты анықтайтын факторлар. Халық денсаулығын қалыптастыратын табиғи және антропогенді факторлар. Биостатистика, оның халық денсаулығын және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы органдары қызметін бағалаудағы маңызы. Биомедициналық этиканың негізгі қағидалары мен ережелері. Ауаның, топырақтың, судың ж а ғ д а й ы н а санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізу. Өндірістік ортаның факторлары. Санитариялық-эпидемияға қарсы ж ә н е санитариялық-профилактикалық шаралар. Дезинфекцияның, асептиканың, антисептиканың микробиологиялық негіздері. Маңызды бактериялық, вирустық сырқаттанушылықтарды микробиологиялық диагностикалау қағидалары. Эпидемиологиялық қадағалау, эпидемиологиялық диагностика, эпидемиологиялық талдау. Халықтың денсаулығы саласындағы зерттеулер. Радиациялық және биологиялық қауіпсіздік нормалары. Халықтың радиациялық қауіпсіздігі. Есепке алу-есеп беру құжаттамасы. Ішкі
-----------	-----------------------------	---

		ұйымдастыру және басқару функциясы. Менеджменттің мақсаты мен міндеттері. Еңбек гигиенасы, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, тағам гигиенасы, коммуналды гигиенасы саласында күштегі нормативтік-құқықтық актілер. Халықтың денсаулығын қорғау және нығайтуда мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау заңдылықтары және ролі. Тамақ кәсіпорындарын санитариялық-эпидемиологиялық тексеру схемасы. Тамақ кәсіпорындарының санитариялық жағдайын бақылау. Тамақтық азық-түліктерді стандартизациялау, олардың гигиеналық және құқықтық маңызы. Гигиеналық зерттеу объектілері, түрлері, әдістері және міндеттері. Жұмысқа қабілетсіздік – әлеуметтік-құқықтық категория ретінде.
2.	Бейіндік пәндер циклі	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау. Халықтың жеке категорияларының еңбегін реттеу ерекшеліктері. Еңбек медицинасы саласында қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер. Қоршаған орта объектілеріне санитариялық-лабораторлық бақылау жүргізу мәліметтерін бағалау. Халықтың физикалық дамуын, денсаулық жағдайын зерттеу, бағалау әдістері. Балалар мен жасөспірімдердің оқу қызметі, физикалық тәрбие гигиенасы. Денсаулық сақтау саласында мемлекеттік бақылау және қадағалау. Санитариялық-профилактикалық, эпидемияға қарсы шаралар, соның ішінде эпидемиологиялық талдау түрлері мен формалары. Инфекциялық және инфекциялық емес сырқаттанушылық жағдайларының жоғарылауын талдау алгоритмі. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасында жұмысты ұйымдастыру. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық

		саламаттылығы саласында проблемаларға талдау жүргізу. Тамақ кәсіпорындарын санитариялық-эпидемиологиялық тексеру схемасы. Тамақ кәсіпорындарының санитариялық жағдайын бақылау. Еңбек гигиенасы. Кәсіптік қауіпті (тәуекелді) бағалау. Жеке қорғаныс құралдары. Еңбек жағдайына байланысты жұмыс орнын аттестациялау. Жобалау, құрылыстаудың гигиеналық негіздері және мекемелердің көркейтілуіне, қондырғыларына қойылатын талаптар. Коммуналды объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар. Жалпы қабылданған, дамитын және үнемі қайта өзгеріп отыратын білімдерді қосқанда биомедициналық, клиникалық және әлеуметтік-мінез-құлықтық ғылымдар негізі саласында тәжірибеде білімдерді қолдану және көрсету.
--	--	--

Ескертпе:

****Практикалық дағдыларды меңгеру деңгейлері**

"Медициналық-профилактикалық іс" бағдарламасы бойынша тәжірибелік дағдылар

№	Тізімі	Меңгеру деңгейі**
1.	Индивидуумның және популяцияның денсаулығының детерминанттарын, санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық проблемалары мен қауіптерін анықтау.	Білу
2.	Халықтың денсаулығын зерттеу және бағалау әдістерін меңгеру. Эпидемияға қарсы және профилактикалық шараларды ұйымдастыру және жүргізу.	Тәлімгердің жетекшілігімен жүргізу
3.	Өзірленген және жүргізілген шаралардың нәтижесінде алынған мәліметтерді басқару, оларды ғылыми және тәжірибелік мақсатта қолдану.	Тәлімгердің бақылауымен ұйымдастыру және өткізу
	Халық, қоғамдық және өндірістік бөлмелерінде микроклимат параметрлерін, жарықтандыруды, жылыту және ауа алмасу жүйелерін, судың, топырақтың,	Өз бетінше қолдану және меңгеру

	ауаның сапасын бағалау әдістерін меңгеру, оларды ұйымдастыру бойынша шаралар ұсыну.	
4.	Инфекциялық және инфекциялық емес сырқаттанушылықты, қоршаған орта объектілерінің жағдайын эпидемиологиялық бақылау және қадағалауды ұйымдастыру. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығының маңыздылығын қолдау және насихаттау.	Өз бетінше ұйымдастыру және талдау

Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша жоғары білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына 11-қосымша

"Жалпы дәрігерлік практика" мамандығы бойынша интернатураның үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы

Ескерту. Бағдарлама 11-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік – жалпы практика дәрігері (амбулаториялық-емханалық ұйымдар мен ауылдық жерлерде, оның ішінде аудан орталықтарында, сондай-ақ қалалық үлгідегі елді мекендерде орналасқан ұйымдар үшін)

№ р/с	Пәндердің (модульдердің) атауы	Кредиттер саны
1	Бейіндік пәндер циклі	56
1)	Міндетті компонент	52
	"Жалпы дәрігерлік практика" модулі	52
	Таңдау компоненті	4
2)	Қорытынды аттестаттау	4
2	Жиыны:	60

"Жалпы дәрігерлік практика" мамандығы бойынша үлгілік бағдарламаның мазмұны және практикалық дағдылар, манипуляциялар, емшаралар

Жалпы дәрігерлік практика"	Меңгеру деңгейі *
Жалпы практика дәрігерінің жұмысын ұйымдастыру	
МСАК мекемелерінің құрылымы. МСАК нормативтік-құқықтық базасы. Халыққа медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаттары мен қағидалары. Халықтың әртүрлі	4

санаттарына амбулаториялық жағдайда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру	
МӘМС және ТМҚКК пакеттерімен, МСАК деңгейінде электрондық тіркелімдермен жұмыс. Денсаулық сақтауда ақпараттық жүйелерді қолдану. "Кешенді медициналық ақпараттық жүйе"	4
Дәрігерлік практикада неғұрлым кең таралған аурулармен ауыратын науқастарға динамикалық байқау жүргізу (аурудың сатысын анықтау алгоритмі, асқынулардың, рецидивтердің профилактикасы, диспансерлік науқастарды жоспарлы емдеудің тиімділігін талдау, қолдаушы терапияның режимін айқындай отырып динамикалық байқау бағдарламасын әзірлеу, калпына келтіру емінің нәтижелерін мониторингілеу). Инфекциялық емес созылмалы (ИЕСА) ауруларды басқару бағдарламасының (АББ) ұйымдастырушылық аспектілері. Профилактикалық консультация. ИЕСА ауыратын науқастарға МСАК деңгейінде көмек көрсетуді ұйымдастыру	4
МСАК-тың медициналық ұйымдары деңгейінде балалар мен ересектерге профилактикалық көмекті ұйымдастыру. Балалар мен ересектерді скринингілік қарап-тексеру (нормативтік-құқықтық база, ұйымдастыру және өткізу, мониторинг)	4
Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу. Еңбек ету қабілетінен тұрақты айырылу сараптамасын ұйымдастыру. Пациенттерді МӘС-ке ресімдеу және сараптамаға жіберу қағидалары	4
МСАК ұйымдарында есепке алу-есептік құжаттаманы жүргізу	
Бекітілген учаскенің паспортын толтыру. Учаскеге бекітілген халық санағын өткізуге қатысу. Халықтың денсаулық жағдайының статистикалық көрсеткіштерін талдау	4
Еңбекке уақытша жарамсыздық парақтарын, еңбекке уақытша жарамсыздықты куәландыратын құжаттарды толтыру, профилактикалық ехпелерді есепке алу журналын толтыру, талдауға жолдаманы, стационарлық емделуге, санаторийлік-курорттық емделуге жолдаманы толтыру және т.б.КМАЖ жүйесі арқылы емдеуге жатқызуға жолдамаларды, ҚДҚ-ға жолдамаларды, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге арналған рецептілерді құру. Санаторийлік-курорттық емдеуге арналған карта	4
ЖПД клиникалық практикасындағы дәлелді медицина	
- жалпы практикада медициналық (клиникалық) аудитті ұйымдастыру, жүргізу және бағалау негіздері	2

- дәлелді медицина қағидаттарына негізделген клиникалық практикалық нұсқаулықтарды (КПН) әзірлеу процесі	2
- пациенттің клиникалық проблемасын сұрақта тұжырымдау, тиісті деректерден дәлелді ақпарат іздеу. Алынған деректердің өз практикасында қолданылуын талдау	4
- AGREE құралымен МСАК-та қолданылатын КПН бағалау	4
МСАК жағдайында көмек көрсету қағидаттары	
1. Жүкті әйелдерді, жасөспірімдерді, балаларды және егде жастағы пациенттерді, олардың ерекшеліктерін ескере отырып, қадағалап-қарау	4
– Жүкті әйелдерді антенаталдық байқау, физиологиялық жүктілікті қадағалап-қарау, босануға психологиялық-әлеуметтік дайындық, ДДСҰ ұсынымдарына сәйкес емшек сүтімен қоректендіруге дайындық, отбасын жоспарлау мәселелері, контрацепция, бедеу неке, сүт безі қатерлі обырының профилактикасы алдын алу, отбасылық өмірдің этикасы, психологиясы, медициналық-генетикалық және медициналық-сексуалдық аспектілері бойынша консультация	4
– Ерте жастағы балаларды тамақтандыру (емшек сүтімен қоректендіру, қосымша тамақ беру), психологиялық-әлеуметтік дамыту, шынықтыру, балаларды мектепке дейінгі мекемелерге, мектепке даярлау және кәсіби бағдарлау мәселелері бойынша консультация	4
2. Тыныс алу, қанайналым, асқазан-ішек жолдарының, зәр шығару, қан өндіру органдарының және эндокриндік жүйелердің зақымдану синдромдары кезінде ересектер мен балаларды амбулаториялық жағдайларда ұтымды саралап диагностикалау, қадағалап-қарау және динамикалық байқау тактикасының алгоритмі	4
Ішкі аурулар және балалар аурулары клиникасында кеңінен таралған патологияларды зерттеудің зертханалық және аспаптық әдістері	
- зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін жүргізуге көрсетілімдер, науқасты дайындау, стерилдік пункцияға, трепанобиопсияға көрсетімдер, қарсы көрсетілімдер және биопсияның асқынулары	2
- гемодинамикалық көрсетілімдер (жүрек индексі, сол жақ қарыншаның шығарым фракциясы, орталық веналық қысым)	2
- бронх-дилатациялық сынама	3
- Холтер бойынша ЭКГ мониторингілеу, АҚ тәуліктік мониторингілеу, велоэргометрия,	

эндомиокардиялық биопсия, функционалдық жүктеме тестілерінің нәтижелерін түсіндіру	3
- кеуде қуысы ағзаларының көзбен шолып зерттеп-қарау деректерін түсіндіру, сыртқы тыныс алу функциясын зерттеу деректерін – пикфлоуметрияны түсіндіру, өкпе патологиясы бар науқастың зертханалық әдіспен алынған (гемограмма, биохимиялық талдау, қанның газдық құрамы және т.б.) нәтижелерін түсіндіру, қақырықты, плевралды жалқықты зерттеу нәтижелерін түсіндіру	4
- пациентке дозаланған аэрозольді ингаляторларды, спейсерлер мен небулайзерлерді қолдану техникасын, пикфлоуметрия техникасын және БД және ӨСОА күшпен шығарған дем көлемін (КШДК) мониторингілеуді үйрету	4
– миокард некрозының зертханалық маркерлерін, миокард пен эндокардтың қабынбалы ауруларындағы жіті фазалық көрсеткіштерді түсіндіру, жалпы және биохимиялық қан талдауының мәліметтерін түсіндіру: гиперферментемия, гиперлипидемия, гипергликемия, инсулинге резистенттілік, электролиттік баланстың бұзылуы, гиперлиппротеинемия түрлерін анықтау, көмірсуға толеранттылықтың бұзылыстары, инфекциялық эндокардит, миокардиттер, миокард инфаркті кезінде иммунологиялық қан талдауы нәтижелерін түсіндіру, ЖИА, ТКА мен АКШ кейін, ӨАТЭ жүрек ақауларына операция жасалған науқастарда гемостаз жүйесіндегі бұзылыстарды (РБУ, АЖТУ, плазмадағы фибриногенді, ПТИ, антитромбин III, тромбоциттердің адгезиясы мен агрегациясы, тромбин уақыты, халықаралық стандартталған қатынас) түсіндіру	4
- визуализация әдістерінің деректерін түсіндіру (коронарография, эхокардиография, магистральдық және перифериялық тамырларды УДЗ, ішперде қуысы ағзаларын МРТ, КТ, УДЗ)	4
- жүрек ауруларының ЭКГ-диагностикасы	4
- АІЖ көзбен шолып зерттеп-қарау нәтижелерін түсіндіру: асқазанды екі еселі контрастылау, ирригоскопия, контрастты холецистография, ретроградты холангиопанкреатография, эзофагогастро-дуоденоскопия, колоноскопия, ректороманоскопия нәтижелерін түсіндіру. ішперде қуысы ағзаларын УДЗ, АІЖ сілемейлі қабатының зақымдануы кезінде және бауыр патологиясы кезінде гистологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру, вирусты гепатит маркерлерін анықтауға иммуноферментті талдауды, гепатит вирустарын анықтау үшін полимеразды тізбекті реакцияны,	4

асказанды, он екі елі ішекті, аш ішекті және тоқ ішекті, өт шығару жолдарын функционалдық зерттеу деректерін, копрология, нәжісті бактериологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру	
– аурудың рентгенологиялық сатысын анықтай отырып буындар мен омыртқаның қабыну өзгерістерінің жіті фазалық зертханалық маркерлерін (ЖҚТ, СРБ және т.б. бойынша) түсіндіру, магниттік-резонанстық томография, компьютерлік томография, рентгенологиялық зерттеп-қараудың мәліметтерін түсіндіру, синовий сұйықтығын зерттеу нәтижелерін түсіндіру	4
– көмірсу алмасуын зерттеу деректерін түсіндіру: гликемиялық бейін, глюкозуриялық бейін, глюкозаланған гемоглобин, иммунореактивті инсулин, гормоналдық статусты зерттеу (қалқаншабез, бүйрекүсті бездері гормондары, гипофиздің жыныстық, тропты гормондары, гипоталамустың либериндері мен статиндері), эндокрин жүйесінің негізгі синдромдарының зертханалық маркерлері (биохимиялық, иммуноферменттік әдістер), қалқаншабезді, бүйрекүсті бездерін, ұйқыбезді және жыныстық бездерді УДЗ деректерін түсіндіру, эндокрин жүйесі ағзаларын визуализация әдістері (рентген, МРТ, КТ) деректерін түсіндіру	4
- несепті зерттеу деректерін түсіндіру, бүйректің функционалдық жай-күйін зерттеу деректері, бүйрек функциясы жеткіліксіздігінің, бүйрек ауруларының негізгі синдромдарының (нефроздық, нефриттік және т.б.) зертханалық маркерлері (биохимиялық, электролиттер, гормондар), визуализация әдістерінің деректерін түсіндіру (УДЗ, рентген, МРТ, КТ), бүйректі гистологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру	4
- қанның жалпы талдауын, гемограмманы, қанның биохимиялық талдауын түсіндіру (сарысу темірінің көрсеткіштері, ферритин деңгейі, қан сарысуының жалпы темір байланыстыру қабілеті, ұю және қан ұюға қарсы жүйелердің, тамыр-тромбоциттік және коагуляциялық гемостаздың, паракоагуляция өнімдерінің, фибринолиз жүйесінің негізгі көрсеткіштері), миелограмманы, арнайы зертханалық маркерлерді (биохимиялық, электролиттер, ферменттер, типтік емес жасушалар, онкомаркерлер, иммуноглобулиндер, иммундық кешендер, аутоантиденелер, комплемент жүйесі, Кумбстың тікелей және жанама сынамалары) түсіндіру	4
Ауруханаға дейінгі кезеңде жедел және шұғыл көмек көрсету	
- жоғарғы тыныс алу жолдарын тазалау әдістері, сұйықтықты аспирациялау, трахеотомия,	

трахеостомия, жаңа туған нәрестені алғашқы реанимациялау	3
- ЭКГ-ні түсіндіру, асқазанды зондпен жуу, тік ішекті саусақпен зерттеу, простатаны саусақпен зерттеу, қуықты катетерлеу	4
- ЭКГ жазу, пиклоуметрия жүргізу	4
МСАК деңгейіндегі ішкі аурулар	
Барлық жас топтарында ішкі ағзалардың неғұрлым жиі кездесетін ауруларын диагностикалау, емдеу және профилактикасы, шұғыл жағдайларды ерте диагностикалау және дәлелді медицина тұрғысынан көмек көрсету	
Жөтел	
- өкпе гипоплазиясы, бөгде зат, саркоидоз, муковисцидоз	2
- бронх демікпесінің жөтел түрі, бронхиолиттер, тонзиллиттер, аденоидтар, көкжөтел	3
- тыныс алу ағзаларының ісіктері, гастроэзофаго-рефлюкс ауруы, пневмония, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, өкпе абсцесі, бронхэктаздық ауру, өкпе-бронх жүйесінің туберкулезі, жүрек функциясының жеткіліксіздігі	4
- ұстама тәрізді жөтел кезінде ауруханаға дейінгі кезеңде жедел және шұғыл көмек көрсету	4
Ентікпе, тұншығу	
- бөгде зат, истериялық демікпе	2
- тыныс алу ағзаларының ісіктері, гастроэзофаго-рефлюкс ауруы, пневмония, өкпенің созылмалы обструктивті ауруы, өкпе абсцесі, бронхэктаздық ауру, бронх-өкпе жүйесінің туберкулезі, синуситтер, жүрек функциясының жеткіліксіздігі	4
- тұншығу кезінде ауруханаға дейінгі кезеңде жедел және шұғыл көмек көрсету	4
Артериялық гипертензия	
- эссенциалдық артериялық гипертензия	4
- бүйрек артериясының фибро-бұлшықет гиперплазиясы, аорта және оның тармақтарының артерииті, бүйрекүсті безінің аденокарциномасы, басқа минералокортикоидтардың гиперсекрециясы, моноаминоксидаза ингибиторлары, аортаның коартациясы, Кон синдромы (бастапқы альдостеронизм), феохромоцитома, феохромобластома	2
- реноваскулярлық гипертония, глюкокортикоидтардың гиперсекрециясы (Иценко-Кушинг синдромы, Кушингоидты синдром), кортикостероидты препараттарды, жүкті болып қалуға қарсы дәрі-дәрмектерді қабылдау, бүйрек артерияларының атеросклерозы, поликистоз және бүйректің басқа да туа біткен ауытқулары, қалқаншабез гормондарының гиперсекрециясы	3

Кеуденің ауыруы	
- аорталгия, эпидемиялық миалгия	1
- митральды қақпақшаның салбырап түсіп кетуі, құрғақ плеврит	2
- миокардит және кардиомиопатия, ревмокардит, климактериялық кардиомиопатия, рефлюкс-эзофагит, асқазанның ойықжара ауруы, холецистит, панкреатит, аорта аневризмасының жарылуы	3
- миокард инфарктісі, нейроциркуляторлық дистония, омыртқаның кеуде бөлігінің остеохондрозы, құрсау теміреткі, пневмоторакс, аортаның қатпарлы аневризмасы, стенокардия, ӨАТЭ	4
- кеуденің ауыруы кезінде ауруханаға дейінгі кезеңде жедел және шұғыл көмек көрсету	4
Жүрек функциясының созылмалы жеткіліксіздігі	
- жүрек ісігі, карциноидты ісік, оңжақ жүрекшенің миксомасы, іркілісті кардиомиопатия, фибропластикалық париетальды эндокардит, эндокардиальды фиброэластоз, жүрек амилоидозы	1
- өкпе артериясы қақпақшасының жеткіліксіздігі, жүрекше аралық далданың ақауы, митралдық жеткіліксіздік, митралдық стеноз, аорталық стеноз, өкпе артериясы сағасының стенозы, трикуспидальды жеткіліксіздік, трикуспидальды стеноз, аорталық жеткіліксіздік, миокардит	3
- инфаркттен кейінгі кардиосклероз, созылмалы өкпелік жүрек	4
- жүрек функциясының жіті жеткіліксіздігінде емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде шұғыл және жедел шұғыл көмек көрсету	4
Лимфа түйіндерінің ұлғаюы	
- Сезари синдромы, Брилл-Симмерс, Беркит аурулары	1
- ЖИТС, лимфосаркома, мерез, токсоплазмозды лимфаденит	2
- жүйелі қызыл жегі	3
- туберкулездік лимфаденит, саркоидоз, созылмалы лимфолейкоз, пролимфоцитарлық лейкоз, Т-лимфоцитарлық лейкоз, жіті лимфобласты лейкоз, жіті миелобласты лейкоз, лимфа түйіндеріне қатерлі ісік метастаздары	4
Ісіну	
- лимфа ісігі, амилоидоз, ішек лимфангиэктазиясы, Спру синдромы	1
- бүйрек трансплантациясы, трансплантацияның иммунологиялық проблемалары, реципиентті трансплантацияға дайындау және бүйрек	2

трансплантациясы жасалған пациентті қадағалап-қарау	
- аш ішек ісіктері, Уиппл ауруы	3
- жүрек функциясының жеткіліксіздігі, өкпе-жүрек функциясының жеткіліксіздігі, нефроздық синдром, бүйрек функциясының жеткіліксіздігі, диабеттік нефропатия, Квинке ісігі	4
Асцит	
- мезотелиома, псевдомиксома, констриктивті перикардит, ішек лимфоангиэктазиясы, Уиппл ауруы, Мейгс синдромы	1
- панкреатит, микседема, туберкулездік перитонит	2
- бауыр ісіктері, обыр метастаздары, бауыр циррозы, нефроздық синдром, жүрек функциясының жеткіліксіздігі	4
Аритмиялар	
- Вольф-Паркинсон-Уайт синдромы, жүрекше-қарыншаның өткізгіштігінің баяулауы	1
- жүрекше экстрасистолиясы, суправентрикулярлық тахикардия	3
- жүрекшенің дірілі мен жыпылықтауы, синустық аритмия, қарыншалық экстрасистолия, толық көлденең блокада	4
- өмірге қауіп төндіретін аритмиялар кезінде ауруханаға дейінгі кезеңде жедел және шұғыл көмек көрсету	4
Жүректегі шуыл	
- өкпе артериясының идиопатиялық кеңеюі, ашық артериялық ағын кезіндегі, артериявенздық аневризма, стеноз және артериялардың дилатациясы, аортаның және оның тармақтарының артерииті кезіндегі систолалық шуыл	1
- аорта атеросклерозы, қақпақшалық митралдық жеткіліксіздік, қақпақшалық трикуспидалдық жеткіліксіздік, аорталды стеноз, митралды стеноз, өкпе артериясының стенозы	4
Қысқа уақытқа есінен тану	
- хирургиялық симпатэктомия, фармакологиялық десимпатизация, жүрек миксомасы, жүректің шар тәрізді тромбы, акинезиялы шағын талма, фокальды талмалар	1
- веналардың варикозды кеңеюі, ірі веналардың жылжымалы ісіктермен қысылуы, қан ағымының механикалық кедергілері, плеврогендік шок, кіші эпилепсиялық талма, мидың шайқалуы, истерия, аортаның қатпарлы аневризмасы	3
- постуральды гипотония, ортостаздық гипотония, АҚК (айналымдағы қан көлемінің) жіті азаюы, диуретиктік терапия, асциттік сұйықтықты шығару,	4

куықты босату, эпилепсиялық үлкен талма, жүректің тоқтауы және аритмия	
- қысқа уақытқа есінен танған кезде ауруханаға дейінгі кезеңде жедел және шұғыл көмек көрсету	4
Өкпе гипертензиясы	
- кеуде ішіндегі қысымның жоғарылауы	1
- өкпенің ілкі гипертензиясы	3
- өкпе артериясының ұсақ тармақтарының эмболиясы, өкпенің қайталама гипертензиясы	4
- өкпе артериясының тромбоэмболиясы кезінде ауруханаға дейінгі кезеңде жедел және шұғыл көмек көрсету	4
Себебі белгісіз қызба	
- диафрагмаасты абсцесі, бауырасты абсцесі	2
- ісік генезінің қызбасы (бүйрек, бауыр ісіктері, лимфогрануломатоз, лимфосаркома және т.б.), паранефрит, жүйелі қызыл жегі, түйінді периартериит, іш сүзегі, Крон ауруы	3
- менингококк сепсисі, безгек, холангит және бауыр абсцесі, іріндеген бронхоэктаздар, туберкулез, бруцеллез, пиелонефрит, жіті ревматизмдік қызба, ревматоидты артрит, қан және қан өндіретін ағзалардың аурулары, тиреотоксикоз, созылмалы гепатиттер және бауыр циррозы, дәріден болған қызба, сепсис, балалар инфекциялары	4
Анемия	
- эритроциттер мембранасының аномалиялары, сфероцитоз, эллипсоцитоз, стоматоцитоз, жасушаішілік ферменттердің жеткіліксіздігі, глюкоза-6-фосфатдегидрогеназаның жеткіліксіздігі, пируваткиназаның жеткіліксіздігі	1
- гемоглобинопатия, диетада белоктың тапшылығы немесе оны АІЖ арқылы көп жоғалту	2
- В12 витамині мен фолий қышқылының тапшылығы немесе олардың метаболизмінің бұзылуы, ІІ транскобаламиннің жеткіліксіздігі, тұқым қуалайтын гемолиздік анемиялар, аплазиялық және гипоплазиялық анемиялар, жүре пайда болған гемолиздік анемиялар, тұқым қуалайтын гемолиздік анемиялар	3
- жіті және созылмалы темір тапшылығы анемиясы	4
Іштің ауыруы	
- хирургиялық, терапевтік, гинекологиялық, урологиялық байқауды немесе емдеуді талап ететін неғұрлым кең таралған интраабдоминалдық аурулардың сараланған диагностикасы	4
- хирургиялық, терапевтік, гинекологиялық, урологиялық, неврологиялық байқауды немесе емдеуді талап ететін неғұрлым кең таралған	4

экстраабдоминалдық аурулардың сараланған диагностикасы	
Сарғаю	
- ферментопатиялар (глюкоза-6-фосфатдегидрогиназаның, пируваткиназаның, глутатионредуктазаның және т.б. жеткіліксіздігі), гемоглобинопатиялар, мембранопатиялар, орақ тәрізді жасушалы анемия, талассемия, микросфероцитоз және т.б. (овалоцитоз, акантоцитоз, стоматоцитоз), пароксизмалдық түнгі гемоглобинурия, конституциялық сарғаю (Дабин-Джонсон синдромы, Ротор синдромы), Жильбер синдромы, Криглер-Найяяр синдромы, Люси-Дрисколл синдромы және басқа да гемолиздік емес сарғаю, бауыр артериясының аневризмасы, лимфогранулематоз және т.б.	1
- сары қызба, бактериялық гепатиттер (лептоспироз, иерсиниоз), протозойлық гепатиттер (токсоплазмоз, опистрохоз, фасциолез), он екі елі ішектің ісіктері мен дивертикулдары	2
- иммундық гемолиздік анемиялар, тұқым қуалайтын (туа біткен) гемолиздік анемиялар, химиялық зақымдар, гемолиздік улар, қорғасын, ауыр металдар, органикалық қышқылдар, паразиттер - безгек және т.б.), бауыр эхинококкозы, өт шығару жолдарының ісіктері мен бітелуі	3
- А, В, С, Д, Е вирустық гепатиттері, инфекциялық моноклеоз, уытты, дәрілік, алкогольдік гепатиттер, бауыр ішіндегі холестаз және бауырдың бастапқы биллиарлық циррозы, бауырдың бастапқы обыры, жүкті әйелдердің сарғаюы, ұйқыбез басының ұлғаюы (обыр, панкреатиттер), өтас ауруы	4
Эндокриндік синдромдар	
- гипогонадизм, ерте жыныстық даму синдромы, соматогенді нанизм, акромегалия, плюрегландулярлық жеткіліксіздік, АДГ гиперсекреция синдромы, бастапқы гиперальдостеронизм, Педжет ауруы, бастапқы гиперпаратиреоз, гиперкальциемия, гипокальциемия және т.б.	2
- қалқаншабез обыры, қантты емес диабет, Иценко-Кушинг ауруы, акромегалия, гиперпролактинемия, гипопитуитаризм, гипофиз ісіктері, бүйрекүсті безінің жеткіліксіздігі, феохромоцитома	3
- қантты диабет, семіздік, диффузды уытты зоб, гипотиреоз, эндемиялық зоб, тиреоидиттер, остеопороз, Кушинг синдромы, аменорея, гирсутизм, мерзімінен бұрын жыныстық жетілу, ер адамның гипогонадизмі, бедеулік, менопауза	4

- нефропатияны, ретинопатияны, диабеттік табанды ерте диагностикалау және профилактикасы, науқастарды медициналық оңалту, инсулиндердің дозасын есептеу	4
- Диабет мектебінде пациентке диеталық режим ережелерін, гликемияны анықтау және инсулинді қолдану және оны енгізу әдістерін үйрету	4
- диабеттік комалар: кетоацидоздық, гиперосмолярлық, лактатацидотикалық, гипогликемиялық, тиреотоксикалық криз, бүйрекүсті кризі, бүйрекүстілік жіті жеткіліксіздік кезінде емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде жедел және шұғыл көмек көрсету	4
- қалқаншабезді пальпациялау, дене салмағының индексін есептеу	5
Диарея	
- ішектің қабынбалы аурулары, ісік аурулары, энзимопатиялар кезіндегі диарея, ішперде қуысы ағзаларына операциялық араласудан кейінгі диарея, эндокриндік аурулар кезіндегі диарея, ішектің қан тамырлары аурулары кезіндегі диарея	3
- функционалдық диарея, инфекциялық, дәрі-дәрмектік диарея, ұйқыбездің сыртқы секрециялық жеткіліксіздігі кезіндегі диарея	4
Іш қату	
Орталық нерв жүйесінің аурулары, шеткері нерв жүйесінің аурулары, эндокриндік жүйе аурулары	2
Тоқ ішек аурулары, метаболизм бұзылыстары, тік ішек аурулары, үйреншікті іш қату, жүкті әйелдердегі іш қату, дәріден іш қату	4
Ішкі аурулар клиникасында кеңінен таралған патологияларды зерттеудің зертханалық және аспаптық әдістері	
- көрсетімдер, науқасты зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін жүргізуге дайындау, стерналдық пункцияға, трепанобиопсияға көрсетімдер, қарсы көрсетімдер және биопсияның асқынулары, биопсия әдістемесі	2
- гемодинамикалық көрсеткіштер (жүрек индексі, солжақ қарыншаның шығарым фракциясы, орталық веналық қысым, өкпе артериясындағы тығындалған қысым)	2
- бүйрек биопсиясы, артроскопия	3
- кеуде қуысы органдарын көзбен шолып зерттеп-қарау деректерін түсіндіру, сыртқы тыныс алу функциясын зерттеу деректерін – спирометрияны, пикфлоуметрияны түсіндіру, өкпе патологиясы бар науқастың зертханалық әдіспен алынған (гемограмма, биохимиялық талдау, қанның	4

газдық құрамы және т.б.) нәтижелерін түсіндіру, қақырықты, плевралды жалқықты зерттеу нәтижелерін түсіндіру	
- пациентке дозаланған аэрозольді ингаляторларды, спейсерлер мен небулайзерлерді қолдану техникасын, пикфлоуметрия техникасын және БД және ӨСОА кезінде КШДК мониторингілеуді үйрету	4
– миокард некрозының зертханалық маркерлерін, миокард пен эндокардтың қабынбалы ауруларындағы жіті фазалық көрсеткіштерді түсіндіру, жалпы және биохимиялық қан талдауының мәліметтерін түсіндіру: гиперферментемия, гиперлипидемия, гипергликемия, инсулинге резистенттілік, электролиттік баланстың бұзылуы, гиперлипидемия түрлерін анықтау, көмірсуға толеранттылықтың бұзылыстары, натриуретикалық пептид деңгейінің жоғарылауын, D-димерді анықтау, инфекциялық эндокардит, миокардиттер, миокард инфаркті кезінде иммунологиялық қан талдауы нәтижелерін түсіндіру, ЖИА, ТКА мен АКШ кейін, ӨАТЭ жүрек ақауларына операция жасалған науқастарда гемостаз жүйесіндегі бұзылыстарды (РБУ, АЖТУ, плазмадағы фибриногенді, ПТИ, антитромбин III, тромбоциттердің адгезиясы мен агрегациясы, тромбин уақыты, халықаралық стандартталған қатынас) түсіндіру	4
- визуализация әдістерінің деректерін түсіндіру (коронарография, эхокардиография, миокард сцинтиграфиясы, магистральдық және перифериялық қан тамырларының УДЗ, МРТ, КТ, ішперде қуысы ағзаларын УДЗ)	4
- Жүрек ауруларының ЭКГ-диагностикасы	4
- 6 минуттық жаяу жүру сынағы	4
- АІЖ визуалды зерттеп-қарау нәтижелерін түсіндіру: асқазан пневмографиясы, париетография, асқазанды екі еселі контрастылау, ирригоскопия, контрастылы холецистография, ретроградты холангиопанкреатография, эзофагогастродуоденоскопия, колоноскопия, ректороманоскопия нәтижелерін түсіндіру, ішперде қуысы ағзаларының УДЗ, КТ, МРТ, АІЖ сілемейлі қабаты зақымдануы кезінде және бауыр патологиясы кезінде гистологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру, вирустық гепатит маркерлерін анықтауға иммуноферментті талдауды, гепатит вирустарын анықтау үшін полимеразды тізбекті реакцияны, асқазанды, он екі елі ішекті, аш және тоқ ішекті, өт шығару жолдарын	4

функционалдық зерттеу деректерін, копрология, нәжісті бактериологиялық зерттеу деректерін түсіндіру	
- жітіфазалы қабыну өзгерістерінің зертханалық маркерлерін түсіндіру (ҚЖТ және СРБ және т.б. бойынша), иммунологиялық тексеру деректерін (аутоиммунды патологияның биомаркерлері) - аутоантиденелер (АНА, анти-ДНК, а-SCL, АНЦА, а-РНП, РФ, АЦЦП, а-КЛ және т.б.), комплемент, криоглобулин жүйелерін иммунологиялық тексеру деректерін түсіндіру, аурудың рентгенологиялық сатысын анықтай отырып буындар мен омыртқаның МРТ, КТ, УДЗ деректерін түсіндіру, сцинтиграфия, артроскопия, рентгенологиялық зерттеп-қарау деректерін түсіндіру, синовий сұйықтығын зерттеу деректерін түсіндіру	4
- көмірсу алмасуын зерттеу деректерін түсіндіру: гликемиялық бейін, глюкозуриялық бейін, глюкозаланған гемоглобин, С-пептид, иммунореактивті инсулин, гормоналдық статусты зерттеу деректерін (қалқаншабез, бүйрекүсті бездері гормондары, гипофиздің жыныстық, тропты гормондары, гипоталамустың либериндері мен статиндері), эндокрин жүйесінің негізгі синдромдарының зертханалық маркерлері (биохимиялық, иммуноферменттік), қалқаншабезді, бүйрекүсті бездерін, ұйқыбезді және жыныстық бездерді УДЗ деректерін түсіндіру, эндокрин жүйесі ағзаларын визуализация әдістері (рентген, МРТ, КТ, радиоизотопты зерттеу) деректерін түсіндіру	4
- несепті зерттеу деректерін түсіндіру, бүйректің функционалдық жай-күйін зерттеу деректері, бүйрек функциясы жеткіліксіздігінің, бүйрек ауруларының негізгі синдромдарының (нефроздық, нефриттік және т.б.) зертханалық маркерлері (биохимиялық, электролиттер, гормондар), бүйректі иммунологиялық зерттеу деректерін түсіндіру - иммуноглобулиндер, иммундық кешендер, аутоантиденелер, комплемент жүйесі, визуализация әдістерінің деректерін түсіндіру (УДЗ, рентген, МРТ , КТ, бүйрек тамырларын радиоизотопты зерттеу, ангиография, доплерография), бүйректі гистологиялық және имунофлюоресценттік зерттеу нәтижелерін түсіндіру	4
- қанның жалпы талдауын, гемограмманы, қанның биохимиялық талдауын түсіндіру (сарысу темірінің көрсеткіштері, ферритин деңгейі, қан сарысуының жалпы темір байланыстыру қабілеті, қанның ұюы және қан ұюға қарсы жүйелердің, тамыр-тромбоциттік және коагуляциялық гемостаздың, паракоагуляция өнімдерінің, фибринолиз жүйесінің негізгі көрсеткіштері), миелограмманы, арнайы зертханалық маркерлерді (	4

биохимиялық, электролиттер, ферменттер, типтік емес жасушалар, онкомаркерлер, иммуноглобулиндер, иммундық кешендер, аутоантиденелер, комплемент жүйесі, Кумбстың тікелей және жанама сынамалары) түсіндіру	
Шұғыл және жедел шұғыл көмек көрсету	
- жоғары тыныс алу жолдарын тазалау әдістері, сұйықтықты аспирациялау, трахеотомия, трахеостомия, дефибрилляция	3
- ЭКГ түсіндіру, спирометрия жүргізу, асқазанды зондпен жуу, тік ішекті саусақпен зерттеу, простатаны саусақпен зерттеу, қуықты катетерлеу	4
Хирургиялық аурулар (ЖПД)	
- жіті хирургиялық патология: жіті аппендицит, жіті түйнек, асқынған ойықжара ауруы (қан кету, перфорация, пенетрация, малигнизация, қақпашының стенозы), жұмсақ тіңдердің іріңдеу процестері, бүйрек коликасы, зәрдің жіті кідіруі	3
- панарицийлерді, паронихияларды ашу, фурункулдарды, гидраденитті, тері және тері асты іріңдерін ашу	3
- жұтқыншақтан, сыртқы есту жолдарынан, мұрын қуысынан бөгде заттарды диагностикалау және алып тастау	3
- көру ағзасының жарақаты, глаукоманың жіті ұстамасы	3
- простатит, простата аденомасы, цисталгия, крипторхизм	3
- сүйектердің сынуы, травмалық остеомиелит, шығулар, иықтың әдеттегі шығуы, жалпақ табандық, бұлшықеттік қисық мойын, туа біткен маймақтық, жамбастың туа біткен шығуы, омыртқаның қисаюы	3
- қан тамырларының аурулары (жіті флеботромбоздар, тромбофлебиттер, артерия эмболиялары), геморрой, артқы өтістің жарығы, бурсит, тендовагинит; соғылу, жарақаттар, жануарлардың қабуы, үсіктер, күйіктер	3
- төменгі жақсүйектің, иық сүйегі басының шығуын түзету, түтікті сүйектердің, бұғананың, омыртқаның сынуы кезіндегі көліктік иммобилизация	3
- ашық пневмоторакста герметикалық таңғыш салу, пневмоторакстың кернеуі кезінде плевра қуысына пункция жүргізу, мұрыннан қан кетуді тоқтату (мұрынның алдыңғы тампонадасы)	3
- операциялық жарадан тігістерді алу, күйік бетін, жұқпаланған жараларды өңдеу, жұмсақ таңғыштарды салу	4
- Мерфи, Кера, Ортнер, френикус-симптом, Щеткин-Блюмберг, Мейо-Робсон, Грот, Айзенберг I	

, II симптомдарын, көкбауыр және бауырдың бүгілу синдромдарын анықтау	4
МСАК деңгейіндегі акушерия және гинекология	
-нейроэндокриндік синдромдар, гениталдық туберкулез	2
- жүктіліктің патологиялық ағымы, экстрагениталды патология аясында жүктілік, жүктіліктің соңына дейін жетпеуінің негізгі себептері және олардың профилактикасы, босанғаннан кейінгі қабыну аурулары, жыныстық жолмен берілетін инфекциялар	3
- етеккір функциясының бұзылуы	4
- сыртқы акушерлік тексеру, қынапты екі қолмен зерттеу, ректальдық зерттеу, қынап айналарын енгізу, цервикальды каналдан жағындыларды тексеру және алу, жүктілікті диагностикалау, жатырішілік контрацептивтерді енгізу	4
- физиологиялық босануды қадағалап-қарау, босанғаннан кейінгі кезеңнің жай-күйін бағалау	4
- акушериядағы және гинекологиядағы емдеуге дейінгі кезеңде жедел және шұғыл көмек көрсету	4
МСАК деңгейіндегі балалар аурулары	
- ДДСҰ ұсынымдарына сәйкес айы-күні жетіп туған және шала туған нәрестенің патологиясы, жаңа туған нәресте кезеңінің ауруларын қадағалап-қарау	3
- жүйке-психикалық және физикалық дамуын бағалау, күтімді ұйымдастыру, ДДҰ бағдарламаларына сәйкес дені сау және ауру балаларды ұтымды тамақтандыру, әртүрлі жастағы балаларды динамикалық байқау, иммунопрофилактика, егпелер күнтізбесі	3
- синдромдық тәсіл негізінде балалар жасындағы жиі кездесетін ауруларды диагностикалау, емдеу және профилактикасы: темір тапшылығы анемиясы, жіті респираторлық вирустық аурулар, пневмония, жүректің туа біткен ақаулары, несеп жолдарының инфекциясы, гастродуодениттер, жіті ревматизмдік қызба, құрсақтың ішіндегі инфекция	4
- әртүрлі жастағы балаларда балалар ауруларын ықпалдастырылған түрде қадағалап-қарау қағидаттары бойынша шұғыл жағдайларда ерте диагностикалау және алғашқы дәрігерлік көмек көрсету және үйде патронажды болудың әмбебап-прогрессивті моделі қағидаты бойынша ерте жастағы балаларға патронаж жүргізу	4
- педиатрияда емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде жедел және шұғыл көмек көрсету	4
МСАК деңгейіндегі психиатрия, наркология	

- МСАК жағдайында психиатриялық және наркологиялық көмекті ұйымдастыру	3
- депрессия, шизофрения, невроздар, неврастения, әртүрлі соматикалық аурулар кезіндегі психоздар, психопатия, сексопатологиялық бұзылулар, маскүнемдік, нашақорлық, уытқұмарлық, геронтологиялық аспектілерге байланысты психикалық бұзылулар	3
- психиатриядағы және наркологиядағы оңалту, реадaptация, сараптама	3
- уақтылы анықтау және шұғыл психиатриялық және наркологиялық көмекті уақтылы көрсету, аталған науқастарды тиісті бейін мамандарына жіберу	3
МСАК деңгейіндегі неврология	
- негізгі генетикалық негізделген неврологиялық аурулар, жүйке жүйесінің кәсіптік аурулары (діріл ауруы), миофасциалдық синдромдар	3
- ми қанайналымының жіті бұзылуы, мидың және оның қабықтарының қабынбалы аурулары, мидың травмалық зақымдануы	3
- дисциркуляторлық энцефалопатиялар, перифериялық нерв жүйесінің аурулары, перифериялық нерв жүйесінің вертеброгендік аурулары	3
- уақтылы анықтау және шұғыл неврологиялық көмекті уақтылы көрсету, аталған науқастарды тиісті бейін мамандарына жіберу	3
- моторлық қасиеттерді зерттеу (қалып, бұлшықет тонусы, контрактура, бұлшық ет атрофиясы), сіңір рефлексдерін зерттеу, сезімталдықты анықтау, үйлестіру қозғалыстарын бағалау	4
МСАК деңгейіндегі фтизиатрия	
- туберкулездің өкпеден тыс түрлерінің негізгі клиникалық белгілері	3
- туберкулез кезінде эпидемияға қарсы іс-шараларды ұйымдастыру	3
- туберкулездің иммундық және химиялық профилактикасы. Туберкулез және АИТВ инфекциясы. Туберкулез және қантты диабет. Туберкулез және нашақорлық, туберкулез және маскүнемдік. Туберкулез, жүктілік және ана болу	3
- туберкулезге күдікті кезде зерттеп-қарау алгоритмі, тыныс алу ағзаларының туберкулезін диагностикалау, контингенттерді диспансерлік байқау, амбулаториялық жағдайларда туберкулездің химиялық профилактикасын және бақыланатын химиотерапияны жүргізу	3

- халық арасында санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізу	4
МСАК деңгейіндегі жұқпалы аурулар	
- ҚР инфекциялық қызметін ұйымдастыру	2
- карантиндік және аса қауіпті инфекциялар, геморрагиялық қызба, кене энцефалиттері кезінде ЖПД өткізетін іс-шаралар	3
- жұқпалы ауруларды диагностикалау және емдеу: бруцеллез, жіті ішек инфекциялары, АИТВ инфекциясы, сүзек және паратифоздық аурулар, вирусты гепатиттер, ботулизм, тамшы инфекциялары, безгек, токсоплазмоз, тілме, оба, тырысқақ, құрт және паразиттік инфекциялар, балалар инфекциялары - ауа-тамшылы, экзантемалар, менингококк инфекциясы	3
- ДДСҰ-ның диарея (ЖИ) және жіті респираторлық инфекциялар (ЖРИ) бойынша балалар жасындағы ауруларды интеграциялап қадағалап-қарау жөніндегі бағдарламасы	3
- санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау өкілдерімен бірлесіп, инфекция ошағында эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу	4
МСАК деңгейіндегі онкология	
- ҚР онкологиялық қызметін ұйымдастыру	2
- обыр алдындағы астарлас (облигаттық және факультативтік обыр) және обыр процестерін диагностикалау, емдеу және профилактикасы	3
- хирургиялық емдеуден, химиялық және сәулелік терапиядан кейін онкологиялық науқастарды оңалту, терминалдық науқастарға паллиативтік және симптоматикалық көмек көрсету (обыр кезінде ауырсыну синдромы және ауырсынуды басу, депрессиялық синдром және оны емдеу әдістері)	4
- онкологиядағы есепке алу құжаттамасы. Онкологиялық науқастардың клиникалық топтары. Қатерлі ісіктердің сатылар бойынша (I-IV сатылар) және TNM жүйесі бойынша клиникалық жіктелуі. Онкологиядағы диспансерлеу қағидаттары	4
Клиникалық фармакология	
- дәрілік заттарды ұтымды тағайындау, атап айтқанда, ұтымды антибиотикотерапия мәселелері	4

Ескертпе:

* Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, емшараларды меңгеру деңгейлері

Меңгеру деңгейі	Сипаттама
1	Дағдының/емшараның қалай орындалатынын біледі және түсінеді

2	Симуляциялық орталықтағы техникалық бөлімде оқытушының басшылығымен дағдыны (емшараны) орындайды
3	Денсаулық сақтау ұйымында оқытушының/тәлімгердің тікелей бақылауымен дағдыны (емшараны) орындайды
4	Денсаулық сақтау ұйымында оқытушының/тәлімгердің жанама бақылауымен дағдыны (емшараны) орындайды.

Медициналық және
фармацевтикалық мамандықтар
бойынша оғары білім берудің
үлгілік оқу бағдарламасына
12-қосымша

"Терапия" мамандығы бойынша интернатураның үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы

Ескерту. Бағдарлама 12-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік – терапевт дәрігері (амбулаториялық-емханалық ұйымдар мен ауылдық елді мекендерде, оның ішінде аудан орталықтарында, сондай-ақ қала үлгісіндегі кенттерде орналасқан ұйымдар үшін)

Р/с №	Пәндердің (модульдердің) атауы	Кредиттер саны
1	Бейінді пәндер циклы	56
1)	Міндетті компонент	52
	"Ішкі аурулар" модулі	52
2)	Таңдау бойынша компонент	4
2	Қорытынды аттестаттау	4
	Жиыны:	60

"Терапия" мамандығы бойынша үлгілік бағдарламаның мазмұны және практикалық дағдылар, манипуляциялар, емшаралар

"Ішкі аурулар" модулі	Меңгеру деңгейі*
Пульмонология	
Бронхоальвеолярлы лаважға көрсетілімдер мен диагностикалық мәнін айқындау	1
Сыртқы тыныс алу функциясын зерттеу деректерін түсіндіру	2
Кеуде қуысы ағзаларын бейнелеу деректерін түсіндіру, аталған зерттеудің көрсеткіштері мен жүргізу әдістері, өкпе патологиясы кезінде негізгі Рентген синдромдарын анықтау: күңгірттенуі, ошақты көленке, шашыраңқы өзгерістер, өкпе тамырының өзгеруі, өкпе үлгісінің өзгеруі, ағаруы	3

Өкпе патологиясы бар науқаста зертханалық зерттеу әдістерінің нәтижелерін түсіндіру	3
Плевралық сұйықтықтың жиналуы және пневмоторакс кезінде плевралды пункция	3
Бронхопульмональды жүйенің патологиясы бар науқасты тексеру және өкпе зақымдануының негізгі синдромдарын анықтау: жөтел, еңтігу, обструктивті, өкпе тінінің (инфильтрат) тығыздануы, өкпенің шашыраңқы зақымдануы, плевралық сұйықтықтың жиналуы, тыныс алу жеткіліксіздігі	4
Пульмонологиядағы негізгі синдромдар бойынша сараланған диагностика	4
Бронхтар мен өкпенің таралған патологиялық жағдайларын диагностикалау	4
Бронхтар мен өкпенің таралған патологиялық жағдайларын емдеу	4
Тыныс алу жүйесінің сирек кездесетін ауруларының болуы туралы болжам	4
Кеңірдек интубациясы	4
Коникотомия	4
Пневмоторакс кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Өкпе ісінуі кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Аллергология және иммунология	
Спецификалық аллергодиагностика жүргізу қағидаттары мен әдістері (тері, провокациялық тестілер, зертханалық әдістер); спецификалық және спецификалық емес иммунотерапия	1
Аллергия, аллергиялық реакциялар респираторлық аллергоздардың – бронх демікпесінің, риниттің, аллергиялық альвеолиттің патофизиологиялық негізі ретінде	2
Тамақ аллергиясының және тамақ пен ксенобиотиктерге псевдоаллергиялық реакциялардың даму механизмдері	2
Аллергологияда қолданылатын құралдар мен емдеу әдістері (антигистаминдер, қабынуға қарсы препараттар, бронхолитиктер, кортикостероидтар)	2
Респираторлық аллергозы бар науқасты зерттеп-қарау және ЛОР ағзалары патологиясының белгілерін анықтау	3
Сыртқы тыныс алу – спирометрия функциясын зерттеу деректерін түсіндіру	3
Диспансерлеу, еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы, медициналық-әлеуметтік сараптама	3
Аллергологияның негізгі синдромдарының сараланған диагностикасы	4
Бронходиляция сынағы	4

Пациентке дозаланған аэрозольді ингаляторларды, спейсерлерді және небулайзерлерді қолдану техникасын үйрету	4
Пациентке БА және ӨСОА кезінде пикфлоуметрия және мониторинг техникасын үйрету	4
Анафилактикалық шок кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Астма мәртебесі, тұншығу ұстамасы кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Кардиология	
Емдеу құралдары мен әдістері, инвазивті, хирургиялық, кардиоверсия. Кардиологиялық науқастарды оңалту құралдары мен әдістері	1
Атеросклеротикалық бляшканы тұрақсыздандыру және коронарлық артерия тромбозының даму механизмдері	2
Коронарлық жеткіліксіздік механизмдері және миокардтың ишемиялық зақымдануының салдары	2
Артериалық қысымның электрофизиологиялық механизмдері	2
Артериалық қысым көтерілуінің негізгі механизмдері	2
Қарыншалардың систолалық және диастолалық дисфункциясының механизмдері	2
Жүрек клапандарының зақымдануы кезінде гемодинамикалық бұзылулар	2
Перикардит кезінде гемодинамиканың бұзылуы	2
Өкпе артериялық гипертензиясының механизмдері; тромбоэмболиялық өкпе артериясы кезінде гемодинамикалық және желдету бұзылулары механизмі	2
Кардиологиядағы зертханалық-аспаптық зерттеу әдістерінің көрсеткіштері мен диагностикалық құндылығы	2
Науқастарды қараудың және емдеуді бақылаудың оңтайлы жеке тактикасын таңдау үшін гемодинамикалық көрсеткіштерді (жүрек индексі, сол жақ қарыншаның шығарылу фракциясы, орталық веноздық қысым, өкпе артериясының кептелу қысымы, артериялық қысым) айқындау және бағалау	2
Бейнелеу әдістерінің деректерін түсіндіру (коронарография, эхокардиография, миокард сцинтиграфиясы; магистральдық және перифериялық тамырлардың УДЗ; ішперде қуысы ағзаларының МРТ, КТ, УДЗ)	2
Кардиологияда қолданылатын заманауи дәрілік заттардың жіктелуі, фармакодинамикасы, әсер ету механизмдері, тағайындауға көрсетілімдер және	

қарсы көрсетілімдер; препараттардың жанама әсерлері: антиангинальды, аритмияға қарсы, гипотензивті, гиполипидемиялық, СЖЖ емдеуге арналған препараттар, перифериялық қанайналымына және веноздық қанайналымына әсер ететін препараттар. Қанайналымы ағзаларының ауруларын дәрілік және дәрілік емес емдеудің негізгі қағидаттары	2
Жүрек-қантaмыр патологиясы бар пациенттерге операция алдындағы зерттеп-қарау және кардиологиялық және кардиологиялық емес операцияларға дайындық жүргізу	2
Жалпы және биохимиялық қан талдауының деректерін түсіндіру. Гиперферментемияны; гиперлипидемияны; гипергликемияны, инсулинге төзімділікті, электролиттік баланстың бұзылуын анықтау. Гиперлипопротеинемия типін; көмірсуларға төзімділіктің бұзылуын айқындау; натриуретикалық пептид деңгейінің көтерілуі, D-димерді анықтау	3
Инфекциялық эндокардит және сепсис кезінде қанды бактериологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру	3
Инфекциялық эндокардит, миокардит, миокард инфарктісі кезінде қанды иммунологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру	3
ТКА және АКШ, ПЭЛ, ӨАТТ-дан кейін операцияланған жүрек ақаулары бар науқастарда жүректің ишемиялық ауруы кезінде гемостаз жүйесіндегі (АВР, БІТУ, плазма фибриногені, ПТИ, антитромбин ІІІ, тромбоциттердің адгезиясы және агрегациясы, тромбин уақыты, халықаралық нормаланған қатынас) бұзылуларды түсіндіру	3
Холтер бойынша ЭКГ-ны ұзақ уақыт бойы мониторингтеу, электрофизиологиялық зерттеу, жүректің өңеш арқылы электрлік стимуляциясы, артериялық қысымның тәуліктік мониторингі, велоэргометрия, тредмил, вентрикулография, жүрек және өкпе тамыры қуыстарын катетеризациялау, перикард қуысы мен плевра пункциясы; функционалдық жүктеме сынақтарының нәтижелерін түсіндіру	3
Өкпе гипертензиясы бар науқастарда сыртқы тыныс алу функциясын зерттеу нәтижелерін, ангиопульмонография және ӨАТТ бар науқастарда өкпені желдету-перфузиялық сцинтиграфиясын бағалау	3
Кардиологиядағы негізгі синдромдар: коронарлық жеткіліксіздік, миокард жеткіліксіздігі, жүрек қызметінің декомпенсациясы, артериялық гипертензия, өкпе артериялық гипертензиясы, тромбоэмболиялық синдром; тұрақты және төмен	3

жүрек шығарымы, метаболикалық, қызбалы және басқалар бойынша сараланған диагностика	
ЖҚЖ патологиясы бар науқастың жалпы функционалдық жай-күйін айқындау, еңбекке уақытша және тұрақты жарамсыздықты сараптау, АЖЖ, АГ, СЖЖ және СЖРА науқастарын бақылау қағидаттары, медициналық-әлеуметтік сараптама, науқастарды медициналық оңалту	3
Пароксизмалдық ырғақ бұзылулары кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	3
Жүрек тампонадасы кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	3
Кардиологиялық науқасты физикалық зерттеп-қарау	4
Жүрек ырғағының бұзылулары синдромдарын анықтау	4
Жүректің патологиялық тондары мен шуылдарын анықтау	4
Атеросклероздың сыртқы белгілері (ксантомалар, ксантелазмалар, кәрілік корнеальды доғасы, ерте қартаю белгілері)	4
Миокард пен эндокардтың қабыну аурулары кезінде қызба типін бағалау. Франк, Габриелли, Потэн, Горнер, Оливер-Кардарелли, "барабан таяқшалары", "сағат шынысы"; Лукин-Либман дақтары, Рот, Ослер түйіндері, тырнақ астындағы сызықтық геморрагиялар симптомдарын анықтау	4
СЖЖ белгілері мен сатысын айқындау	4
Артериялық қысымның көтерілу дәрежесі, нысаналы ағзалардың зақымдану критерийлері, артериялық гипертензия қауіп факторларының стратификациясы	4
Тұрақты кернеу стенокардиясының және тұрақсыз стенокардияның функционалды кластарын айқындау	4
Миокард некрозының зертханалық маркерлерін; миокард пен эндокардтың қабыну аурулары кезіндегі жіті фазалық көрсеткіштерді анықтау	4
Жүрек ауруларының ЭКГ-диагностикасы	4
Жүрек-қантамыр жүйесінің таралған патологиялық жай- күйлерінің диагностикасы	4
Қанайналым ағзаларының таралған патологиялық жай-күйлерін емдеу	4
Қанайналым ағзаларының сирек кездесетін ауруларының болуы туралы болжам	4
Көктамыр пункциясы және дәрі-дәрмек инфузиясын орындау	4
ЭКГ-зерттеу	4
Фармакологиялық сынамалар	4

Жүрек-өкпе реанимациясы	4
Электрлік дефибрилляция	4
Вагус орталықтарының тітіркенуін рефлекторлық ынталандыру тәсілдері; синокаротидті аймақтың массажы, Вальсальва сынаамасы, "сүңгуір ит", көз алмасына қысым	4
Артериялық қысымды өлшеу	4
Клиникалық өлім кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Ангиноздық мәртебе кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Кардиогендік шок кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Гипертониялық криз кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Синкопальды жай-күй кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Өкпе ісінуі кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Ревматология	
Ревматологияда қолданылатын құралдар мен емдеу әдістері – экстракорпоралды, хирургиялық. Науқастарды оңалту құралдары мен әдістері	1
Иммундық жүйенің құрылымы, функциясы, иммундық реакцияның дамуы, қабыну ревматикалық аурулардың патофизиологиялық негізі ретінде	2
Ревматикалық аурулардың иммуногенетикасы, аутоиммунитет пен иммундық төзімділік туралы заманауи ұсынымдар	2
Ревматологияда қолданылатын дәрілік заттардың жіктелуі, әсер ету механизмі, фармакокинетикасы жанама әсерлері, қолдануға көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер – ҚҚСД, кортикостероидтар, АБКҚД, имunosuppressorлық препараттар, иммуномодуляторлар, гипоурикемиялық препараттар, остеопороздың профилактикасы мен емдеуге арналған препараттар	2
Иммунологиялық зерттеп-карау деректерін түсіндіру (аутоиммунды патологияның биомаркерлері) – аутоантиденелер (АНА, анти-ДНҚ , а-SCL, АНЦА, а-РНП, РФ, ЦЦПА, А-КЛ және басқалар), комплемент жүйесі, криоглобулиндер	2
Сүйек-буын жүйесінің патологиясын бейнелеу әдістерін (МРТ, КТ, УДЗ, сцинтиграфия, артроскопия және басқалар) түсіндіру, мұндай зерттеулердің көрсеткіштері, жүргізу қағидалары және диагностикалық құндылығы	2
Биопсияға көрсетілімдер, ревматикалық аурулардың морфологиялық диагностикасы үшін зерттелетін тінді және биопсия орнын таңдау мәні	2

Буындар мен омыртқаны рентгенологиялық зерттеп-қарау деректерін түсіндіру, көрсетілімдер мен жүргізу қағидалары, артрит пен артроздың, остеомиелиттің Р-белгілері, артриттің Р-сатысын айқындау	3
Синовиальды сұйықтықты зерттеу деректерін түсіндіру; артроцентезге көрсетілімдер, қарсы көрсетілімдер, жүргізу қағидалары мен әдістемесі	3
Диагностикалық (көрсетілімдер, қарсы көрсетілімдер, диагностикалық құндылығы, жүргізу әдістемесі мен қағидалары, асқынулар) және емдеу (көрсетілімдер, препараттар, енгізу техникасы, асқынулар) мақсатында тізе буынының пункциясы	3
Жіті подагралық артрит кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	3
Сүйек-буын жүйесінің патологиясы бар науқасты зерттеп-қарау (буын пішінінің өзгеруі, аурушандық, пассивті және белсенді қозғалыстардың көлемі, жергілікті температурасы, крепитация, байламдық аппаратының, бұлшықет жай-күйі)	4
Симптомдарды анықтау: таңертенгі қимылсыздық, ауырсыну синдромы, тізетобықтың еркін ығысу симптомы, Томайер, Шобер, Отта, Форестье симптомдары; синовит және сакроилеит белгілері	4
Жіті фазалық қабынудың зертханалық маркерлерін анықтау (ЖҚТ, СРА және басқалар бойынша)	4
Ревматологиядағы негізгі синдромдардың сараланған диагностикасы: монобуындық зақымдану, полибуындық зақымдану, қызбалы синдром	4
Ревматологиядағы таралған патологиялық жай-күйлердің диагностикасы (остеоартрит, подагра, ревматоидтық артрит, спондилит, реактивті артриттер, ревматизм, жүйелі васкулиттер, жүйелі қызыл жегі, дерматомиозит, склеродермия және басқалар)	4
Ревматологиядағы таралған патологиялық жай-күйлерді емдеу (остеоартрит, подагра, ревматоидтық артрит, спондилиттер, реактивті артриттер, ревматизм, жүйелі васкулиттер, жүйелі қызыл жегі, дерматомиозит, склеродермия)	4
Сирек кездесетін ревматологиялық аурулардың болуы туралы болжам	4
Гастроэнтерология	
Ішектің аутоиммунды ауруларының иммунопатогенезі, бауырдың аутоиммунды патологиясы	1
Гастроэнтерологияда қолданылатын емдеу құралдары мен әдістері – экстракорпоралды, хирургиялық (оның ішінде эндоскопиялық және	1

лапароскопиялық). Науқастарды оналту құралдары мен әдістері	
Бауырды транспланттауға, бауырдың ішінара резекциясына көрсетілімдер, транспланттаудың иммунологиялық проблемалары, реципиентті транспланттауға дайындау және транспланттаудан/бауыр резекциясынан өткен пациентті бақылау	1
Ас қорыту жүйесі ағзаларының қалыпты және патологиядағы анатомиясы, гистологиясы, физиологиясы; жас ерекшеліктері	2
АІЖ сілемейлі қабығының иммундық кіші жүйесінің құрылымы, функциясы, асқазан мен ішектің қабыну ауруларының, вирустық гепатиттердің иммунопатогенезі	2
Гастроэнтерологияда қолданылатын дәрілік заттардың жіктелуі, әсер ету механизмі, фармакокинетикасы, жанама әсерлері, қолдануға көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер: асқазан сөлінісінің бөлінуін төмендететін, астропротекторлар, бактерияға қарсы және паразитке қарсы препараттар; АІЖ моторикасына әсер ететін дәрілер, іш өткізетін, пре- және пробиотиктер, диареяға қарсы препараттар, ферменттер, протеолиттік ферменттер ингибиторлары, өт айдататын препараттар, гепатопротекторлар, спазмолитиктер, холелитолитикалық заттар	2
Дұрыс тамақтану қағидаттары, жас ерекшеліктері. Өртүрлі патологиялық жай-күйлер кезіндегі диеталық тамақтану. Жасанды тамақтану және парентералды тамақтануға арналған заттар мен қоспалар (препараттар) көрсетілімдер	2
Рентгенологиялық зерттеп-қарау деректерін түсіндіру: асқазан пневмографиясы, париетография, асқазанды қосарлы қарама-қарсы кескіндеу, ирригоскопия, қарама-қарсы холецистография, ретроградтық холангиопанкреатография	2
Ішперде қуысы ағзаларының КТ, МРТ деректерін түсіндіру	2
Вирустық гепатит маркерлерін, гепатит вирустарын анықтау үшін полимеразды тізбекті реакцияны айқындауға иммуноферментті талдау нәтижелерін түсіндіру	3
Асқазанды, он екі елі ішекті, тоқ және жіңішке ішекті, өт шығару жолдарын функционалды зерттеу деректерін түсіндіру	3
Нәжісті копрологиялық талдау, бактериологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру	3
Эзофагогастродуоденоскопия, колоноскопия, ректороманоскопия нәтижелерін түсіндіру	3

Ішперде қуысы ағзаларының УДЗ деректерін түсіндіру	3
Биопсияға көрсетілімдер, биопсияға қарсы көрсетілімдер мен асқынулар, АІЖ мен бауыр ауруларының морфологиялық диагностикасы үшін биопсияның маңызы. АІЖ сілемейлі қабығының зақымдануы және бауыр патологиясы кезіндегі гистологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру	3
Тамақтану сипатын бағалау, тамақтанудың бұзылуын (шамадан тыс немесе жеткіліксіз); витаминдер мен негізгі микроэлементтердің дефициті мен шамадан тыс болуын анықтау	3
Коматозды жай-күйлер кезінде кезек күттірмейтін көмек (бауыр комасы, ұйқы бездік кома)	3
Ас қорыту жүйесі аурулары бар науқасты зерттеп-қарау	4
АІЖ ауруларының негізгі синдромдарын анықтау: дисфагия, іштің ауыруы, асқазан диспепсиясы, ішек диспепсиясы, сарғаю, асқазан-ішектен қан кету, гепато-спленомегалия, мальабсорбция және басқалар	4
Мерфи, Кер, Ортнер, френикус-симптомын, Щеткин-Блюмберг, Мейо-Робсон, Грот, Айзенберг I, II симптомдарын; көкбауыр мен бауырдың иілу синдромы; соқыр ішек синдромдарын анықтау	4
Бауыр патологиясына тән синдромдар мен симптомдарды анықтау: холестаз, цитолитикалық, бауыр-жасушалық жеткіліксіздік, порталдық гипертензия, асцит, диффуздық өзгеру, бауырдағы көлемді ісіктер және басқалар.	4
АІЖ патологиясы кезінде жалпы және биохимиялық қан талдауы деректерін түсіндіру	4
<i>Helicobacter pylori</i> жұқтыруын анықтау және эрадикацияны бақылау	4
Гастроэнтерологиядағы негізгі синдромдардың сараланған диагностикасы (оның ішінде хирургиялық және инфекциялық патологиясы бар): ауырсыну, қызбалық, мальабсорбция, цитолитикалық, мезенхималық қабыну, астено-вегетативті, геморрагиялық, холестатикалық, шірік және ашыту диспепсиясы, диарея	4
Асқазан-ішек жолының таралған патологиялық жай-күйлерінің диагностикасы	4
Ас қорыту ағзаларының таралған патологиялық жай-күйлерін емдеу	4
Ас қорыту ағзаларының сирек кездесетін ауруларының болуы туралы болжам	4
АІЖ аурулары бар пациенттің тамақтану жоспары (диета бойынша ұсынымдар)	4

Ас қорыту жүйесі аурулары бар науқастардың уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздығына сараптама. Науқастар мен реконвалесценттерді оңалту (оның ішінде АІЖ органдарының инфекциялық ауруымен ауырғандарды және АІЖ органдарындағы операциялық араласулар)	4
Лапароцентез	3
Асқазанды зондпен және зондсыз шаю	4
Сифондық және қарапайым клизмалар	4
Улану кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
АІЖ-дан қан кету кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Жігі бауыр энцефалопатия кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Бүйрек шаншуы кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Гематология	
Трансфузиялық иммуногематологияның негіздері-эритроциттердің, тромбоциттердің, лейкоциттердің, нейтрофилдердің, плазмалық ақуыздардың антигендері. Гемокомпонентті және инфузиялық-трансфузиялық терапия жүргізу құралдары, әдістері мен әдістемесі, ерекшеліктері. Кезеңін ескере отырып, көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер	1
Гематологияда қолданылатын емдеу құралдары мен әдістері – сәулелік терапия, экстракорпоралды әдістер және басқалар	1
Қалыпты және патологиядағы гемостаз жүйесінің механизмдері: гемостаздағы тамыр қабырғасының рөлі; гемостаздағы гемоглобиннің, эритроциттердің, нейтрофилдердің, тромбоциттердің рөлі; гемостаздағы плазмалық механизмдердің қатысуы	2
Қан үлгісін, иммунологиялық зерттеп-қарауды, ішкі ағзалардың функционалдық жай-күйін зерттеу деректерін ескере отырып, қан жүйесі ауруларының сараланған диагностикалық белгілері	2
Гематологияда қолданылатын препараттардың жіктелуі, әсер ету механизмі, фармакокинетикасы, жанама әсерлері, қолдануға көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер: анемияға қарсы, гемостатикалық, антитромботикалық, ісікке қарсы препараттар, өсу факторлары, эритропоэтиндер	2
Трансфузиялық иммуногематологияның негіздері – эритроциттердің, тромбоциттердің антигендері. Гематологиялық аурулар кезінде гемопоэтикалық дің жасушаларын транспланттауға көрсетілімдер, транспланттаудың иммунологиялық проблемалары, реципиенттерді транспланттауға дайындау және гемопоэтикалық дің жасушаларын транспланттаудан өткен пациентті байқау	2

Онкологиялық науқастардағы қан жүйесінің функционалдық жай-күйінің ерекшеліктері	2
Бауыр аурулары, алкоголизм, бүйрек аурулары, созылмалы қабынулар (ревматикалық аурулар), инфекциялық аурулар, АИТВ кезіндегі қан жүйесінің функционалдық жай-күйінің ерекшеліктері	2
Жүктілік кезінде, хирургиялық науқастарда қан жүйесінің функционалды жай-күйінің ерекшеліктері	2
Синдромдарды анықтау және синдромдар бойынша сараланған диагностика: қанау сатысын айқындай отырып, геморрагиялық синдром, анемиялық. ТШҚҰ-синдромы сатысын айқындау	2
Ішкі ағзалардың патологиясын бейнелеу әдістерінің деректерін түсіндіру (Р-графия, МРТ, КТ, радиоизотоптық зерттеу, ангиография, тамырлардың доплерографиясы), көрсетілімдер, жүргізу қағидалары және мұндай зерттеулердің диагностикалық құндылығы	2
Стернальді пункцияға, трепанобиопсияға көрсетілімдер және нәтижелерді түсіндіру	2
Лимфа түйіндерінің биопсиясына көрсетілімдерді айқындау. Гистологиялық зерттеу нәтижелерін түсіндіру	2
Көкбауырды ультрадыбыстық зерттеу деректерін түсіндіру	3
Стернальді пункция	3
Парапротеинемиялық кома кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	3
Жалпы қан талдауын, гемограмманы, қанның биохимиялық талдауын, сарысулық темір көрсеткіштерін, ферритин деңгейін, қан сарысуының жалпы темір байлағыштық қабілетін зерттеу деректерін түсіндіру	4
Қан ұю және ұюға қарсы жүйелердің, қанның (тамыр-тромбоциттік және коагуляциялық гемостаз); өнімдер мен аракоагуляцияның, фибринолиз жүйесінің негізгі көрсеткіштерін түсіндіру	4
Миелограмма деректерін түсіндіру	
Қан өндіру жүйесі ауруларының негізгі синдромдары кезінде спецификалық зертханалық маркерлерді (биохимиялық, электролиттер, ферменттер, атипті жасушалар, онкомаркерлер) анықтау	4
Қан жүйесінің патологиясы кезінде иммунологиялық зерттеп-қарау деректерін – иммуноглобулиндер, иммундық кешендер, аутоантиденелер, комплемент жүйесі (әрбір	4

биомаркердің диагностикалық құндылығын білу), Кумбстың тікелей және жанама сынамаларын түсіндіру	
Синдромдарды анықтау: сидеропениялық, цитопениялық, гиперпластикалық, плеторлық	4
Лейкоздар кезінде синдромдарды анықтау (гиперпластикалық, геморрагиялық, анемиялық, интоксикациялық, инфекциялық асқынулар; спленомегалия)	4
Гематологиядағы таралған патологиялық жай-күйлердің диагностикасы	4
Гематологиядағы таралған патологиялық жай-күйлерді емдеу	4
Қан өндіру ағзаларының сирек кездесетін ауруларының болуы туралы болжам	4
Уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздықты сараптау, жіктеу критерийлері, қан өндіру жүйесі патологиясы бар науқасты бақылау қағидаттары, қан патологиясы бар науқастарды медициналық оңалту	4
Пациенттің АВО жүйесі бойынша қан тобын және резус тиістілігін айқындау	4
Биологиялық сынама, жеке трансфузияға дейінгі сынама	4
Гемокомпонентті және инфузиялық-трансфузиялық терапия	4
Гемолитикалық криз кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
ТШҚҰ-синдромы кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Анемиялық кома кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Трансфузиядан кейінгі асқынулар: гемотрансфузиялық шок кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Эндокринология	
Эндокриндік жүйе ағзаларын бейнелеу (Р-графия, МРТ, КТ, радиоизотоптық зерттеу) әдістерінің деректерін түсіндіру, мұндай зерттеулерді жүргізуге көрсетілімдер, қағидалары және диагностикалық құндылығы	1
Қалқанша безінің, бүйрек үсті безінің, ұйқы безінің және жыныс бездерінің ультрадыбыстық зерттеу деректерін түсіндіру: аталған зерттеудің көрсетілімдері мен жүргізу қағидалары, патологияның УЗИ-бейнесі	2
Қалқанша безінің жұқа инелі аспирациялық биопсиясының көрсетілімдерін айқындау және осы зерттеудің нәтижелерін бағалау	2

Эндокринологиядағы синдромдарды анықтау және сараланған диагностикала: гипогонадизм, ерте жыныстық даму синдромы, соматогендік нанизм, акромегалия, плюрегландулярлық жеткіліксіздік және басқалар	2
Эндокринологияда қолданылатын дәрілік препараттардың жіктелуі, әсер ету механизмі, фармакокинетикасы, жанама әсерлері, көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдері (пероральды қант төмендететін дәрілер, инсулиндер, алмастыратын терапия препараттары және басқалар)	2
Инсулин дозаларын есептеу, инсулин терапиясының техникасы мен асқынулары	2
Эндокринологияда қолданылатын емдеу құралдары мен әдістері – сәулелік терапия, радиоактивті йод, инсулиндік помпалар, хирургиялық, физиотерапиялық, курорттық емдеу, фитотерапия және басқалар	2
Пальпациялау кезінде қалқанша безі патологиясын анықтау, қалқанша безінің ұлғаю дәрежесін айқындау	3
Тиреотоксикалық криз кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	3
Бүйрек үсті безінің кризі кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	3
Көмірсулар алмасуын зерттеу деректерін түсіндіру: гликемиялық бейін, глюкозуриялық бейін, гликозилденген гемоглобин, С-пептид, иммунореактивті инсулин	4
Гормоналды мәртебені зерттеу деректерін түсіндіру (қалқанша без, бүйрек үсті безі, жыныстық гормондар; гипофиздің тропты гормондары; либериндер және гипоталамус статиндері)	4
Эндокриндік жүйенің негізгі синдромдарының зертханалық маркерлерін (биохимиялық, иммуноферменттік) анықтау	4
Эндокринологиядағы негізгі синдромдар бойынша сараланған диагностика: гипо - және гипертиреоз, гипергликемия, гипо-және гиперкортицизм	4
1 немесе 2 типті қант диабетімен ауыратын науқастың жалпы функционалдық жай-күйін айқындау, спецификалық асқынуларды тану (нефропатия, ретинопатия, диабеттік табан)	4
Эндокринологиядағы таралған патологиялық жағдайлардың диагностикасы	4
Эндокринологиядағы таралған патологиялық жағдайларды емдеу	4
Сирек кездесетін эндокриндік аурулардың болуы туралы болжам	4

Эндокриндік патология кезіндегі уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздықты сараптау	4
Қант диабетімен ауыратын науқасты бақылау қағидаттары (диеталық режим, қант төмендететін препараттар, инсулин терапиясы, физикалық белсенділік, гликемияны, АҚ, липидемияны және басқаларды бақылау)	4
Эндокриндік патологиясы бар науқастарды медициналық оңалту	4
Диабеттік кома кезіндегі кезек күттірмейтін көмек: кетоацидотикалық, гиперосмолярлы, лактатацидотикалық, гипогликтик	4
Жіті бүйрек үсті безінің жеткіліксіздігі кезіндегі күттірмейтін жедел көмек	4
Нефрология	
Бүйрек транспланттауға көрсетілімдер, транспланттаудың иммунологиялық проблемалары, реципиентті транспланттауға дайындау және бүйрек транспланттаудан өткен пациентті бақылау	1
Қалыпты және патологиядағы зәр шығару жүйесінің анатомиясы, гистологиясы, физиологиясы; жас ерекшеліктері (балаларда, қарттарда), жүктілік кезіндегі бүйрек функциясының ерекшеліктері	2
Негізгі бүйрек синдромдары мен бүйрек ауруларының патогенезі. АГ патогенезі және бүйрек патологиясының дамуындағы АГ рөлі	2
Бүйрек ауруларының иммунопатологиясы: антиденеге тәуелді және бүйрек зақымдануының жанама-жасушалық механизмдері	2
Диуретиктердің, бактерияға қарсы препараттардың, цитостатиктердің, глюкокортикостероидтардың жіктелуі, әсер ету механизмі, фармакокинетикасы, жанама әсерлері, қолдануға көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер	2
Нефрологияда қолданылатын емдеу құралдары мен әдістері – гемодиализ, перитонеалды диализ, экстракорпоралды, хирургиялық. Гемодиализ жүргізуге көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер	2
Бүйрек патологиясы кезінде иммунологиялық зерттеп-қарау деректерін түсіндіру – иммуноглобулиндер, иммундық кешендер, аутоантиденелер, комплемент жүйесі (әрбір биомаркердің диагностикалық құндылығын білу)	2
Бейнелеу әдістерінің деректерін түсіндіру (Р-графия, МРТ, КТ, радиоизотоптық зерттеу, ангиография, бүйрек тамырларының доплерографиясы) бүйрек патологиялары, көрсетілімдер, жүргізу қағидалары және мұндай зерттеулердің диагностикалық құндылығы	2

Биопсияға көрсетілімдер, биопсияға қарсы көрсетілімдер мен асқынулар, биопсия әдістемесі, бүйрек ауруларын морфологиялық диагностикалау үшін биопсияның маңызы. шумақтардың зақымдануы кезінде гистологиялық және иммунофлюоресцентті зерттеу нәтижелерін түсіндіру	2
Бүйректі ультрадыбыстық зерттеу деректерін түсіндіру: мұндай зерттеуді жүргізуге көрсетілімдер мен жүргізу қағидалары, бүйректің даму ауытқуларының, жарақаттардың, ісіктердің, қабыну процестерінің, бүйрек туберкулезінің, нефролитиаздың, гидронефроздың, нефроптоздың УДЗ-бейнесі	3
Нефроздық криз кезіндегі күттірмейтін жедел көмек	3
Зәрді зерттеу деректерін түсіндіру, протеинурияны бағалау	4
Бүйректің функционалдық жай-күйін зерттеу деректерін түсіндіру	4
Бүйрек жеткіліксіздігінің зертханалық маркерлерін (биохимиялық, электролиттер, гормондар), бүйрек ауруларының негізгі синдромдарын (нефроздық, нефритикалық және басқалар) анықтау	4
Нефрологиядағы негізгі синдромдарды анықтау: гематурия, протеинурия, нефритикалық синдром, нефротикалық синдром, БЖЖ, БСЖ, дизурия, артериялық гипертензия, ауырсыну синдромы, түтікше-интерстициалдық синдром	4
Нефрологиядағы негізгі синдромдар бойынша сараланған диагностика	4
Нефрологиядағы таралған патологиялық жай-күйлердің диагностикасы	4
Нефрологиядағы таралған патологиялық жай-күйлерді емдеу	4
Зәр шығару ағзаларының сирек кездесетін ауруларының болуы туралы болжам	4
Уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздықты сараптау, созылмалы бүйрек ауруларын жіктеу критерийлері	4
Бүйрек патологиясы бар науқасты бақылау қағидаттары (тұз, су ішу режимі, тамақтану, АҚ бақылау, липидемия және басқалар) Бүйрек патологиясы бар науқастарды медициналық оңалту	4
Қуықты катетеризациялау	4
Бүйрек шаншуы синдромы кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Жіті бүйрек функциясының жеткіліксіздігі кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Инфекциялық аурулар	

Инфекциялық науқастарда қолданылатын емдеу құралдары мен әдістері – экстракорпоралды, физиотерапиялық	2
Аса қауіпті инфекциялардың (оба, туляремия, күйдіргі, геморрагиялық қызба, бруцеллез) жағдайын стандартты айқындау	2
Инфекциялық аурулардың иммунопрофилактикасы (вакциналар, вакцинациялау жүргізу қағидалары, вакцинациялауға көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер, асқынулар. Ұлттық егу күнтізбесі, эпидемиялық көрсетілімдер бойынша вакцинациялау)	2
Инфекциялық аурулар ағымының жас ерекшеліктері	2
Ең жиі кездесетін инфекциялық аурулар кезінде нысаналы эпиданамнез жинау	3
Қоздырғышты (бактериологиялық, вирусологиялық және басқалар) анықтауға бағытталған зерттеу нәтижелерін түсіндіру. III	3
Патогенге антиденелерді (ПГАР, КБР, ИФТ және басқалар) анықтауға бағытталған зерттеу нәтижелерін түсіндіру	3
Инфекциялық ауру анықталған кезде қажетті эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізу	3
Синдромдар және олардың комбинациясы: диарея, сарғыштық, лимфаденопатия, гепатоспленомегалия, геморрагиялық синдром, ангиноздық, буындық, экзантемасы және энантемасы	4
Гемограмманы, биохимиялық зерттеулерді түсіндіру; биологиялық материалдарды талдау (зәр, нәжіс, ликвор, синовиальды сұйықтық, сүйек кемігі және басқалар)	4
Инфекциялық аурудан кейін реконвалесцентті диспансерлік бақылауды және оңалтуды ұйымдастыру және жүргізу	4
Инфекциялық-токсикалық шок кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Гиповолемиалық шок кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Фтизиатрия	
089е, 058е нысандарын толтыру, тапсыру мерзімдері , сипаттамасы	1
Халықтың әртүрлі топтарында (балалар, жасөспірімдер, ересектер, тәуекел топтары) туберкулездің бастапқы және қайталама профилактикасы. БЦЖ-профилактикасы	2
Туберкулез скринингі. Туберкулезге қарсы қызметті ұйымдастыру және оның құрылымы	2
Туберкулезбен ауыратын науқастарды анықтаудағы терапевт дәрігердің рөлі. Пациентте туберкулезге	

күдік туындаған кезде терапевт дәрігердің тактикасы	2
Балалардағы, жасөспірімдердегі және ересектердегі туберкулезді анықтау және диагностикалау әдістері. Туберкулезбен ауыратын науқастардың типтерін айқындау	2
Халықаралық стандарттарды ескере отырып, туберкулезбен ауыратын науқастарды емдеудің негізгі қағидаттары мен әдістері. Туберкулезбен ауыратын науқастардың санаттары, емдеу схемасы. Туберкулезге қарсы препараттар, фармакокинетикасы, жанама әсерлері және оларды жою. Емдеуді бақылау. Туберкулезді емдеу критерийлері. ТМБ дәрілік төзімділігі	2
Туберкулезге қарсы іс-шараларды ұйымдастыру. Контингенттерді диспансерлік байқау. Есептік-есеп беру құжаттамасы. Туберкулездің профилактикасы әдістері	2
Кеудеішілік лимфа түйіндерінің ұлғаю синдромындағы сараланған диагноз	2
Өкпедегі ошақты өзгерістер синдромы кезінде, өкпенің шашыраңқы зақымдану синдромы, плевралық сұйықтықтың жиналуы синдромы, өкпенің дөңгелек көлеңке синдромы, өкпе тінінің бұзылуы, пневмоторакс кезіндегі сараланған диагноз	2
ТБ 01, ТБ 05, ТБ 06, ТБ 15 толтыру	2
Соматикалық аурулармен бірге тыныс алу ағзаларының туберкулезі (қант диабеті, асқазан және 12-елі ішектің ойық жарасы, өкпенің спецификалық емес аурулары, алкоголизм, нашақорлық, АИТВ-инфекциясы және ЖИТС)	4
Жүкті әйелдерде және босанғаннан кейінгі кезеңдегі туберкулез. Туберкулезді анықтау кезінде иммуносупрессивті терапия алатын науқастарды бақылау бойынша ұсынымдар және қайталама профилактика	4
Өкпе және өкпеден тыс туберкулезбен ауыратын науқасты зерттеп-қарау, негізгі белгілерді анықтау	4
Диагностикалық құндылығын ескере отырып, туберкулезбен ауыратын науқасты зертханалық-аспаптық зерттеп-қарау жоспары және алынған деректерді түсіндіру (гемограмма, биохимиялық талдау, қақырықты ТМБ, ДСТ, рентгенограмма, КТ, МРТ, УДЗ, спирография, плевралық сұйықтықтың жиналуы, люмбальды пункция)	4
Манту сынамасы	4

Тыныс алу ағзалары туберкулезімен ауыратын науқастарда өкпеден қан кету кезіндегі кезек күттірмейтін көмек	4
Неврология	
Неврологиядағы негізгі синдромдардың даму механизмдері және оларды анықтау қағидаттары: сезімталдықтың бұзылуы, қозғалыс бұзылулары, гиперкинездер, акинетика-ригидтік синдромы, мишықтық атаксия, жұлынның, ми бағанының зақымдануы, гипоталамус-гипофиз жүйесінің зақымдануы, вегетативті бұзылулар; үлкен жарты шар қыртысының зақымдану синдромдары	2
Неврологиялық практикада қолданылатын препараттардың жіктелуі, әсер ету механизмі, фармакокинетикасы, жанама әсерлері, көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдері: нейролептиктер, транквилизаторлар, құрысуға қарсы, седативті және нейростимуляторлар, ми қанайналымын және метаболизмді жақсартатын, ауырсынуды басу үшін қолданылатын миорелаксанттар, антидепрессанттар	2
Мидың ісінуі/домбығуы. Ісіну нұсқалары. Емдеу қағидаттары. Интракраниальды қысымның бұзылуы . Ми тінінің ығысуы және сыналануы	2
Сананың бұзылуы. Сананың бұзылу деңгейлерінің жіктелуі. Әртүрлі этиологиядағы комалар (органикалық, метаболикалық). Кома нәтижелері. Соматикалық патология кезіндегі комалар: бастапқы церебральды, эндокриндік аурулар кезінде , улы, электролиттердің, судың жоғалуына байланысты газ алмасу бұзылулары кезінде	2
Ауырсыну психофизиологиялық жай-күй ретінде. Нейропатиялық және ноцицептивті ауырсыну. Диагностика, емдеу	2
Радиологиялық бейнелердегі (ЖІТ, аппендицит, ӨТА) АІЖ кезек күттірмейтін патологиясының сәулелік белгілерін анықтау	3
Гепатобилиарлық жүйенің қабынбалы аурулары кезінде УДЗ және МРТ/КТ деректерін түсіндіру	3
Рентгенологиялық бейнелерде жамбас буындары дисплазиясының сәулелік белгілерін анықтау	4
Зәр шығару жүйесі патологиясының сәулелік белгілерін (даму аномалиялары, бүйрек кистасы, уропатия) УДЗ және рентген-контрастты зерттеулерде анықтау	3
Көптілділікті (каз/ағыл/орыс. тілдерде) ескере отырып, тақырыптық жоспарға сәйкес презентациялар мен клиникалық кейстерді құру	3
Радиологиялық деректер негізінде диагностикалық тактиканы талқылауға қатысу	3

Ескертпе:

***Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, емшараларды меңгеру деңгейлері**

Меңгеру деңгейі	Сипаттама
1	Дағдының/емшараның қалай орындалатынын біледі және түсінеді
2	Симуляциялық орталықтағы техникалық бөлімде оқытушының басшылығымен дағдыны (емшараны) орындайды
3	Денсаулық сақтау ұйымында оқытушының/тәлімгердің тікелей бақылауымен дағдыны (емшараны) орындайды
4	Денсаулық сақтау ұйымында оқытушының/тәлімгердің жанама бақылауымен дағдыны (емшараны) орындайды.

Медициналық және
фармацевтикалық мамандықтар
бойынша жоғары білім берудің
үлгілік оқу бағдарламасына
16-қосымша

"Балалар хирургиясы" мамандығы бойынша интернатураның үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы

Ескерту. Бағдарлама 16-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік – балалар хирург-дәрігері (амбулаториялық-емханалық ұйымдар және ауылдық елді мекендерде, оның ішінде аудан орталықтарында, сондай-ақ қала үлгісіндегі кенттерде орналасқан ұйымдар үшін)

№р/с	Пәндердің / модульдердің атауы	Кредит саны
1	Бейіндік пәндер циклі	56
1)	Міндетті компонент	52
	"Балалар хирургиясы" модулі	52
2)	Таңдау компоненті	4
2	Қорытынды аттестаттау	4
	Жиыны	60

"Балалар хирургиясы" мамандығы бойынша үлгілік бағдарламаның мазмұны және практикалық дағдылар, манипуляциялар, емшаралар

"Балалар хирургиясы" модулі	Меңгеру деңгейі*
Урология мен жоспарлы хирургия	
Гидронефроз. Зерттеу әдістері. Дифференциалдық-диагностикалық өлшемшарттар. Операциялық емдеудің мерзімдері мен көрсетілімдері	3
Бүйрек аномалиясы: айқаспалы дистопия, бүйректің бірігуі, бүйректің кистозды аурулары, бүйректің және несепардың қосарлануы. Сараланған диагностика. Алдын ала қойылған диагноз	2
Асқазан-ішек жолдарының полипоздарын диагностикалау мен емдеудің жаңа әдістері	2
Көкбауырдың оқшауланған және аралас хирургиялық аурулары. Диагностика	2
Жасанды өңеш жасау - пластика түрлері (төс алдындағы өңеш және төс артындағы өңеш, кеуде ішіндегі пластика және т.б.). Күйіктен кейінгі контрактураларды емдеу көрсетімдері мен әдістері	1
Жоспарлы хирургияны ұйымдастыру. Балалар хирургиясындағы деонтология. Балалар хирургі ұстанымы бойынша баланың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Балалар хирургиясында операциялық араласудың жалпы қағидаттары. Балалар хирургиясында құжаттаманы жүргізу. Регламенттеуші құжаттар	3
Абдоминалдық эндовидеохирургия. Жабдық. Құралдар. Шап жарығын, варикоцелені, бауыр эхинококкэктомиясын эндовидеохирургиялық емдеу әдістемесі. Асқынулар. Профилактика	1
Қуықтың аномалиялары: қуық экстрофиясы, дивертикул, уретра клапандары, инфравезикальды обструкция. Диагностикасы, операциялық емдеу мерзімдері	3

Энтеростома және колостома. Салуға және жабуға көрсетімдер. Мерзімдері. Тәсілдері	1
Кіндіктің туа біткен жыланкөздері (өттүтіктің және қуықтүтіктің даму аномалиялары)	3
Аноректальды даму кемістіктері. Диагностикасы. Емдеу	1
Туа біткен кисталар мен мойын жыланкөздері, жармалық венаның флебэктазиясы. Дифференциалдық-диагностикалық өлшемшарттар. Операциялық емдеудің мерзімдері мен көрсетілімдері	3
Диафрагмалық жарықтар. Диагностикасы. Емдеу	1
Порталдық гипертензия синдромы. Этиологиясы. Клиникалық формалары. Диагностикасы. Дифференциалды диагностика. Хирургиялық емдеуге көрсетілімдер. Операциялық араласу тәсілдері	1
Ішперденің қынап өсіндісінің аномалиялары (шап жарығы, атабез қабығының шемені, атабез кистасы) және атабездің төмен түсуі (крипторхизм). Операциялық емдеудің мерзімдері мен көрсетімдері. Емдеудегі жаңа технологиялар	1
Терінің және жұмсақ тіндердің қатерсіз ісіктері: лимфангиомалар, гемангиомалар, пигментті дақтар	3
Өт шығару жолдарының хирургиялық патологиясы	1
Ұйқыбездің хирургиялық патологиясы	1
Қуық-несеп ағар рефлюксімен және созылмалы пиелонефритпен асқынған несеп ағар сағасының туа біткен және жүре пайда болған жеткіліксіздігі. Дифференциалдық-диагностикалық критерийлер. Консервативті және операциялық емдеуге көрсетілімдер. Қазіргі емдеу әдістері	3
Несеп тас а у р у ы н ы ң дифференциалдық-диагностикалық критерийлері: бүйректегі, несеп ағардағы тас, қуықтағы, уретрадағы тастар. Операциялық және консервативтік емдеуге көрсетілімдер. Қазіргі емдеу әдістері	3
Гиршпрунг а у р у ы : Дифференциалдық-диагностикалық өлшемшарттар. Консервативті және операциялық емдеуге көрсетілімдер	1
Бауыр мен өкпенің эхинококкозы. Дифференциалдық-диагностикалық критерийлер. Консервативті және операциялық емдеуге көрсетімдер. Қазіргі емдеу әдістері	1
Тератомалар және дермоидті кисталар. Этиология. Клиника. Дифференциалдық диагностика. Емдеу	1
Хирургиялық техника, түйіндер, тігістер	4

Жоспарлы хирургиядағы операция алдындағы және операциядан кейінгі емдеу ерекшеліктері	4
Дифференциалдық-диагностикалық критерийлер. Операциялық емдеудің мерзімдері мен көрсетімдері	4
Мегадолихосигманы диагностикалаудың қазіргі заманғы әдістері және емдеудің ұтымды тактикасы	4
Эписпадия. Гипоспадия. Диагностикасы, операциялық емдеу мерзімдері	1
Варикоцеле. Диагностика. Операциялық емдеудің көрсетілімдері мен мерзімдері. Қазіргі емдеу әдістері	4
Іштің ортаңғы сызығының жарығы. Құрсақ жарығы. Диагностика. Емдеу	4
Кезек күттірмейтін хирургия	
Перитонит. Балалардағы перитониттің даму себептері. Қазіргі заманғы жіктеу. Хирургиялық емдеу тактикасы. Емдеудегі жаңа технологиялар. Балалардағы пельвиоперитониттерді диагностикалау және емдеу әдістерінің ерекшеліктері. Ілкі перитониттердің пайда болу себептеріне қазіргі көзқарас. Ілкі перитонит диагнозы қойылған науқастарды емдеудің қазіргі заманғы тәсілдері. Криптогенді перитонит. Этиология. Патогенез. Диагностика. Емдеу	2
Гиршпрунг ауруы кезіндегі шұғыл хирургиялық көмектің көрсетілімдері мен көлемі	2
Асқазан мен он екі елі ішектің асқынған ойықжара ауруы. Клиника. Диагностика. Хирургиялық тактика	2
Порталдық гипертензия синдромы. Өнештің варикозды кеңейген веналарынан қан кету. Клиника . Диф. диагностикасы. Операциялық емдеуге көрсетілімдер. Операциялық араласу тәсілдерін білу	2
Шұғыл хирургия жағдайында балаларға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Балалар жасындағы хирургиядағы қазіргі аспаптық әдістердің диагностикалық және емдік маңыздылығы (КТ, МРТ, УДЗ, эндовидеохирургия)	3
Балалардың ішперде қуысын санациялаудың, дренаждаудың қазіргі заманғы тәсілдері	1
Аппендикулярлық инфильтрат. Жіктемесі, клиникасы, диагностикасы, хирургиялық тактика	1
Меккел дивертикулының асқынған формаларын диагностикалау. Хирург тактикасы	1
Ішперде қуысындағы операциядан кейінгі асқынулар: абсцестер, инфильтраттар, ішек жыланкөздері	1
Өкпе абсцессы. Клиникасы, диагностикасы. Хирургиялық тактика. Емдеу	1

Пиоторакспен және пиопневмоторакспен ауыратын науқастарды қадағалап-қараудың диагностикалық және емдеу тактикасы	3
Холецистит. Этиология. Патогенез. Клиника. Диагностика. Контрасты рентгенологиялық зерттеу. Қазіргі емдеу әдістері. Хирургиялық емдеуге көрсетілімдер. Эндовидеохирургиялық холецистэктомия	1
Асқазан-ішектен қан кету. Этиология. Жіктелуі. Клиника. Диагностика. Консервативті және операциялық емдеу әдістері. АІЖ жоғарғы бөліктерінен қан кетулерді дифференциалды диагностикалау, емдеу (порталдық гипертензия, асқазанның және он екі елі ішектің ойықжара ауруы). АІЖ төменгі бөліктерінен қан кетулерді дифференциалды диагностикалау, емдеу (тік ішектің полипі, Меккелдің дивертикулы, геморрой, анустың жарылуы)	1
Ішперде қуысының қуыс ағзасының зақымдануы кезіндегі клиника, диагностика және емдеу. Ішіне кірген жарақат	1
Дифференциалды диагностика, ішекті инвагинациялау кезіндегі хирургиялық тактика. Ішекті лапароскопиялық дезинвагинациялау. Көрсетілімдер. Әдістеме	1
Обтурациялық түйнек Копростаз. Құрттан болған бітеліс. Рентгенологиялық зерттеу деректері. Обтурациялық ішек түйнегі кезіндегі хирургиялық тактика	1
Балалардың жіті ішек түйнегі	2
Странгуляциялық түйнек. Операциядан кейінгі странгуляциялық бітелу. Клиникасы, диагностикасы , рентгендік диагностикасы. Хирургиялық емдеу	1
Динамикалық бітелу. Динамикалық және механикалық түйнектің себептері, клиникасы, диагностикасы, сараланған диагностикасы. Консервативті емдеу. Хирургиялық тактика	3
Жабыспалы ішек түйнегінің пайда болу себептері. Науқаста жабыспалы ішек түйнегіне күдік болған жағдайдағы емдеу-диагностикалық іс-шаралар	1
Бауырдың эхинококк кисталарының асқынған түрлері. Клиникасы, диагностикасы. Шұғыл көрсетілімдер, емдеу қағидаттары. Бауыр эхинококкозының асқынған түрлерін емдеудегі жаңа технологиялар	1
Жіті панкреатит. Клиника. Диагностика. Дифференциалды диагностика. Хирургиялық тактика	1
Паренхиматоздық ағзалардың зақымдануымен қоса жүретін ішперде қуысы ағзаларының жабық	

жарақаты. Клиникасы, диагностикасы. Емдеудің дәстүрлі және эндовидеохирургиялық әдістері	2
Қуыс ағзаның зақымдануымен қоса жүретін ішперде қуысы ағзаларының жабық жарақаты. Клиника, диагностика. Емдеу әдістері. АГЖ-дағы бөгде заттар . Клиникасы, диагностикасы. Дифференциалды диагностика. Хирургиялық тактика	2
Тік ішектің төмен түсуі, парапроктит. Клиникасы, диагностикасы. Консервативті және операциялық емдеу	1
Көптеген жарақаты бар науқастарды диагностикалау және емдеу тактикасы	2
Балалардағы жіті аппендициттің ерекшеліктері. Құрт тәрізді өсіндінің анатомиялық орналасу түрлері (клиникасы, диагностикасы). Дифференциалды диагностика. Хирургиялық тактика. Емдеу. Жіті аппендицит диагнозы бар науқастарды қарап-тексеру және зерттеп-қарау әдістемесі. Жіті аппендицитті емдеудегі эндовидеохирургия. Асқынулар	3
Қысылған жарықтар: ішпердеішілік, шап, сан және т.б. Клиника. Диагностика. Балалардағы қысылған жарықтарды дифференциалды диагностикалау. Өртүрлі орналасқан қысылған жарықтарды операциялық емдеу әдістері	3
Бассүйекішілік ауыр зақымдануы бар науқастарды диагностикалау және емдеу тактикасы	3
Ірінді-қабынбалы аурулары бар науқастарды диагностикалау және емдеу тактикасы	4
Жоғарғы зәр жолдарының жарақаты бар науқастарды диагностикалау және емдеу тактикасы	3
Төменгі зәр жолдарының жарақаты бар науқастарды диагностикалау және емдеу тактикасы	3
Электрден болған жарақаты бар науқастарды диагностикалау және емдеу тактикасы	3
Үсік шалған науқастарды диагностикалау және емдеу тактикасы	3
Өңештің химиялық күйігі. Өңештің химиялық күйігі бар науқастарды диагностикалау және емдеу тактикасы	3
Сіңірлері мен тамыр-нерв өрімдері зақымданған науқастарды диагностикалау және емдеу тактикасы	3
Үсік шалған науқастарды диагностикалау және емдеу тактикасы	3
Өкпенің іріндеген эхинококк ауруын емдеу қағидаттары, диагностикасы, клиникасы	3
Бауыр эхинококк ауруын емдеу қағидаттары, диагностикасы, клиникасы	3

Инфекцияланған күйік кезінде науқастарды қадағалап қарау тактикасы	3
Ішперде қуысы ағзаларының лапаротомиясы мен ревизиясына көрсетілімдер	3
Іріңді хирургия	
Іріңді медиастиниттер. Анатомиялық ерекшеліктері. Этиологиясы. Патогенезі. Клиникалық көріністер. Диагностикасы. Емдеу. Асқынулардың профилактикасы және емдеу. Балалардағы парапроктиттер. Балалардағы бұтаралықтың және аноректальды аймақтың АФЕ. Этиологиясы. Патогенезі. Жіктелуі. Клиникалық көріністері. Диагностикасы. Емдеу. Ықтимал асқынулар және олардың профилактикасы	1
Балалардағы жіті гематогенді остеомиелит. Балалардағы сүйектердің АФЕ. Этиологиясы. Патогенезі. Жіктелуі. Клиника. Дифференциалды диагностика. Емдеу. Асқынулар	3
Балалардағы іріңді артриттер. Клиникасы. Диагностикасы. Емдеу	3
Дуглас кеңістігінің ішекаралық диафрагмаасты абсцесстері. Этиология. Патогенезі. Клиника. Диагностика. Емдеу. Консервативтік және операциялық араласуға көрсетілімдер. Асқынулар	3
Паранефриттер, ішперде артындағы флегмона. Этиологиясы. Клиникасы. Диагностикасы. Операциялық араласу техникасы, ішперде қуысының абсцесстерін дренаждау әдістемесі	3
Іріңді хирургиялық инфекция. Этиологиясы, Патогенездің қазіргі заманғы мәселелері, Диагностика. Емдеу принциптері	4
Терінің және тері асты талшығының жіті іріңді аурулары. Лимфаденит. Аденофлегмона. Фурункул. Көршиқан. Жұмсақ тіндердің флегмонасы. Клиникасы және патоморфологиялық өзгерістер. Диагностика. Ықтимал асқынулар. Жалпы және жергілікті емдеу. Тілме қабынбасы. Этиологиясы, клиникалық көріністер, емдеу, профилактикасы, асқынулар	4
Созылмалы остеомиелит. Остеомиелиттің типтік емес формалары. Клиникасы. Диагностикасы. Емдеу	4
Остеомиелиттің типтік емес формалары	3
Қайталама тігістер. Іріңді жараларды емдеу кезінде антисептик құралдарды таңдау. Физиотерапиялық емдеу әдістері	4
Қолдың іріңді аурулары. Панарициялар. Жіктеу, диагностикасы, ауырсынуды басу әдістері, қолға іріңнің таралу жолдары, физиотерапиялық емдеу әдістері. Қол флегмонасы. Диагностика. Емдеу	4
Торакальды хирургия	

Өкпе секвестрациясы, туа біткен кисталар, туа біткен үлестік эмфизема. Консервативті және операциялық емдеу	3
Өңеш пен асқазанның жарақаттары: бөгде заттар, Меллори-Вейс синдромы	3
Өңеш дамуының кемістіктерін диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы қағидаттары (өңештің атрезиясы, трахеоөңештің жыланкөзі)	3
Өңеш дамуының кемістіктерін диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы қағидаттары (ахалазия, кардия халазиясы, туа біткен қысқа өңеш, дивертикул және өңештің қосарлануы)	3
Балалардың кеуде ағзаларын зерттеудің және диагностикалаудың жаңа әдістері. Балалардағы өкпенің даму кемістіктерін дифференциалды диагностикалау (агенезия, аплазия, гипоплазия). Консервативті және операциялық емі	3
Туа біткен диафрагмалық жарықтар. Клиникасы, диагностикасы, емдеу	3
Балаларда өкпенің созылмалы қабынбалы аурулары. Бронхоэктазия, балалардағы осы патология клиникасының, диагностикасының, емдеудің ерекшеліктері	3
Кеуденің травмалары мен жарақаттары. Травмалық асфиксия, өкпенің соғылуы. Жарақаттық диафрагмалық жарықтар. Кеуде қуысының жаралануы (ішіне кірген, ішіне кірмеген). Клиникасы, диагностикасы, кезек күттірмейтін терапия, емдеу қағидаттары. Өңеш күйігі мен оның асқынуларын диагностикалаудың қазіргі заманғы әдістері мен емдеу қағидаттары	3
Балаларды өкпенің және плевраның жіті іріңді-қабынбалы аурулары (өкпе-плевралық асқынулар). Клиникасы, диагностикасы. Осы ауруларды кешенді консервативті және шұғыл емдеу	3
Балаларда өкпенің және плевраның жіті іріңді-қабынбалы аурулары (плевралдық асқынулар) . Клиникасы, диагностикасы. Осы ауруларды кешенді консервативті және шұғыл емдеу	3
Балаларда медиастиниттерді диагностикалау мен емдеудің негізгі әдістері	3
Емханадағы балалар хирургиясы	
Емхананың хирургиялық кабинетінің жұмысын ұйымдастыру. Регламенттеуші құжаттар. Диспансерлік байқаудың қағидаттары және оны ұйымдастыру	4
Балалардың жарақаттануы және оның профилактикасы	4

Жұмсақ тіндердің зақымдануы. Тері мен жұмсақ тіндердің қатерсіз ісіктері	4
Тірек-қимыл аппаратының аурулары бар балаларды амбулаториялық жағдайда оңалту қағидаттары	4
Ұзын түтікшелі сүйектердің сынуы: сүйекқапастының шытынауы, остеоэпифизиолиздер	4
Кәріжілік басының таюы. Қолдың ұсақ буындарының жарақаттық шығуы	4
Асқазан-ішек жолындағы бөгде заттар	4
Тілме қабынбасы. Панарициялар. Омфалиттер. Қысқа жүгеншік. Дермоидты кисталар	4
Жұмсақ тіндердің абсцестері мен флегмоналары. Лимфадениттер, лимфангоиттер, аденофлегмоналар. Фурункулдар, карбункулдар	4
Жіті ұма синдромы. Фимоз. Орхоэпидидимит. Орхит. Атабездің жарақаты	4
Травматология және ортопедия	
Сирақ сүйектерінің сынуын емдеу тактикасы. Консервативті және операциялық емдеу әдістеріне көрсетімдер: Илизаров аппаратын салуға, қаңқаны созуға, жабық репозицияға көрсетімдер	3
Сан сүйегінің сынуы, біліктілігі, емдеу тактикасы. Сан мойнының сынуы, клиника, диагностика, емдеу тактикасы, операциялық емдеу көрсетімдері	3
Сирақ сүйектерінің буын ішіндегі, сан сүйегінің эпифиздерінің сынықтары, артротомиялық диагностика және емдеу	3
Балалардағы жамбас сүйектерінің сынуы. Жіктелуі. Жамбас сүйектерінің асқынған сынықтары кезіндегі шокқа қарсы іс-шаралар	3
Аяқ басының сүйектерінің сынуы. Клиника. Диагностика. Емдеу	3
Омыртқаның жарақаттық зақымдануы. Мойын, кеуде және бел бөліктеріндегі жарақат кезіндегі клиникалық көріністің ерекшеліктері. Жұлыны зақымданған науқастарды емдеу тактикасы	3
Сүйектердің патологиялық сынуы. Аяқ басының сынуы. Диагностика. Емдеу	3
Бассүйек-мидың қатар келген жарақаты. Бассүйек-мидың қатар келген жарақаттары кезіндегі хирургиялық тактика	3
Күйік ауруы. Жіктелуі. Патогенез, патогенетикалық емдеу. Терінің терең зақымдануы кезінде ерте және кейінге қалдырылған некрэктомияға көрсетілімдер	3
Аралас жарақат, хирургиялық тактика. Қаңқаның аралас зақымдануы. Түсінік. Хирургиялық тактика	3
Қосарласқан жарақат, хирургиялық тактика. Түсінік. Клиника. Диагностика. Хирургиялық тактика	3

Аяқ пен қолдың ашық сынықтары бар науқастарды диагностикалау және емдеу тактикасы	3
Балалардағы қисық мойынды генезіне байланысты хирургиялық емдеудің қазіргі заманғы әдістері, операциялық емдеуге жасына қарай көрсетімдер, болжам	3
Кеуденің құйғы тәрізді деформациясын диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы әдістері. Қаңқаның жүйелі аурулары. Жіктеу, диагностика. Емдеу принциптері	3
Сүйектердегі дисплазиялық процестер. Жалпы мәліметтер. Хондродистрофия. Остеоплазиялар. Гиперстоздар. Балалардағы остеохондропатиялар. Аурулардың этиологиясы, патогенезі, неғұрлым жиі кездесетін жері, консервативті емдеу, хирургиялық емдеуге көрсетімдер	3
Дене мүсіні туралы түсінік, патологиялық мүсін түрлері, емдеу, профилактика. Сколиоздар - патологиялық мүсіннің ауыр түрі ретінде. Этиология. Жіктелуі. Емдеу әдістері. профилактика. Кифоз	3
Балаларға ортопедиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Ортопедиялық патологиясы бар балаларды зерттеп-қарау әдістемесі. Балалардағы ортопедиялық ауруларды этиологиялық және анатомиялық факторлар бойынша жіктеу, оларды балалардың анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері тұрғысынан емдеу қағидаттары	4
Балалар жарақаты. Емхана және стационар жағдайында жарақат алған балаларды емдеуді ұйымдастыру	4
Балалардағы бассүйек-ми жарақаты. Жіктелуі, диагностика, хирургиялық тактика. Ерте жастағы балалардың бассүйек-ми жарақаттарының ерекшеліктері. Мидың жарақаттық ауруы	4
Иық сүйегінің сынуы. Жіктелуі. Дифференциалды диагностика. Емдеу тактикасы	4
Білек сүйектерінің сынуы. Жіктелуі. Дифференциалды диагностика. Шынтақ буыны сүйектерінің жарақаттары. Емдеу тактикасы. Монтеджи, Галлеаци сынықтары кезіндегі емдеу тактикасы	4
Жарақаттық шығулар	4
Қол басы мен саусақтардың даму ауытқуларын жіктеу, операциялық емдеу мерзімдерінің жасына қарай көрсетімдері. Синдактилия. Полидактилия. Қолдың туа біткен жарылуы. Туа біткен саусақтарының болмауы. Саусақтардың туа біткен контрактуралары. Қол басы буынының туа біткен деформациялары	4

Туа біткен маймақтықты емдеудің қазіргі әдістері. Операциялық емдеу көрсетімдері. Операциялық емдеу мерзімдері	4
Балалардағы жамбас буындарының туа біткен патологиясын ерте диагностикалау және консервативті емдеу әдістері. Профилактика және диспансерлеу. Ұршықтың туа біткен шығуы бар балаларды емдеудің хирургиялық әдістері. Операция алдындағы дайындық және операциядан кейінгі оңалту, болжам	4
2 жастан асқан балаларда ұршықтың туа біткен шығуы. Клиника. Диагностика. Профилактика және диспансерлеу. Емдеудің хирургиялық әдістері	4
Соха Vaga. Этиология, патогенез. Клиника, дифференциалды диагностика. Хирургиялық емдеу әдістері	4
Соха Valga. Этиология, патогенез. Клиника, дифференциалды диагностика. Хирургиялық емдеу әдістері	4
Жаңа туған нәрестелер хирургиясы	
Жаңа туған нәрестелерге хирургиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Перзентхана дәрігерінің тактикасы. Тасымалдауды ұйымдастыру. Жаңа туған нәрестелердің туа біткен даму кемістіктерін зерттеп-қараудың қазіргі әдістері мен операциялық араласу мерзімдері. Жаңа туған нәрестелердің қарқынды терапиясының ерекшеліктері	4
Бет скелетінің даму кемістіктері: макроглоссия, колобома, Пьер-Робин синдромы, ранула, жоғарғы және төменгі еріннің қоянжырығы, таңдайдың жырығы	1
Ми скелеті мен омыртқаның даму кемістіктері мен аурулары (бассүйек-ми жарығы, гидроцефалия, краниостеноз, жұлын жарығы). Клиника, диагностика, емдеу	1
Жаңа туған нәрестелердің туылу барысындағы жарақаты. Этиология, жарақаттар ағымының ерекшеліктері. Клиника, диагностика, емдеу тактикасы, туылу барысындағы жарақаттардың салдары	1
Эмбриондық жарықтар, гастрошизис. Клиника, емдеу. Жарықтың көлеміне және ішперде қуысының толық дамымауына байланысты эмбриондық жарықтарды емдеудің қазіргі заманғы әдістері	1
Өттүтіктің және қуық түтігінің аномалиясы. Өт жолдарының даму кемістіктерін дифференциалды диагностикалау және емдеу тактикасы. Өт жолдарының даму кемістіктерін дифференциалды диагностикалау және емдеу тактикасы. Клиника. Диагностика. Диф.диагностика. Тактика	1

Тоқ ішектің даму кемістігі. Аноректалды кемшіліктер	1
Жаңа туған нәрестелерде перитониттерді диагностикалау мен емдеудің қазіргі заманғы қағидаттары	3
Нәрестелерде туа біткен жоғары іштүйнектің клиникасының, диагностикалаудың және емдеудің ерекшеліктері	3
Нәрестелерде туа біткен төмен іштүйнектің клиникасының, диагностикалаудың және емдеудің ерекшеліктері. Туа біткен пилоростенозды диагностикалау мен емдеудің қазіргі әдістері	3
Жаңа туған нәрестелерде терісінің және тері шелмайының іріңді-қабынбалы ауруларын емдеудің қазіргі заманғы қағидаттары	3

Ескертпе:

***Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, емшараларды меңгеру деңгейлері**

Меңгеру деңгейі	Сипаттама
1	Дағдының/емшараның қалай орындалатынын біледі және түсінеді
2	Симуляциялық орталықтағы техникалық бөлімде оқытушының басшылығымен дағдыны (емшараны) орындайды
3	Денсаулық сақтау ұйымында оқытушының/тәлімгердің тікелей бақылауымен дағдыны (емшараны) орындайды
4	Денсаулық сақтау ұйымында оқытушының/тәлімгердің жанама бақылауымен дағдыны (емшараны) орындайды.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2023 жылғы 9 қаңтардағы
№ 4 бұйрығына
4-қосымша

Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары

1 тарау. Резидентура білім беру бағдарламасының төлқұжаты

1. Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша Резидентураның үлгілік оқу бағдарламасы "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 14-бабының 8-тармағына, "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28916 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен және "Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша

мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 28716 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау саласындағы жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

2. Резидентурада медициналық мамандарды даярлау денсаулық сақтау саласын білікті мамандармен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

3. Резидентураның білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін алдыңғы білім деңгейі – базалық медициналық білім, жоғары медициналық білім, интернатураның немесе "Дәрігер" біліктілігін растайтын құжаттың болуы.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2023 № 164 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Резидентураның үлгілік білім беру бағдарламалары теориялық және клиникалық дайындықты, аралық және қорытынды аттестаттауды қамтиды.

Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру осы бағдарламаға 1-49, 2-1, 3-1, 7-1, 11-1, 12-1, 13-1, 18-1, 21-1, 29-1, 30-1, 35-1, 37-1, 42-1, 48-1, 51, 52-қосымшаларға сәйкес тиісті мамандық бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен оқыту нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

Резидент-дәрігерлердің клиникалық практикасы тиісті мамандық бойынша ауылдық, қалалық, облыстық және республикалық денсаулық сақтау ұйымдарында жалпы ұзақтығы осы Үлгілік оқу бағдарламасына 50 және 50-1-қосымшаларда көрсетілген мерзімдерден кем емес жоспарланады және ұйымдастырылады.

Медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдары, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдары пәндерге (модульдерге) байланысты резидент-дәрігердің клиникалық практикасының кезеңділігін дербес айқындайды, бұл ретте резидент-дәрігердің клиникалық практикасы пәндерді (модульдерді) игеру шеңберінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

5. Клиникалық даярлыққа басшылық жасау үшін ұйым белгілеген тәртіппен клиникалық тәлімгерлер тартылады.

6. Резиденттердің оқу жетістіктерін бағалау бақылау мен аттестаттаудың нысандарымен жүзеге асырылады және оларды ұйым дербес айқындайды.

7. Дәрігер-резиденттердің аралық аттестаттауы Қазақстан Республикасының медициналық білім беру және ғылыми ұйымдарында ғылыми (әдістемелік) кеңесі бекіткен нысандағы академиялық күнтізбеге және жұмыс оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін аралық аттестаттау қорытындылары негізінде ұйым басшысының бұйрығымен дәрігер-резиденттерді курстан курсқа ауыстыру жүзеге асырылады. Осы мақсатта ауысу баллы анықталады.

8. Дәрігер-резиденттерде қорытынды аттестаттау "Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілмінде № 21763 болып тіркелген) Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларына сәйкес жұмыс оқу жоспарында және академиялық күнтізбеде көзделген мерзімдерде жүргізіледі.

Қорытынды аттестаттауға жеке оқу жоспарының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған дәрігер-резиденттер жіберіледі.

9. Жеке оқу жоспарының талаптарын орындамаған, белгіленген ауысу балын жинай алмаған дәрігер-резиденттер жазғы семестрден өтпей, қайта оқу жылына қалдырылады. Қайта оқу жылы ақылы негізде ұйымдастырылады.

10. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі базалық құзыреттіліктерді қалыптастыруды қарастырады.

Резидентураның негізгі құзыреттері білім алушылардың қабілеттерін сипаттайды:

1) пациентті бақылау: клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, емдеу жоспарын тағайындай алады және медициналық көмектің барлық деңгейлерінде дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалай алады;

2) коммуникация және ынтымақтастық: пациент үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында пациентпен, оның қоршаған ортасымен, медицина қызметкерлерімен тиімді өзара әрекеттесе білу;

3) қауіпсіздік және сапа: тәуекелдерді бағалай білу және медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдана білу;

4) халық денсаулығы: өз мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде әрекет ете алады, төтенше жағдайлар кезінде негізгі көмек көрсете алады, азаматтардың денсаулығын нығайту саясатын іске асыру үшін кәсіпаралық ұжымдар құрамында жұмыс істей алады. ұлт;

5) зерттеушілік: адекватты зерттеу сұрақтарын құрастыра алады, кәсіби әдебиеттерге сыни баға бере алады, өзінің күнделікті қызметінде халықаралық деректер қорын тиімді пайдалана алады, ғылыми топ жұмысына қатысады;

6) оқыту және дамыту: өз бетінше білім алуға және кәсіби ұжымның басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына белсенді қатысу.

Медициналық және
фармацевтикалық
мамандықтар бойынша жоғарғы
оқу орнынан кейінгі білім
берудің үлгілік оқу
бағдарламасына
I-қосымша

"Акушерия және гинекология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша резидентураның үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2023 № 164 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бағдарламаның жылдармен ұзақтығы: 3 жыл

Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілігі: Ересектердің, балалардың акушер-гинеколог дәрігері

№р/с	Пәндер / модульдердің атауы	Кредит саны
1	Кәсіптік пәндер циклы	208
1)	Міндетті компонент	200
	Амбулаторлы акушерия	27
	Стационардағы акушерия	63
	Амбулаторлы гинекология	25
	Стационардағы гинекология	38
	Балалар гинекологиясы мен жыныстық денсаулық	17
	Репродуктивті медицина және бедеулік	17
	Онкогинекология	13
2)	Таңдау бойынша компонент	8
2	Қорытынды аттестаттау	2
	Барлығы	210

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Диагностикаға және емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізбесі
1.	Жүктілік диагностикасы

2.	Босану кезеңдері
3.	Алдыңғы және артқы шүйдемен келу түрімен босану
4.	Босанудың ағымы мен жүргізілуі
5.	Босанудың үшінші кезеңінің жүргізілуі
6.	Босанудан кейінгі кезңінің жүргізілуі
7.	Ұрықтың жамбасымен орналасуындағы жүктілік пен босану
8.	Көп ұрықты жүктілік
9.	Өзіндік түсік.Кезеңдері
10.	Септикалық түсік
11.	Жүктілікті көтере алмаушылық
12.	Мерзімінен бұрын босану
13.	Күні асқан жүктілік
14.	Жүрек-қан тамыр жүйесінің ауруларымен жүктілік және босану
15.	Тыныс алу мүшелерінің ауруларымен жүктілік және босану
16.	Бүйрек,несеп-жыныс мүшелерінің ауруларымен жүктілік және босану
17.	Қаназдық пен жүктілік
18.	Жүйке жүйесінің ауруларымен жүктілік пен босану
19.	Көру мүшелерінің ауруларымен жүктілік пен босану
20.	Аскорыту мүшелерінің аурулары мен жүктілік пен босану
21.	Туа және жүре пайда болған тромбофилиямен жүктілік пен босану
22.	Қант диабетімен жүктілік және босану
23.	Жыныстық жолмен берілетін аурулармен жүктілік және босану
24.	Туберкулезі бар әйелдерде жүктілік пен босану
25.	Жатыр миомасы бар әйелдерде жүктілік пен босану
26.	Аналық безінің түзілістері бар әйелдерде жүктілік пен босану
27.	Жыныс мүшелерінің туа пайда болған даму ақаулары бар әйелдерде жүктілік пен босану
28.	Инфантилизмді әйелдерде жүктілік пен босану
29.	Жатыр мойнының қатерлі ісігі бар әйелдерде жүктілік пен босану
30.	Жүктілер токсикозы
31.	Гестационды гипертензия
32.	Презклампсия
33.	Эклампсия
34.	Ұрықтың туа пайда болған ақаулары

35.	Ұрық дистрессі
36.	Ұрықтың құрсақішілік инфекциялары
37.	Ұрықтың дамуының ақаулары
38.	Қағанақ суының аздығы
39.	Қағанақ суының көптігі
40.	Кіндіктің ақаулары
41.	Ірі ұрық
42.	Иықтар дистоциясы
43.	Кіндік бауының төмен түсуі
44.	Ұрық басының асинклитикалық келуі
45.	Ұрықтың көлденең және қиғаш орналасуы
46.	Ұрықтың алдыңғы төбемен келуі
47.	Ұрықтың маңдайымен келуі
48.	Босану қызметінің ақаулары
49.	Жүктіліктің кеш мерзіміндегі қан кетулер
50.	Босанудың үшінші кезеңінің патологиясы
51.	Босанудан кейінгі кезең патологиясы
52.	Анасының босану жарақаттары
53.	Вульва, қынап және аралық жыртылыстары
54.	Жатыр мойнының жыртылысы
55.	Жатыр жыртылуы
56.	Кесар тілігі отасынан және жатырға жасалынған отадан кейінгі тыртығы бар жүктілік пен босануды жүргізу
57.	Жатырдың айналып кетуі
58.	Босанудан кейінгі жыланкөздер
59.	Қасаға буынының ажырауы мен жыртылуы
60.	Гемостаз жүйесінің тұқымқуалаушылық ақаулары
61.	Геморрагиялық шок
62.	Қанның шашыранды ұю синдромы
63.	Қағанақ суымен эмболия
64.	Ерте неонатальды кезеңде жаңа туған нәрестелер жағдайының ерекшеліктері
65.	Жаңа туған нәрестелер аурулары мен шекаралық жағдайлары
66.	Жаңа туған нәрестелердің транзиторлы жағдайлары
67.	Ерте неонатальды кезеңде жаңа туған нәрестелердің аурулары
68.	Жаңа туған нәрестелердің инфекционды аурулары
69.	Жаңа туған нәрестелердің гемолитикалық аурулары
70.	Тыныс алу жүйесінің бұзылыстарының синдромдары
71.	Хориоамнионит

72.	Босанудан кейінгі жара
73.	Босанушы әйелдердің босанудан кейінгі депрессиясы
74.	Босанудан кейінгі эндометрит
75.	Кесар тілігі отасынан кейінгі оталық жараның инфекциясы
76.	Босанудан кейінгі мастит
77.	Сепсис, септикалық шок
78.	Акушерлік перитонит
79.	Сыртқы жыныс мүшелерінің фонды аурулары: вульва лейкоплакиясы, крауроз, эритроплакия.
80.	Жатыр мойнының фонды аурулары: эрозия, полиптер, лейкоплакия, эритроплакия, эктропион, цервицит, тыртықты деформация.
81.	Жатыр мойнының обыралды аурулары: дисплазия, атипиялық лейкоплакия
82.	Эндометрийдің гиперпластикалық процесстері мен обыралды аурулары.Безді және безді-кистозды гиперплазия.Эндометрий полиптері. Атипиялық безді гиперплазия.
83.	Жатырдың қатерсіз ісіктері.Жатыр миомасы.
84.	Аналық бездер кистомалары
85.	Жатыр мойнының қатерлі ісігі
86.	Жатыр денесінің қатерлі ісігі
87.	Жатыр саркомасы
88.	Хорионэпителиома
89.	Аналық бездер қатерлі ісіктері
90.	Эндометриоз
91.	Сыртқы жыныс мүшелерінің қабыну аурулары. Вульвит
92.	Бартолинит
93.	Эндометрит
94.	Жатыр қосалқыларының қабыну аурулары
95.	Параметрит
96.	Жыныс мүшелерінің арнамалы қабыну аурулары.Жыныс мүшелерінң туберкулезі
97.	Жыныстық жолмен берілетін жыныс мүшелерінің қабыну аурулары
98.	Эктопиялық жүктілік
99.	Аналық без апоплексиясы
100.	Аналық безінің ісіктерінің аяқшаларының айналып кетуі
101.	Жатырдың миоматозды түйінінің айналып кетуі және некрозы

Практикалық дағдыларды, манипуляцияларды, емшараларды меңгеру

№	Ота/ емшара/техника	Дағдылардың саны
1.	Арнайы гинекологиялық зерттеу	100
2.	Сыртқы акушерлік зерттеу	100
3.	Ішкі акушерлік зерттеу	100
4.	Гравидограмма толтыру	50
5.	Партограмма толтыру	50
6.	Бишоп шкаласы бойынша жатыр мойнының жетілуін анықтау	50
7.	Амниотомия жүргізу	30
8.	Физиологиялық босануды қабылдауда акушерлік әдістер	20
9.	Жаңа туған нәрестенің жағдайын Апгар шкаласы бойынша бағалау	20
10.	Жаңа туған нәрестелердің алғашқы реанимациясы	10
11.	Физиологиялық жүкілік барысында жеке алмасу картасын толтыру	10
12.	Босану барысында ұрық басының кіші жамбастың жазықтықтарында орналасуын анықтау	10
13.	Босанудың үшінші кезеңін белсенді жүргізу	20
14.	Кеткен қан мөлшерін анықтау (гравиметриялық, визуальды)	20
15.	Ана сүтімен тамақтандыру бойынша кеңес беру	20
16.	Микроскопияға қынаптың тазалық дәрежесіне жағынды алу	30
17.	Онкоцитологияға цервикальды жағынды алу (РАР- жағынды / сұйықтық)	30
18.	Физиологиялық босану тарихтарын толтыру	10
19.	Эпизиотомия	10
20.	Эпизиорафия	10
21.	Қынаптың жыртылыстарын тігу	10
22.	1, 2 дәрежелі аралықтың жыртылыстарына тігіс салу	10
23.	Жатырішілік спиральды енгізу	20
24.	Жатырішілік спиральды алып тастау	20
25.	Сүт бездерін қарау және пальпациялау	50

26.	Кольпоскопия жүргізу	10
27.	Кесар отасы кезінде ассистенциялау	30
28.	Вакуум-экстракция кезінде ассистенциялау	5
29.	Жатыр бимануальды компрессиясы	5
30.	Жатырдың баллонды тампонадасы	5
31.	Кесар тілігі	10
32.	Ұрықтың таза-жамбасымен келудегі әдісі (егіз жүктілікте екінші ұрықтың)	5
33.	Көп ұрықты жүктілікте босанудың 2-ші кезеңін жүргізу	5
34.	Жатыр бимануальды компрессиясы	5
35.	Жатырдың баллонды тампонадасы	3
36.	Классикалық қол әдісі	3
37.	Жатыр қуысын қол әдісімен тексеру	5
38.	Фантомда жатыр қуысына қол әдісімен плацентаны ажырату және шығару	5
39.	Иықтардың дистоциясы кезінде әдістер	5
40.	Ұрықтың вакуум-экстракциясы	5
41.	Шығаберіс акушерлік қысқаштарды салу	3
42.	Қуыстық акушерлік қысқаштар салу	3
43.	Амниотомия	20
44.	Жаңа туған нәрестенің алғашқы минуттарда біріншілік реанимациялау шаралары	10
45.	Қынап жыртылыстарына тігіс салу	10
46.	1, 2 дәрежелі аралықтың жыртылыстарына тігіс салу	10
47.	Эпизиорафия	10
48.	Жатырішілік спиральд енгізу мен алу	10
49.	Фантомда жатыр қуысы мен цервикальды өзекке диагностикалық қыру жүргізу	30
50.	Кольпоскопия жүргізу	10
51.	Биопсия (Punch-биопсия)	10

52.	Жатыр мойнының патологиялық аймағын үлкен ілмекті эксцизиясы	5
53.	Жатыр мойнының диатермокоагуляциясын жүргізу	5
54.	Гистеросальпингография	5
55.	Трансвагинальды және трансабдоминальды ультрадыбыстық зерттеу: эмбрион мен ұрықтың өмірге қабілеті, жүктілік локализациясы (жатырлық және жатырдан тыс), жүктілік мерзімі, бір немесе көпұрықты жүктілік, жатыр мойны ұзындығы, хориальдылығы, фетальды биометрия, ұрықтың келуі, плацента орналасуы, амнион сұйықтығының көлемі	30
56.	Кіндік бауының қанағысының ультрадыбыстық доплерографиясы	20
57.	Жатыр мен қосалқылараның патологиясын ультрадыбыстық зерттеу	20
58.	В-Lynch бойынша жатырға компрессионды тігіс салу	2
59.	О-Лири бойынша жатырлық және аналық безді артерияларын байлау	2
60.	3-ші дәрежелі бұтаралықтың жыртылыстарына тігіс салу	2
61.	Айналып кеткен жатырды енгізу	2
62.	POP-Q бағалау (жатырдың төмен түсуі,қынаптың алдыңғы және артқы қабырғасының пролапсы, ректовагинальды жыланкөз)	10
63.	Қолдаушы пессариялар енгізу (диафрагма/қақпақшалар),күтім	10
64.	Сорғыш немесе тұйық кюреткамен дилатациялау мен кюретаж	10
65.	Бартолоний безінің кистасын ашу	5
66.	Вульва абсцессін хирургиялық ашу	5
67.	Алдыңғы және артқы кольпорафия	10
68.	Диагностикалық гистероскопия	10
69.	Полипті гистероскопиялық резекциялау	3
70.	Лапаротомды сальпинго-овариоэктомия	10

71.	Лапаротомды миомэктомия	5
72.	Лапаротомды тотальды гистерэктомия	5
73.	Лапаротомды косалқыларынсыз жатырдың қынапүстілік ампутациясы	10
74.	Түтіктік тестпен диагностикалық лапароскопия	5
75.	Қарапайым лапароскопиялық адгезиолизис	5
76.	Лапароскопиялық стерилизация	3
77.	Жай кистаның инелік лапароскопиялық аспирациясы	3
78.	Аналық безді лапароскопиялық электрокоагуляциялау	3
79.	Аналық бездің қарапайым лапароскопиялық цистовариоэктомиясы	3
80.	Лапароскопиялық сальпинго-овариоэктомия	3
81.	Лапароскопиялық сальпингостомия, сальпингоэктомия	5
82.	Жатырішілік инсеминация	3
83.	Қыз балалар мен жасөспірімдердің жыныстық дамуын бағалау әдістемесі	20
84.	Қыз балалар мен жасөспірімдерді ректоабдоминальды тексеру	3
85.	Түтіктік тестпен диагностикалық гистероскопия	10
86.	Фантомда дистоция кезінде қолданатын барлық әдістер	10
87.	Плацентаны қол әдісімен ажырату және шығару	1-3
88.	Қынап қабырғаларының жыртылыстарына тігіс салу	20
89.	Фантомда аралықтың 3-ші дәрежелі жыртылысына тігіс салу	20
90.	Жаңа туған нәрестелердің бірінші минуттарда қолданатын алғашқы реанимациясы	1-3
91.	Жатыр бимануальды компрессиясы	1-3
92.	Жатырішілік баллонды тампонада	0-1
93.	B-Lynch бойынша тігіс салу	1-3

94.	О-Лири бойынша жатырлық және аналық бездің артерияларын байлау	1-3
95.	Фантомда қуыстық акушерлік қысқаштарды салу техникасы	10
96.	Фантомда вакуум-экстракция жасау	10
97.	Фантомда жамбаспен келуде босануды жүргізу	10
98.	Фантомда айналып кеткен жатырды енгізу	10
99.	Кольпоскопия (биопсиямен)	10
100.	POP-Q бағалау (жатырдың төмен түсуі,қынаптың алдыңғы және артқы қабырғасының пролапсы, ректовагинальды жыланкөз)	5-10
101.	Диафрагма/қақпақшалар және әрдайым күтім жасау	1-3
102.	Трансвагинальды және трансабдоминальды ультрадыбыстық зерттеу ұрықтың биофизикалық профилі, доплерография)	20
103.	Трансвагинальды және трансабдоминальды ультрадыбыстық зерттеу (жатырішілік патология, жатырдың ,қосалқыларының, аналық безінің даму ақаулары)	5-10
104.	Жатыр мойнын коагуляциялау әдістері	10
105.	Сорғыш немесе тұйық кюреткамен дилатациялау мен кюретаж	1-2
106.	Алдыңғы және артқы кольпорафия	1-2
107.	Гистеросальпингография, гистероскопия	10
108.	Лапароскопиялық стерилизация	1-3
109.	Жатырдан тыс жүктілікті лапароскопиялық алып тастау	1-3
110.	Сальпингостомия немесе сальпингэктомия	1-3
111.	Кистаны хирургиялық алып тастау	1-3
112.	Абсцессті хирургиялық емдеу	1-3
113.	Жай кистаның инелік лапароскопиялық аспирациясы	1-3

114.	Аналық бездерді лапароскопиялық электрокоагуляциялау	1-3
115.	Аналық бездердің қарапайым лапароскопиялық цистэктомиясы	1-3
116.	Лапароскопиялық сальпинго-оофорэктомия	1-3
117.	Лапаротомия көмегімен сальпинго-оофорэктомия	1-3
118.	Полипті гистероскопиялық резекциялау	1-3
119.	0-1 (<4 см) типті миоманы гистероскопиялық резекциялау	1-3
120.	Лапаротомия көмегімен субсерозды миоманың миомэктомиясы	1-3
121.	Қарапайым лапароскопиялық адгезиолизис	1-3
122.	Минимальды адгезиолизис лапаротомиясы	1-3
123.	Түтіктік тестпен диагностикалық лапароскопия	10
124.	Фолликулаларды есептеу және өлшеу арқылы трансвагинальды ультрадыбыстық зерттеу жүргізу	10
125.	Фолликулаларды және іш қуысының сұйықтығын бағалау мен трансвагинальды ультрадыбыстық зерттеу жүргізу	10
126.	Түтіктік тестпен диагностикалық гистероскопия	10
127.	Қан және каналмастырушылар трансфузиясы	3-5
128.	Қыз балалар мен жасөспірімдерді жалпы және гинекологиялық тексеру	5
129.	Ұрыққа кардиотокографияны интерпретациямен жүргізу	20

Медициналық және
фармацевтикалық
мамандықтар бойынша жоғарғы
оқу орнынан кейінгі білім
берудің үлгілік оқу
бағдарламасына
2-қосымша

**"Аллергология және иммунология (ересектер, балалар)" мамандығы бойынша
резидентураның үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы**

Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 10.11.2023 № 164 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Бағдарламаның жылдармен ұзақтығы: 2 жыл

Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік: Ересектердің және балалардың аллерголог иммунолог- дәрігері

№ р /с	Пәндер / модульдердің атауы	Кредит саны
1	Кәсіби пәндер циклі	138
1)	Міндетті компонент	134
	Клиникалық иммунология және амбулаториялық-емханалық аллергология, ересектердің (Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетудегі клиникалық иммунология және аллергология, иммундық жүйенің жай-күйін бағалау. Иммунотропты терапия, иммунология мен зертханалық диагностикадағы аллергология)	34
	Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология, ересектер (Иммунология негіздері. Иммуноаппаратты жағдай. Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология. Аллергология, аутоиммундық аурулар. Иммунопролиферативті аурулар)	33
	Клиникалық иммунология және амбулаториялық-емханалық аллергология, балалардың (В а к ц и н а л а р , вакцинопрофилактика. Аллергиялық патологиясы бар балалардың алдын алу, диспансерлік бақылау, оңалту. Балалардағы аллергологиядағы шұғыл жағдайлар)	34
	Стационардағы клиникалық иммунология және аллергология, балалар (Балалар иммунологиясы мен аллергологиясының өзекті мәселелері. Балалардағы аллергиялық аурулардың дифференциалды диагностикасы. Балалардағы аллергиялық ауруларды диагностикалау	33

	қағидалары. Аллергиялық ауруларды емдеудің заманауи әдістері)	
2)	Таңдау бойынша компонент	4
2	Қорытынды аттестаттау	2
	Барлығы	140

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№	Диагностикаға және емдеуге жататын ең көп таралған аурулар мен жағдайлардың тізбесі
1.	Аллергиялық ринит
2.	Бронхиалды астма
3.	Астматикалық статус
4.	Поллиноз
5.	Экзогенді аллергиялық альвеолит
6.	Бөртпелер
7.	Ангио ісіну
8.	Атопиялық дерматит
9.	Тағамдық аллергия
10.	Жәндіктерге аллергия
11.	Латекс аллергиясы
12.	Жанаспалы аллергиялық дерматит
13.	Асқазан-ішек жолдарының аллергиялық аурулары
14.	Аллергиялық гастроэнтероколит
15.	Бейспецификалық ойық жаралы колит
16.	Дәрілік аллергия
17.	Артусоподты реакция
18.	Сарысу ауруы
19.	Стивенс-Джонс синдромы
20.	Уытты эпидермальды некролиз (Лайелл синдромы)
21.	Көп пішінді экссудативті эритема
22.	Анафилактикалық шок
23.	Ферментопатиялар
24.	Аллергиялық бронхопульмональды аспергиллез
25.	Өкпенің эозинофилиясы
26.	Аллергиялық конъюнктивит
27.	Біріншілік және екіншілік иммундық тапшылықтар

Практикалық дағдылар, манипуляциялар, процедуралар

№	Ота/Емшара/техника	Дағдылардың саны
	Аллергология және иммунологиядағы арнайы	

1.	зертханалық зерттеулерді түсіндіру	100
2.	Аллергология және иммунологиядағы аспаптық зерттеу және бақылау әдістерінің мәліметтерін түсіндіру (спирография, пикфлоуметрия)	100
3.	Өмірге қауіпті жағдайларда шұғыл аллергологиялық көмек көрсету: анафилактикалық шок, көмей ісінуі, жедел токсикалық-аллергиялық реакция, астматикалық статус	15
4.	Тері, тері ішілік және қоздырғыштық, аппликациялық, прик-тесттер, тамшылап енгізу, арнайы сынақтар жүргізу	50
5.	Диагностика және емдеу үшін аллергендер өсіру; диагностика үшін гистаминді және аллергияның басқа медиаторларын сұйылту	50
6.	Аллергенге спецификалық иммунотерапия өткізу	10
	Басшылықпен орындау	
7.	Тері, тері ішілік және қоздырғыштық, аппликациялық, прик-тест, тамшылап енгізу, ерекше сынамалар жүргізу	50
8.	Аллергенді арнайы иммунотерапия жүргізу	10
	Интерпретация	
9.	Аллергологиядағы арнайы зертханалық зерттеулерді түсіндіру	100
10.	Аллергологиядағы (спирография, пикфлоуметрия) зерттеу мен бақылаудың аспаптық әдістерінің деректерін түсіндіру	100

Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына
2-1-қосымша

"Аллергология және иммунология (балалар)" мамандығы бойынша резидентураның үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы

Ескерту. Бағдарлама 2-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 30.09.2025 № 100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.09.2025 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

Бағдарламаның ұзақтығы: 2 жыл

Оқуды аяқтағаннан кейін берілетін біліктілік: балалар аллерголог- иммунолог дәрігері

№ р/с	Пәндердің (модульдердің) атауы	Кредиттер саны
1	Бейіндік пәндер циклі	138
1)	Міндетті компонент	134
	"Балалардың амбулаториялық-емханалық клиникалық иммунологиясы және аллергологиясы-1"	70 (*)
	"Балалардың стационардағы клиникалық иммунологиясы және аллергологиясы-2"	64
2)	Тандау компоненті	4
2	Қорытынды аттестаттау	2
	Жиыны	140

*Ескертпе:

Резидент-дәрігердің клиникалық практикасының ұзақтығы медициналық ұйымдар бойынша бөліністе көрсетілген

Көшпелі практика – 3 ай (18 кредит) көлемінде облыстық денсаулық сақтау ұйымдарында өткізіледі

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны

№ р/с	Диагностикалауға және емдеуге жататын кең таралған аурулар мен жағдайлардың тізбесі
1.	Аллергиялық ринит
2.	Бронх демікпесі
3.	Демікпе статусы
4.	Поллиноз
5.	Экзогенді аллергиялық альвеолит
6.	Есекжем
7.	Ангио ісіну
8.	Атопиялық дерматит
9.	Тағамдық аллергия
10.	Жәндіктерге аллергия
11.	Латекс аллергиясы
12.	Жанаспалы аллергиялық дерматит
13.	Асқазан-ішек жолдарының аллергиялық аурулары
14.	Аллергиялық гастроэнтероколит

15.	Бейспецификалық ойықжаралы колит
16.	Дәрілік аллергия
17.	Артюсоподты реакция
18.	Сарысу ауруы
19.	Стивенс-Джонс синдромы
20.	Уытты эпидермальды некролиз (Лайелл синдромы)
21.	Көп түрлі экссудаттық эритема
22.	Анафилактикалық шок
23.	Ферментопатиялар
24.	Аллергиялық бронхөкпелік аспергиллез
25.	Өкпенің эозинофилиясы
26.	Аллергиялық конъюнктивит
27.	Біріншілік және екіншілік иммундық тапшылықтар

Практикалық дағдылар, манипуляциялар, емшаралар

№ р/с	Операция/емшара/техника	Дағдылар саны
1.	Аллергологиядағы және иммунологиядағы арнайы зертханалық зерттеулерді түсіндіреді	100
2.	Аллергологиядағы және иммунологиядағы аспаптық зерттеу және бақылау әдістерінің деректерін түсіндіреді (спирография, пикфлоуметрия)	100
3.	Өмірге қауіп төнген жағдайларда шұғыл аллергологиялық көмек көрсету: анафилактикалық шок, көмей ісінуі, жедел уытты-аллергиялық реакция, демікпе статусы	15
4.	Тері, тері ішілік және қоздырғыштық, аппликациялық, прик-тесттер, тамшылап енгізу, арнайы сынақтар жүргізу	50
5.	Диагностика және емдеу үшін аллергиялар өсірі; диагностика үшін гистаминді және аллергияның басқа медиаторларын дайындау	50
6.	Аллерген спецификалық иммунотерапия жүргізу	10
7.	Тері, тері ішілік және қоздырғыштық, аппликациялық, прик-тест, тамшылап енгізу, ерекше сынамалар жүргізу	50
8.	Аллерген спецификалық иммунотерапия жүргізу	10

9.	Аллергологиядағы арнайы зертханалық зерттеулерді түсіндіру	100
10.	Аллергологиядағы (спирография, пикфлоуметрия) зерттеу мен байқаудың аспаптық әдістерінің деректерін түсіндіру	100

Дәрігер-резиденттің клиникалық практикасының ұзақтығы медициналық ұйымдар бөлінісінде

Ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарында (АОА, КБАА төмен емес) – 1 (12)

Облыстық денсаулық сақтау ұйымдарында – 3 (18)

Медициналық және
фармацевтикалық
мамандықтар бойынша жоғарғы
оқу орнынан кейінгі білім
берудің үлгілік оқу
бағдарламасына
3-қосымша

